

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚЫЗЫЛОРДА
ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «Ә.ҚҰДАБАЕВ АТЫНДАҒЫ №197 ҚАЗАҚ ОРТА
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

**«Ә.ҚҰДАБАЕВ АТЫНДАҒЫ №197 ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

МАЗМҰНЫ

- I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ**
- II. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ**
- III. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ**
- IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС**
- V. ОҚУ МАТЕРИАЛДЫҚ АКТИВТЕР**
- VI. АҚПАРАТТЫҚ РЕСУРСТАР ЖӘНЕ КІТАПХАНА ҚОРЫ**
- VII. БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМІН БАҒАЛАУ**
- VIII. БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНЕ ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ЖӘНЕ БАСҚА
РЕСПОНДЕНТТЕРДІҢ САУАЛНАМАСЫ**
- IX. КЕМШІЛІКТЕР МЕН ЕСКЕРТУЛЕР, ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**
- X. ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР**

I. БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

1	Білім беру ұйымының толық атауы: «Қызылорда облысының білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімінің «Ә.Құдабаев атындағы №197қазақ орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2	Білім беру ұйымының орналасқан жері (занды мекен-жайы және нақты орналасқан жерінің мекен-жайы): Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Сағадат Нұрмағанбетов көшесі 1 Б, Индекс: 120012
3	Занды тұлғаның байланыс деректері: (телефон, электронды почта, web-сайт) 8(7242) 24-36-17 kbi197@mail.ru https://kyzl-sh197.edu.kz
4	Занды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т.А.Ә және лауазымға тағайындау бұйрығының көшірмесі қоса берілді): Акшалов Еркін Кенжебаевич тел: 8 705 951 95 36, akshalov-erkin@mail.ru Лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың берілген күні: 05.01.2022 ж №08ж/қ бұйрық.
5	Құқық беруші және құрылтайшы құжаттары (жарғының және занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің көшірмесі қоса берілді) Жарғының берілген күні: Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасының 12желтоқсан2022 жылғы №01-17-386 бұйрығы Занды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы: 21.02.2021 ж. БИН №980240002631. Алғашқы тіркелген күн: 16.02.1998 жыл
6	Рұқсат етуші құжаттар. Лицензия және оған қосымша Лицензияның берілген күні: 06.08.2025 ж.KZ59LAM00008934 Алғаш берілген күн: 25.12.2002 ж. Лицензиар: « Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің Қызылорда облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті» мемлекеттік мекемесі

II. КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ТАЛДАУ

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін сақтау.

Бағалау нәтижелері:

«Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі» КММ-і оқу жұмыс жоспарының пәндеріне сәйкес тиісті бейіндері бойынша педагогикалық білімі бар педагогтер жұмыс жасайды. Соңғы оқу жылындасандық құрам бойынша мектептің педагогикалық кадрлары:

2022-2023 оқу жылында -115 педагог, оның ішінде 110 мұғалім, (психолог-2, кітапханашы-2, дефектолог-1, әлеуметтік педагог-1, тәлімгер-1, бағдарламашы-1)

2023-2024 оқу жылында – 112 педагог, оның ішінде 108 мұғалім, педагогқа теңестірілген мамандар-8 (психолог-2, кітапханашы-2, дефектолог-1, әлеуметтік педагог-1, тәлімгер-1, бағдарламашы -1)

2024-2025 оқу жылында – 116 педагог, оның ішінде 111 мұғалім, педагогқа теңестірілген мамандар-8 (психолог-2, кітапханашы-2, дефектолог-1, әлеуметтік педагог-1, тәлімгер-1, бағдарламашы -1) инклюзив кабинет педагог-ассистенттері -1, (оқу жылдарының басы). Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 7-қосымшасына сәйкес бағаланатын кезеңдер бойынша «Педагог және оқытушы кадрлармен жасақталуы туралы мәліметтер» кестесі толтырылған.

ҚР оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 24 қарашадағы №473 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде №30721 тіркелген) сәйкес негізгі жұмыс орны лицензиат болып табылатын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі педагогтердің жалпы санына бағаланатын кезеңдер 2022-2023 оқу жылында **бастауыш сыныптарда** педагогтардың жалпы үлесі **50** пайыз, жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі бойынша 47 пайыздық көрсеткішті құрады. 2023-2024 оқу жылы бойынша **бастауыш** сыныптарда педагогтардың жалпы үлесі **68 пайыз**, жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі бойынша 45 пайыздық көрсеткішті құрады. 2024-2025 оқу жылы бойынша **бастауыш** сыныптарда педагогтардың жалпы үлесі 43 пайыз, жоғары және бірінші санатты педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің, педагог-шеберлердің **негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіндегі** педагогтердің жалпы санынан үлесі бойынша 40 пайыздық көрсеткішті құрады.

Қорытынды: 2024-2025 оқу жылында білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары сақталған және барлық растайтын құжаттары өлшемшарттың 7 –қосымшасына сәйкес.

Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер немесе қайта даярлауды растайтын құжат, оның ішінде базалық білімі жоқ педагогтар туралы мәліметтер

Бағалау нәтижелері:

«Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі» КММ-і 2022-2023 және 2023-2024, 2024-2025 оқу жылының педагог қызметкерлердің тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтер туралы келесі талдау нәтижесі анықталды.

2022-2023 оқу жылында мұғалімдер саны -115, оның ішінде жоғары білімдісі-106, арнаулы орта білімдісі-9. Мектептегі магистрлер саны: 4. 2022-2023 оқу жылында мұғалімдер саны -112, оның ішінде жоғары білімдісі-107, арнаулы орта білімдісі-5, Мектептегі магистрлер саны: 7. 2023-2024 оқу жылында мұғалімдер саны-116, оның ішінде жоғары білімдісі-110, арнаулы орта білімдісі-6. Мектептегі магистрлер саны: 8 Мектеп базалық білімі жоқ педагогтар жұмыс жасамайды. Педагогтардың оқу жүктемесі туралы мәлімет штаттық кесте және тарифтеу тізімде берілген мәліметте көрсетілген. «Педагог

кадрлармен жасақталғандығы туралы мәліметтер» әдістемелік ұсынымдардағы 7-қосымшаға сәйкес келеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді. Білім беру қызметіне қойылатын тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаттар, оның ішінде базалық білімі жок педагогтер құжаттарының растайтын құжаттары бар педагогтардың үлесі 95 пайыз болғандықтан өлшемдік балы 4 балды құрап тұр.

Мемлекеттік білім беру ұйымы басшыларының аттестаттаудан үш жылда бір рет өткендігі туралы мәліметтер. Педагогтердің кемінде бес жылда бір рет біліктілік санатының деңгейін арттыру/растау туралы мәліметтер

Бағалау нәтижелері:

«Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі» КММ-і 2021-2023 оқу жылының педагог қызметкерлердің біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтер (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) туралы, келесі мәлімет анықталды. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы №533 бұйрығына сәйкес бес жылдан сиретпей біліктілік санаттарын арттырып келген.

2022-2023 оқу жылының тамыз айында 12 педагог кадр біліктілік санатын арттырды: педагог-сарапшы- 6; педагог-модератор- 6, 2023-2024 оқу жылының желтоқсан айында 30 педагог кадр біліктілік санатын арттырды: педагог-зерттеуші- 10; педагог-сарапшы- 11; педагог-модератор – 9, 2024-2025 оқу жылының тамыз айында 11 педагог кадр біліктілік санатын арттырды: педагог-зерттеуші – 6, педагог-сарапшы- 3 педагог-модератор – 1.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді. Біліктілік санатының деңгейін 5 жылда бір рет сиретпей арттырған/растаған педагогтардың үлесі 100 % құрап, 5 балдық өлшемге тең.

Білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен конкурстар мен жарыстардың аудандық және/немесе облыстық кезеңдерінің жеңімпаздарын және/немесе соңғы бес жылдағы Республикалық конкурстар мен жарыстардың қатысушылары мен жеңімпаздарын дайындаған педагогтер (бар болса) туралы мәліметтер

Бағалау нәтижелері:

"Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының, кәсіби шеберлік конкурстарының және спорттық жарыстардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығының өзгертулері мен толықтыруларымен (25.05.2021 №232, Оқу-ағарту министрінің м.а. 2022 жылғы 17 тамыздағы № 371 бұйрығы) негізінде педагогтер мен оқушылар түрлі байқаулар мен олимпиадаларға қатысып жүлделі орындарға ие болды.

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектеп

ғылыми-әдістемелік бағытта жасалған жұмыстар жайлы мәлімет

Мұғалімдердің кәсіби байқауларға қатысуы

-«Үздік Кәсіпкерлік және бизнес пәнінің мұғалімі -2022» көркем еңбек пәнінің мұғалімі Жұмабекова Ұлбосын, II-орын қалалық кезең;

-«Үздік денешынықтыру пәнінің мұғалімі-2022» денешынықтыру пәнінің мұғалімі Ахметулла Ардақ, III-орын, қалалық кезең;

-«Әлеуметтік педагогтар» арасында өткізілген спорттық сайыста әлеуметтік педагог Рахметова Гүлзат, I-орын, қалалық, 2022

-Жас мамандар сайысы (ағылшын тілі пән мұғалімдері арасында) Мұхамеджанова Айгерім, Алғыс хат 2023 жыл

-ҚР жоғары оқу орындары студенттерінің ғылыми-зерттеу жұмыстары байқауының I кезеңінде «Информатика» білім беру бағдарламасы бойынша Мұхиддинова Мая III дәрежелі диплом, 2023ж.

-«**Үздік авторлық бағдарлама -2023**» бастауыш сынып мұғалімі Ысқақова Гүлшат, I-орын қалалық кезең;

-«**Үздік Педагог - 2023**» байқауының қалалық кезеңінде көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ұ.Жұмабекова Қала әкімінің Мақтау қағазы, 150 мың тг ақшалай сыйлық.

-«**Жаңа қоғам мұғалімінің педагогикалық үрдісті ұйымдастырудағы күзиреттілігін дамыту**» тақырыбындағы III республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияда үздік баяндама жасағаны үшін физика пәнінің мұғалімі Г.Айдыналиева III-орын, 2024ж

-«**Жаңа қоғам мұғалімінің педагогикалық үрдісті ұйымдастырудағы күзиреттілігін дамыту**» тақырыбындағы III республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияда үздік баяндама жасағаны үшін физика пәнінің мұғалімі Л.Абенова мен көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ұ.Жұмабекова Алғыс хат, 2024ж

-«**Жоспарлау.Іздену.Талдау**» республикалық педагогикалық идеялар шеберханасында тарих пәнінің мұғалімі Ж.Уалиева іс-тәжірибесімен бөлісті (Сертификат), 2024ж

-«**Үздік авторлық бағдарлама -2024**» облыстық байқаудың қалалық кезеңінде химия пәнінің мұғалімі А.Абдиева II-орын, көркем еңбек пәнінің мұғалімі Ұ.Жұмабекова, I-орын 2024ж

2024-2025 оқу жылы

«**Үздік авторлық бағдарлама – 2024**» облыстық байқауының қалалық кезеңінде көркем еңбек пәні мұғалімі Жумабекова Улбосын I- орын, 2024 ж **№ 9154**

«**Үздік авторлық бағдарлама – 2024**» республикалық байқауының облыстық кезеңінде көркем еңбек пәні мұғалімі Жумабекова Улбосын **III – орын, 2024 ж № 002710**

Алғыс Бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған «**Алтын тұғыр**» республикалық олимпиадасының қалалық кезеңін жоғарғы деңгейде ұйымдастырғаны үшін **Гулжан Әбдіхалыққызы 2024 № 11315**

Алғыс хат Отбасы құндылықтарын қалыптастыру мақсатында ұйымдастырылған «**Өз балаңа үлгі бол**» ата – аналарға арналған психологиялық – педагогикалық қолдау көрсету конференциясында өз іс – тәжірибесімен бөліскені үшін қалалық білім бөлімі және Қызылорда қалалық №1 психологиялық – медициналық педагогикалық консультациясы коммуналдық мемлекеттік мекемесі **Әбдіхалыққызы Гулжанды** марапаттайды 2024 ж № 711

Аймақтық білім беру ұйымдарының «Зияткер» білім сайысына қатысып жүлделі 2 орын иеленгені үшін №197 орта мектебінің командасын марапаттайды. **Жетекшісі: Дүйсенова Жанар**

Диплом Қалалық білім бөлімінің «**Жаратылыстану бағытындағы пәндерде ЖИ қолдану әдістері**» тақырыбында жас мамандар арасында өткізілген байқауда «**Digital teacher**» бағыты бойынша математика пәнінің мұғалімі Сәрсенбаева Аңсаған **III – орынмен** марапатталады **№5309 2025 жыл**

Мұғалімдердің әдістемелік құралдарының жариялануы

Тарих пәнінің мұғалімі Дүйсенова Жанардың «Алыптар аласармайды» атты мақала «Білім және инновация» республикалық журналына жарияланды. №2 (43) 2022ж

Тарих пәнінің мұғалімі Байсалбаева Нұргүлдің «Білім айнасы» республикалық ғылыми-танымдық газетінде «Тарих сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалану» атты мақаласы жарияланды сәуір 2022ж

Тарих пәнінің мұғалімі Дүйсенова Жанардың «Ә.Ермеков және қазақ мемлекеттілігінің қалыптасуы» мақаласы халықаралық жинаққа енді

SCIENCE, EDUCATION, INNOVATION: TOPICAL ISSUES AND MODERN ASPECTS, 16-18 ақпан, 2023ж, Таллин қаласы №142

Тарих пәнінің мұғалімі Байсалбаева Нұргүлдің «Еркін Әуелбеков – тарихи тұлға» атты мақаласы жинаққа енді (облыстық педагогикалық оқу материалдарының жинағы) Қызылорда, 2023ж

Тарих пәнінің мұғалімі Аймаханова Эльмираның Қазақ Орда ханы, мемлекет қайраткері Абылай ханның туғанына 310 жыл толуына арналған «Көрнекі тұлға және оның тарихқа қосқан үлесі: тұлғатану ұстанымдары тарихи білім беруде» тақырыбындағы республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясы, «Әбу Құдабаев –Сыр өңірінің көрнекті тұлғасы» атты мақаласы жинаққа енді. 81-88 бет.2023 жыл 28 ақпан

Тарих пәнінің мұғалімі Молдахметова Салтанаттың «Оқыту үшін бағалау арқылы оқушылардың оқуға деген қызығушылығын арттыру» атты мақаласы «Шебер педагог» журналында жарияланды. мамыр, 2023 жыл

Сертификаттар 2024-2025 (тәжірибе тарату)

Қызылорда облыстық оқу орталығы(әдістемелік кабинет)

«Информатиканы оқытудағы жаңа тәсілдер- мұғалімнің IT құзыреттілігінің қалыптасу негізі» өткізілген облыстық вебинарда «Информатика пәніндегі санау жүйелері және олардың мұғалімнің IT құзыреттілігін қалыптастырудағы рөлі» тақырыбында шебер сынып көрсеткені үшін Мұхиддинова Мая 2024 № 002651

Қызылорда облыстық оқу орталығы(әдістемелік кабинет) **«DIGITAL KAZAKHSTAN» заманауи білім беру»** дәстүлі білім беру қызметкерлерінің тамыз кеңесі аясында ұйымдастырылған облыстық пән бірлестік жетекшілерінің секция отырысында «Использование цифровых технологии на уроках русского языка и литературы в начальных классах для повышения эффективности рабочего процесса» тақырыбында шебер сынып көрсеткені үшін **Әбдіхалыққызы Гүлжанға 2024ж № 0025866**

«Жаңа қоғам мұғалімнің бейнесі, оның педагогикалық үрдісті ұйымдастырудағы құзіреттілігін дамыту мәселелер» атты дәстүрлі III Республикалық ғылыми-әдістемелік конференцияға қатысқаны үшін Гүлжан Әбдіхалыққызы **СЕРТИФИКАТ 2024ж №128**

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты **Құрмет грамотасы** Әбдіхалыққызы Гүлжан 2024 ж №009114

«Шебер педагог» Республикалық ғылыми – әдістемелік педагогикалық ақпараттық танымдық журналы **Алғыс және Сертификат** журнал бетінде ғылыми – педагогикалық материал жариялаған **Абдикалыққызы Гүлжан**

Олимпиада жүлдегерлері

2022 – 2023 оқу жылында: 5-6 сынып оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінде 5 сынып оқушысы Нұрылда Айша қазақ тілі пәнінен III-орын, пән мұғалімі Қуандықова Маржан, 6 сынып оқушысы Шамат Асылжан математика пәнінен III-орын, пән мұғалімі Төлепбергенова Балғын, 5 сынып оқушысы Ақылбек Жансерік Қазақстан тарихы пәнінен III-орын, пән мұғалімі Салтанат Молдахметова, 6 сынып оқушысы Кәрібай Нұрислам Қазақстан тарихы пәнінен III-орын, пән мұғалімі Байсалбаева Нұргүл, орыс тілі пәнінен 6 сынып оқушысы Сардарбек Нұрислам Алғыс хатқа ие болды, пән мұғалімі Баимбетова Аягөз.

9-11 сыныптар бойынша республикалық пәндік олимпиаданың II (қалалық) кезеңінде 9 сынып оқушысы Әбдіхалықова Ақгүлім қазақ тілі пәнінен III-орын, пән мұғалімі М.Мырзағазиева, 10 сынып оқушысы Камал Нұрай қазақ тілі пәнінен III-орын, пән мұғалімі К.Нұрмаханова, 9 сынып оқушысы Тұрымбетова Ұлдай химия пәнінен III-орын, 10 сынып оқушысы Қақпанова Нұрбибі химия пәнінен II-орын, пән мұғалімі А.Абдиева. Қазақстан тарихы пәнінен 9 сынып оқушысы Сапарбек Ғалия II-орын, 10 сынып оқушысы Жарахан Альбина III-орын, 11 сынып оқушысы Тұрынова Әсел I-орын, пән мұғалімі Ж.Уалиева, 10 сынып оқушысы Дәруш Дінмұхамед география пәнінен Алғыс хат, пән мұғалімі Н.Әбдрақманова.

9-11 сыныптар бойынша республикалық пәндік олимпиаданың III (облыстық) кезеңінде Қазақстан тарихы пәнінен 11 сынып оқушысы Тұрынова Әсел I-орын, пән мұғалімі Ж.Уалиева.

7-8 сынып оқушылар арасында өткен юниорлық олимпиаданың қалалық кезеңінде 7 сынып оқушысы Бекмағанбет Қуаныш биология пәнінен II-орын, пән мұғалімі Ильясова

Жанар, 8 сынып оқушысы Ғарифулла Арай биология пәнінен III-орын, пән мұғалімі Ердібекова Жұлдызай, 7 сынып оқушысы Исахан Назира математика пәнінен III-орын, пән мұғалімі З.Нұрпейісова, 7 сынып оқушысы Мадетай Сырым информатика пәнінен II-орын, пән мұғалімі Мұхиддинова Мая, 7 сынып оқушысы Алтынбек Серімжан химия пәнінен III-орын, пән мұғалімі Мешітбаева Гүлсінай, 8 сынып оқушысы Төребек Ермұхамед химия пәнінен Алғыс хат, пән мұғалімі А.Абдиева, 7 сынып оқушысы Шамат Жанбота физика пәнінен Алғыс Хат, пән мұғалімі Ж.Жамалова.

«Ғылыми бағдар беру шеберханасы» орталығының ұйымдастыруымен 8 сынып оқушылары арасында биология пәнінен өткізілген облыстық олимпиада да 8 сынып оқушысы Ғарифулла Арай III орын, пән мұғалімі Ж.Ердібекова (23.05.2023)

Математика пәні бойынша бастауыш сынып оқушылары арасында өткен «Бастау» олимпиадасының қалалық кезеңінде 3 сынып оқушысы Серікбай Ұлжан I орын, облыстық кезеңде III орын, пән мұғалімі Г. Кенбаева (24.05.2023)

2023 – 2024 оқу жылында:

Жаратылыстану пәндері бойынша республикалық олимпиаданың облыстық кезеңінде 11 сынып оқушысы Қақпанова Нұрбибі Алғыс, жетекші мұғалімі А.Абдиева.

9-11 сыныптар бойынша республикалық пәндік олимпиаданың II (қалалық) кезеңінде

9 сынып оқушысы Жеткерген Айгерім информатика пәнінен II-орын, пән мұғалімі М.Мұхиддинова,

10 сынып оқушысы Сапарбек Ғалия Қазақстан тарихы пәнінен III-орын, пән мұғалімі С.Молдахметова, 11 сынып оқушысы Қақпанова Нұрбибі химия пәнінен III-орын, пән мұғалімі А.Абдиева.

10 сынып оқушысы Насрадин Нұрай орыс тілі пәнінен II-орын, пән мұғалімі Г.Әбдіхалыққызы,

9 сынып оқушысы Меңлібай Алуа орыс тілі пәнінен Алғыс, пән мұғалімі Г.Ордабаева

5 - 6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша (1,2.02.2024)

5 сынып оқушысы Қыдырбай Жұлдыз математика пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Алимбетова М, 6 сынып оқушысы Базарбаева Бегімай математика пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Абенова Л.

6 сынып оқушысы Нұрылда Айша қазақ тілі пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Қуандықова М.

5 сынып оқушысы Бақытжан Жасмин ағылшын тілі пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Биназарова С.

7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша

7 сынып оқушысы Серікбай Ұлдана қазақ тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Әлхайырова А.

8 сынып оқушысы Саматқызы Бегімай қазақ тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Елкеева Г.

7 сынып оқушысы Шамат Асылжан Қазақстан тарихы пәнінен III орын, пән мұғалімі Дүйсенова Ж.

8 сынып оқушысы Туринова Ұлжан Қазақстан тарихы пәнінен III орын, пән мұғалімі Байсалбаева Н.

7 сынып оқушысы Меңлібай Малика орыс тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Баимбетова А.

8 сынып оқушысы Төлеген Бекарыс орыс тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Баимбетова А.

7 сынып оқушысы Тоқтамыс Мұхтар информатика пәнінен Алғыс, пән мұғалімі Маделханова Қ.

8 сынып оқушысы Мадетай Сырым информатика пәнінен II орын, пән мұғалімі Мұхиддинова М.

7 сынып оқушысы Мадетай Нұрислам география пәнінен III орын, пән мұғалімі Әбдрақманова Н.

8 сынып оқушысы Шамат Жанбота география пәнінен III орын, пән мұғалімі Абдиев Е.

7 сынып оқушысы Оспан Дильназ физика пәнінен III орын, пән мұғалімі Абенова Л.

9-11 сынып оқушылары арасында Қ.Бітібаева атындағы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінде

10 сынып оқушысы Әбдіхалықова Ақгүлім III-орын, пән мұғалімі Сарманова Ш.

«Алтын сақа» бастауыш сынып оқушыларына арналған математика пәнінен олимпиаданың қалалық кезеңіне

3 сынып оқушысы Ахметжан Ернар I-орын, облыстық кезеңде III-орын, пән мұғалімі Зейнелова Г.

Математика пәнінен 4 сынып оқушылары арасында өткен қалалық олимпиадада

4 сынып оқушысы Серікбай Ұлжан II-орын, жетекші мұғалімі Рашидова Мөлдір

10-11 сынып оқушылары арасында Математика пәнінен «Алтын түлек» республикалық олимпиадасында

11 сынып оқушысы Үмбетай Нұрасыл III-орын, пән мұғалімі М.Алимбетова.

11 сынып оқушысы Қақпанова Нұрбибі II-орын, пән мұғалімі М.Алимбетова.

2024 – 2025 оқу жылында:

9-11 сыныптар бойынша республикалық пәндік олимпиаданың II (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша:

1. 9 сынып оқушысы Исахан Назира математика пәнінен III -орын, пән мұғалімі З. Нұрпейсова,
2. 9 сынып оқушысы Мадетай Сырым информатика пәнінен II-орын, пән мұғалімі М.Мұхиддинова,
3. 9 сынып оқушысы Қарымсақ Айшабибі орыс тілі пәнінен II-орын, пән мұғалімі Баимбетова А
4. 9 сынып оқушысы Туринова Ұлжан Қазақстан тарихы пәнінен II орын, пән мұғалімі Байсалбаева Н
5. 9 сынып оқушысы Досмұрат Мейіржан құқық негіздері пәнінен III-орын, пән мұғалімі С. Жұмабаева .
6. 9 сынып оқушысы Шамат Жанбота география пәнінен III орын, пән мұғалімі Абдиев Е
7. 10 сынып оқушысы Құснадинов Абзал математика пәнінен III -орын, пән мұғалімі А. Ақылбаева,
8. 10 сынып оқушысы Даруш Арсен ағылшын пәнінен Алғыс , пән мұғалімі А. Әбдіғаниева,
9. 10 сынып оқушысы Әбілда Ерасыл құқық негіздері пәнінен III-орын, пән мұғалімі С. Жұмабаева .
10. 10 сынып оқушысы Төребек Ермұхамед химия пәнінен III-орын, пән мұғалімі А. Абдиева.
11. 11 сынып оқушысы Әбдіқалыққызы Ақгүлім қазақ тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Мырзағазиева М,
12. 11 сынып оқушысы Сапарбек Ғалия Қазақстан тарихы пәнінен II-орын, пән мұғалімі Ж. Уәлиева

7-8 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың екінші (қалалық) кезеңінің қорытындысы бойынша:

1.8 сынып оқушысы Серікбай Ұлдана қазақ тілі пәнінен III орын, пән мұғалімі Әлхайырова А.

2.8 сынып оқушысы Бабаходжаева Айым биология пәнінен II орын, пән мұғалімі Р. Бозова.

3.8 сынып оқушысы Мадетай Нұрислам география пәнінен III орын, пән мұғалімі Әбдрақманова Н.

4.7 сынып оқушысы Ақылбек Жансерік математика пәнінен III орын, пән мұғалімі Төлепбергенова Б

5.7 сынып оқушысы Арыстанбек Айша информатика пәнінен III орын, пән мұғалімі А. Смайыл.

6.7 сынып оқушысы Ерболат Гүлсезім орыс тілі пәнінен Алғыс, пән мұғалімі А. Қобландиева

7.7 сынып оқушысы Тоқмырза Диана химия пәнінен III-орын, пән мұғалімі А. Абдиева.

5 - 6 сынып оқушыларына арналған Республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің қорытындысы бойынша

1.6 сынып оқушысы Кеңесбекұлы Әділет математика пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Алимбетова М, 2.6 сынып оқушысы Тура Раяна жаратылыстану пәні бойынша II орын, пән мұғалімі А. Шағдарова.

3.6 сынып оқушысы Тоқмырза Балнұр қазақ тілі пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Э. Баймурзаева

4.6 сынып оқушысы Оспан Құралай орыс тілі пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Н. Алибекова

5.6 сынып оқушысы Бақытжан Жасмин ағылшын тілі пәні бойынша II орын, пән мұғалімі Биназарова С.

6.5 сынып оқушысы Серікбай Ұлжан қазақ тілі пәні бойынша III орын, пән мұғалімі Ш. Сарманова

7.5 сынып оқушысы Марат Медина орыс тілі пәні бойынша Алғыс , пән мұғалімі Н. Муслимова

8.5 сынып оқушысы Ибрагим Сабина ағылшын тілі пәні бойынша Алғыс, пән мұғалімі А. Әлдешова

Құснадинов Абзал Математика пәнінен республикалық олимпиадасы 10-11 сынып «**Алтын түлек**» 2025 **1 орын** Жетекшісі: **Ақылбаева Айман**

Кеңес Асқар Математика пәнінен республикалық олимпиадасы 10-11 сынып «**Алтын түлек**» 2025 **1 орын** Жетекшісі: **Ақылбаева Айман**

Рүстемұлы Алпамыс Математика пәнінен республикалық олимпиадасы 10-11 сынып «**Алтын түлек**» 2025 **Алғыс хат** Жетекшісі: **Ақылбаева Айман**

Құснадинов Абзал Математика пәнінен республикалық олимпиадасы 10-11 сынып «**Алтын түлек**» 2025 **2 орын** Жетекшісі: **Ақылбаева Айман**

Ғылыми жоба жеңімпаздары

2022 – 2023 оқу жылында:

«Зерде» ғылыми жоба жарысының қалалық кезеңінде 7 сынып оқушысы Шамат Жанбота, тарих секциясы бойынша III-орын, пән мұғалімі Жанар Дүйсенова.»Мен зерттеушімін» бастауыш сынып оқушылары арасында өткізілген қалалық ғылыми жоба жарысында 2 сынып оқушысы Ахметхан Ернар III-орын, жетекші мұғалімі Г.Зейнелова, 3 сынып оқушысы Әлібек Қуаныш II-орын, жетекші мұғалімі Н.Сексенбаева, 4 сынып оқушысы Тоқмырза Балнұр II-орын, жетекші мұғалімі Г.Ысқақова.

Жалпы білім беретін пәндер циклының ұйымдастыруымен «Білім.Болашақ.Жаңғыру» тақырыбындағы апталық аясында «Алаш және қазіргі қоғам» атты қалалық ғылыми жоба байқауында 7 сынып оқушысы Шамат Жанбота III дәрежелі диплом, жетекшісі Молдахметова С.

«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, Абылайхан атындағы №140 орта мектепте ұйымдастырылған «Ғылыми бағдар беру шеберханасы» орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беру ұйымдарының 8 – 10 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық ғылыми жобалар байқауында физика секциясы бойынша 9 сынып оқушысы Қанатбекқызы Қарақат II-орын, жетекшісі Абенова Лайла.

«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы, Абылайхан атындағы №140 орта мектепте ұйымдастырылған «Ғылыми бағдар беру шеберханасы» орталығының ұйымдастыруымен жалпы білім беру ұйымдарының 8 – 10 сынып оқушылары арасында өткізілген облыстық ғылыми жобалар байқауында география секциясы бойынша 9 сынып оқушысы Әніс Шыңғыс II-орын, жетекшісі Абдиев Ербол. (19.05.2023)

2023 – 2024 оқу жылында:

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық ғылыми жобалар байқауының (облыстық) кезеңінде 10 сынып оқушысы Әбдіхалықова Ақгүлім әдебиет бағыты бойынша III-

орын, жетекші мұғалімі Марал Мырзағазиева.

Республикалық «Зерде» ғылыми жоба жарысының қалалық кезеңінде 7 сынып оқушысы Серікбай Ұлдана, технология және өнер секциясы бойынша II-орын, жетекші мұғалімі Ұлбосын Жұмабекова, 4 сынып оқушысы Серікбай Ұлжан қазақ тілі мен әдебиеті секциясы бойынша III-орын, жетекші мұғалімі Н.Алиева, 3 сынып оқушысы Данияр Айшат химия-биология секциясы бойынша III-орын, жетекші мұғалімі Г.Байжанова.

2024-2025 оқу жылында:

Диплом Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі бастауыш сыныптар арасында өткізілген «Дарынды зерттеуші - 2024» тақырыбында 3-4 сынып оқушыларының арасындағы аймақтық ғылыми жоба байқауы **Бас жүлде Әніс Шаттық 3 Ә сынып.** Жетекшісі: Сексенбаева Айзат

Диплом Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі бастауыш сыныптар арасында өткізілген «Дарынды зерттеуші - 2024» тақырыбында 3-4 сынып оқушыларының арасындағы аймақтық ғылыми жоба байқауы **II- орын Данияр Айшат 4 А сынып.** Жетекшісі: Байжанова Гулнар

Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық «Дарын» ғылыми жобалар конкурсының **облыстық кезеңінде** информатика бағыты бойынша **II- орын 9 сынып оқушысы Бекенәлі Қадыржан. Жетекшісі: Мұхиддинова Мая**

Диплом Қызылорда облысының білім басқармасы 2-7 сынып оқушыларының зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары «Зерде» республикалық конкурсының облыстық кезеңінде **Технология және өнер бағыты** бойынша **II- орын 3 сынып оқушысы Әніс Шаттық. Жетекшісі Сексенбаева Айзат**

Бекенәлі Қадыржан "Үздік ғылыми жоба авторы -2025ж" республикалық кезең 1 орын Жетекшісі: Мухиддинова Мая

Өнер, спорт және өзге де жарыстардың жеңімпаздары

2022 -2023 оқу жылында: "Алтын қазына" республикалық қолөнер байқауының "Металды көркемдеп өңдеу" номинациясы бойынша 9 сынып оқушысы Әнес Шыңғыс қалалық кезеңде I-орын, облыстық кезеңде I-орын, республикалық кезеңде I-орын, жетекші мұғалімі Аймырза Биназаров.

2022жыл «Жыл оқушысы» республикалық байқауда 9 сынып оқушысы Әнес Шыңғыс қалалық кезеңде I-орын, облыстық кезеңде I-орын, жетекшісі Ұлбосын Жұмабекова.

«Сен де бір кірпіш дүниеге...» қалалық шығармашылық байқауында (мәнерлеп оқу) 6 сынып оқушысы Амангелдиев Нұрдаулет II-орын, жетекші мұғалімі Сарманова Шолпан

"Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде "Жасыл Ел" бағыты бойынша ғылыми жоба жарысында 7 сынып оқушысы Қарымсақ Айшабибі Алғыс хат, жетекшісі Ербол Абдиев.

"Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде "Туған өлкенің бояулары" бағыты бойынша 10 сынып оқушысы Дәруш Дінмұхамед I-орын, жетекшісі Нұргүл Әбдрақманова.

"Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде "Қазақстанның флорасы мен фаунасы 3Д атласы" бағыты бойынша 7 сынып оқушысы Саматқызы Бегімай Алғыс хат, жетекшісі Роза Бозова.

"Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде "Green cases" бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Қуандық Динара III-орын, жетекшісі Нұргүл Әбдрақманова.

"Табиғатты аяла" жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде "Экотеатр" бағыты бойынша 7 сынып оқушылары И.Исраил, М.Оңғарбек, І.Айдархан, М.Қайырбек III-орын, жетекшісі Айнұр Шағдарова.

"Яссауитану" халықаралық байқауының қалалық кезеңінде 8 сынып оқушысы

Қуанышбай Гүлім І-орын, 7 сынып оқушысы Саматқызы Бегімай ІІ-орын, пән мұғалімі Байсалбаева Нұргүл. "Яссауитану" халықаралық байқауының облыстық кезеңінде 8 сынып оқушысы Қуанышбай Гүлім І-орын, пән мұғалімі Байсалбаева Нұргүл. 2023

Жалпы орта білім беру ұйымдарының арасында өткізілген «Robotek Grand Tournament» республикалық турнирінің қалалық кезеңінде «Робосумо» категориясы бойынша 7 сынып оқушысы Аман Абылай ІІІ-орын, жетекшісі Шағдарова Айгерім, 2023ж.

«Samruk KIDS» орталығының ұйымдастыруымен «Информатика» пәнінен өткізілген қалалық байқауда 7-сынып оқушысы Аман Абылай ІІІ-орын, жетекшісі Шағдарова Айгерім, 2023ж.

Қазанғап атындағы Қызылорда музыкалық колледжінің «Хорды дирижерлеу» бірлестігінің ұйымдастыруымен 1 наурыз Алғыс айту күніне арналған «АТАМЕКЕН» қалалық балалар мен жасөспірімдер арасындағы патриоттық ән байқауында 9 сынып оқушысы Дастанбек Диана ІІІ-орын, жетекшісі Ұсайын Айбек. Робототехникадан облыстық білім беру мекемелерінің 12-17 жас аралығындағы оқушылары арасында ұйымдастырылған «ROBO BATTLE - 2023» чемпионатында «РОБОСУМО» санаты бойынша 7 сынып оқушылары Мадетай Сырым, Аман Абылай Алғыс хат, жетекшісі Шағдарова Айгерім. 7-11 сынып оқушылары арасында өткізілген Қазақ тілі пәнінен республикалық «Жарқын болашақ» олимпиадасының «Жас қаламгер» номинациясы бойынша 9 сынып оқушысы Қуандық Динара ІІІ-орын, жетекшісі Бәкірова Салтанат.

9 сынып оқушысы Кенішбаева Дильназ «Бояулар құпиясы» республикалық байқауының қалалық кезеңінде ІІ орын, жетекшісі Ұлбосын Жұмабекова.

9 сынып оқушысы «Қыз еркем – өнерімен көркем» атты дәстүрлі қалалық арулар байқауында ІІІ орын, жетекшісі Ордабаева Гүлжайна

2023 -2024 оқу жылында:

"Балалар әлемі" жобасы аясында 8-10 сынып оқушылары арасында Республикалық балалар оқулары байқауының І (қалалық) кезеңінде 9 сынып оқушысы Қуанышбай Гүлім ІІІ-орын, жетекшісі мұғалімі А.Әлхайырова. 2023

"Архив және болашақ ұрпақ" республикалық жобасы аясында өткізілген облыстық Ашық есік күнінде "Қызылорда - жарқын болашақ бастауы" атты макеттер сайысында 10 сынып оқушысы Кенішбаева Анара ІІІ-орын (8000тг сыйақы), жетекшісі мұғалімі Ұ.Жұмабекова. 2023

"Менің кіші Отаным" атты республикалық байқаудың қалалық кезеңінде Эссе жазу номинациясы бойынша 9 сынып оқушысы Қуанышбай Гүлім ІІ орын, жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі К.Айғараева. 2023

Ерекше жандардың шығармашылығын насихаттау мақсатында өткен балалар мен жастардың Х облыстық "Жүрек жылуы" облыстық конкурсында (Қыз.обл. Хал шығ. дамыту және мәдени-продюсерлік орталығы) 10 сынып оқушысы Кенішбаева Анара Бас жүлде, жетекшісі мұғалімі Ұ.Жұмабекова. 2023

Қала мектептерінің 8 сынып оқушылары арасында өткізілген аймақтық топтық "Тарих маусымы" интеллектуалды сайысында 8 сынып оқушылары Шамат Жанбота, Саматқызы Бегімай, Туринова Ұлжан І-орын, жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Н.Байсалбаева. 2023

"Ақберен" республикалық ақындық пен шешендік өнер байқауының І (қалалық) кезеңінде 10 сынып оқушысы Қайырбек Мерей ІІ-орын, жетекшісі С.Бәкірова. 2023

"Менің Отаным - менің бастамам" республикалық шығармашылық (әлеуметтік) жобалар байқауының І (қалалық) кезеңінде 9 сынып оқушысы Қуанышбай Гүлім география пәні бойынша Алғыс, жетекшісі мұғалімі Айнұр Шағдарова. 2023

Мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған І қалалық «Дариға - Домбыра» атты «Дәстүрлі ән орындау» өнер байқауына белсене қатысқаны үшін 4 сынып оқушысы Серік Бану Алғыс, жетекшісі Сыздық Сымбат. 2023

«ORDA» колледжі ұйымдастырған «Білім: оқу, ізденіс, нәтиже» тақырыбындағы апталық аясында өткізілген «Химия білгірлері» атты химия пәнінен мектепаралық сайыста мектеп командасы І орын иеленді. жетекшісі Г.Мешітбаева, 2023

«Мой Казахстан, тебе воспеть хочу я!» атты ҚР Тәуелсіздік күніне арналған қалалық мәнерлеп

оқу сайысында 10 сынып оқушысы Дастанбек Диана I орын, жетекшісі орыс тілі пәнінің мұғалімі Аягөз Баимбетова.2023

2023 жылы Қазанғап музыкалық колледжінде өткен ән байқауында 10 сынып оқушысы Дастанбек Диана II-орын, жетекшісі Ұсайын Айбек

7-10сынып оқушылары арасында «Қасиетті домбыра» акциясы аясында өткен аймақтық сайыста 9 сынып оқушысы Жеткерген Айгерім III-орын, жетекшісі Сыздық С.2023

Мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған I қалалық «Дариға – Домбыра» атты «Дәстүрлі ән орындау» өнер байқауына қатысқан 4 сынып оқушысы Серік Бану Алғыс, жетекшісі Сыздық С.2023

10 сынып оқушысы Әбдіхалықова Ақгүлім «Қыз еркем – өнерімен көркем» атты дәстүрлі қалалық арулар байқауында II орын, жетекшісі Ильясова Жанар, 2024

«Менің Отаныма менің бастамам» тақырыбында өткізілген республикалық байқаудың қалалық кезеңінде «Қазақстанның 100 жаңа есімі» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Қайырбек Мерей III-орын, жетекшісі Абдиев Е. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Экотеатр» интерактивті қойылым номинациясы бойынша «Жас қыран» тобы (Әбдіхалықова А, Руслан А, Тұрымбетова Ұ, Үрмеғали Б, Файзырахмен Д) I-орын, жетекші мұғалімі Ердібекова Ж. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Идеядан іске асыруға дейін» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Меңдібайқызы Сымбат I-орын, жетекші мұғалімі Абдиева А. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Үздік Арт-нысан» номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Исахан Назира II-орын, жетекші мұғалімі Жұмабекова Ұ. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Эко блогер» номинациясы бойынша 9 сынып оқушысы Бақыт Аерке II-орын, жетекші мұғалімі Шағдарова Айнұр. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Жасыл мектеп» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Қуандық Динара II-орын, жетекші мұғалімі Әбдрақманова Н. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының қалалық кезеңінде «Үздік Арт-нысан» номинациясы бойынша 9 сынып оқушысы Есенғали Аружан Алғыс, жетекші мұғалімі Жұмабекова Ұ. 2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңінде «Идеядан іске асыруға дейін» номинациясы бойынша 10 сынып оқушысы Меңдібайқызы Сымбат I-орын, жетекші мұғалімі Абдиева А.2024

«Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының облыстық кезеңінде «Экотеатр» интерактивті қойылым номинациясы бойынша «Жас қыран» тобы III-орын, жетекші мұғалімі Ердібекова Ж. 2024

Республикалық Илияс оқуларының қалалық кезеңінде «Сұлу сөздің сүлейі» шығарманың көркемдік құрылысын талдау номинациясы бойынша 8 сынып оқушысы Саматқызы Бегімай II-орын, жетекшісі Елкеева Г. 2024

Халықаралық "Яссауитану" байқауының қалалық кезеңінде (6-11 сынып оқушылары арасындағы байқау) 9 сынып оқушысы Қуанышбай Гүлім I-орын, облыстық кезеңде II-орын, республикалық кезеңде III-орын жетекшісі Байсалбаева Н. 2024

«Заманауи ғимарат» атты қалалық макеттер сайысында 4 сынып оқушысы Серікбай Ұлжан II- орын иеленді, жетекшісі Рашидова Мөлдір, 2024-05-04

«Дарын» орталығының ұйымдастырған «Өнерін әнмен өрнектеген композитор» атты облыстық ән байқауында 3 сынып оқушысы Ғаниқызы Жанерке Алғыс хат, жетекшісі Зейнелова Г

XXV республикалық Абай оқулары байқауының қалалық кезеңінде 10 сынып оқушысы Әбдіхалықова Ақгүлім II-орын, жетекшісі Бакирова С., 2024ж

2024 -2025 оқу жылында: Қызылорда облысына 85 жыл толуына орай, «Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығының ақпараттық қолдауымен, «SKILL UP» орталығының ұйымдастыруымен өткен «Сырдың жас ғалымы-2024» байқауының облыстық кезеңінен 7 сынып оқушысы **Мұратбекқызы Ақниет I – орын Диплом**, жетекшісі **Жумабекова Улбосын Алғыс**; 7 сынып оқушысы **Токмырза Диана III – орын Диплом**, жетекшісі **Абдиева Анар Алғыс**; 6 сынып оқушысы **Тура Раяна III- орын Диплом**, жетекшісі **Ильясова Жанар Алғыс**.

«Өмір тағылымдары: Қаныш Сәтбаев 125» тақырыбында И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі қалалық ғылыми – танымдық конференциясында жасаған мазмұнды баяндамасы үшін **III дәрежелі диплом Ержанқызы Орынай** 10 сынып оқушысы. Жетекшісі: Маделханова Куралай

«Өмір тағылымдары: Қаныш Сәтбаев 125» тақырыбында И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі қалалық ғылыми – танымдық конференциясында жасаған мазмұнды баяндамасы үшін **Алғыс Исахан Назира 9 сынып оқушысы**. Жетекшісі: Әлхайырова Анар

«Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» акционерлік қоғамының филиалы Қызылорда облысы бойынша кәсіби даму институты «Болашақ» университетінің жоғары колледжі **Диплом «Тәуелсіздік – тұғырым»** тақырыбындағы « Қазақстан тарихы» пәнінен қалалық олимпиада жүлделі **III Дәрежелі орын** иемдеген **9 сынып оқушысы Туринова Ұлжан. Жетекшісі Байсалбаева Нұркүл**

Диплом Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі 11 сынып оқушылары арасында Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнінен өткізілген олимпиадада **III орын 11 сынып оқушысы Мендібайқызы Сымбат. Жетекшісі Молдағали Мағжан**

Диплом Қалалық білім бөлімі «Құстардың ғажайып әлемінде» тақырыбында өткізілген құстар фестивалінің «Құстар бий» бағыты бойынша **Ұланбек Айдана I орын. Жетекшісі: Абдиева Анар №5481 2025ж**

Диплом Қалалық білім бөлімі «Құстардың ғажайып әлемінде» тақырыбында өткізілген құстар фестивалінің «Құстардың макетін қалдық заттардан дайындау» бағыты бойынша **Серікбай Ұлжан III орын. Жетекшісі: Ердібекова Жұлдызай №5496 2025ж**

Диплом Қалалық білім бөлімі «Құстардың ғажайып әлемінде» тақырыбында өткізілген құстар фестивалінің «Құстардың тұлыптары» бағыты бойынша **Мұратбек Ақниет III орын. Жетекшісі: Шағдарова Айнұр №5474 2025ж**

«Қалдықсыз қоғам» макеттер шеруі тақырыбында өткізілген байқауында «GREEN OASES» бағыты бойынша **Серікбай Ұлдана III орын** марапатталады. **Жетекшісі Абдрақманова Нұргүл №5350 2025ж**

Әлібек Қуаныш "Алтын қазына" көркем және сәндік-қолданбалы өнер бойынша қалалық балалар шығармашылығының көрме байқауының **"Металды көркемдеп өңдеу"** номинациясы **II орын** Жетекшісі: **Жумабекова Ұлбосын**

Абылай хан атындағы жоғарғы колледжінің ұйымдастыруымен 9-11 сынып оқушылары арасындағы қалалық «FAST DESIGN» шығармашылық сайыс **Табылғанова Шұғыла II орын** Жетекшісі: **Қаюпова Айжан 2025ж ақпан**

"Абай лирикаларындағы табиғат" тақырыбындағы қалалық жас суретшілер қалалық байқауы **Қанатбек Диана Алғыс** Жетекшісі: **Үкішева Гүлнұр** ақпан 2025ж

ҚР Суретшілер одағының мүшесі Қ.Зәкіровтың 80 жылдығына орай **"Сырдың сырлы бояулары"** атты қалалық сурет байқауы **Қанатбек Диана Алғыс** Жетекшісі: **Үкішева Гүлнұр** ақпан 2025ж

"Есірткінің адамзатқа кесірі" атты қалалық сурет салу байқауы **Қанатбек Диана Алғыс** Жетекшісі: **Үкішева Гүлнұр** қараша 2024ж

"Халық мұрасы-ұлт қазынасы" шығармашылық қалалық байқауының **"Үздік құрақ құрау"** номинациясы **Әбілсан Райана Алғыс** Жетекшісі: **Қасымова Әсел** ақпан 2025ж

"Архив және болашақ ұрпақ" жобасы аясында ұйымдастырылған **"Сыр өлкесі -тұнған шежіре"** облыстық сурет сайысы **Бақытбек Жасмин Алғыс** Жетекшісі: **Қасымова Әсел** Қазан

2024ж

III. БІЛІМ АЛУШЫЛАР КОНТИНГЕНТІ

1. Білім алушылар контингентінің сандық құрамы:

-деңгейлер бойынша, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар контингенті, сыныптардың толықтылығы, білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер:

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылында Ө.Құдабаев атындағы № 197 мектепте 44 сынып-жиынтықта барлығы 1027 оқушы, оның ішінде жалпы білім беретін 41 сынып-жиынтықта - 969 оқушы оқыды: бастауыш мектепте (1-4 сыныптарда 17 сынып-жиынтықта) - 416, негізгі мектеп (5-9 сыныптарда 20 сынып жиынтықта) – 476, орта мектепте (10-11 сыныпта 4 сынып-жиынтықта 77 оқушы оқыды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы саны- 15, оның ішінде 7-ы мектеп партасында білім алса, 9 оқушы үйден оқыды. 2022-2023 оқу жылындағы сыныптар толымдығы -23,63оқушы

2023-2024 оқу жылында Ә.Құдабаев атындағы № 197 мектепте 44 сынып- жиынтықта барлығы 976 оқушы, оның ішінде жалпы білім беретін 41 сынып-жиынтықта - 921 оқушы оқыды: бастауыш мектепте (1-4 сыныптарда 16 сынып-жиынтықта) - 377, негізгі мектеп (5-9 сыныптарда 20 сынып жиынтықта) – 444, орта мектепте (10-11 сыныпта 5 сынып-жиынтықта 100 оқушы оқыды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы саны-14, оның ішінде 6-ы мектеп партасында білім алса, 8 оқушы үйден оқиды. 2023-2024 оқу жылындағы сыныптар толымдығы -22,46 оқушы

2024-2025 оқу жылында Ә.Құдабаев атындағы № 197 мектепте 41 сынып-жиынтықта барлығы 997 оқушы, оның ішінде бастауыш мектепте (1-4 сыныптарда 16 сынып-жиынтықта) - 388, негізгі мектеп (5-9 сыныптарда 19 сынып жиынтықта) – 480, орта мектепте (10-11 сыныпта 6 сынып-жиынтықта 129 оқушы оқиды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушы саны- 21, оның ішінде 10-ы мектеп партасында білім алса, 11 оқушы үйден оқиды. 2024-2025 оқу жылындағы сыныптар толымдығы -24,3 оқушы

Қорытынды: ҰББДҚ – да білім алушылар контингентінің тізімі және қозғалысы туралы мәліметтер толық көрсетілген. (Әдістемелік ұсынымдардың №8-қосымшасына сәйкес кестеде бағаланатын кезеңдерге оқу жылына толық мәлімет берілді, басшының қолымен, мөрмен расталған.)

Сыныптардың толымдылығы туралы мәліметтер (жыл басы)

Оқу жылы	1-4 сынып			5-9 сынып			10-11 сынып			Барлығы		
	Оқушы саны	Сынып саны	Орт. олым	Оқушы саны	Сынып саны	Орт. олым	Оқушы саны	Сынып са	Орт. олым	Оқушы саны	Сынып саны	Орт. олым
2022-2023	416	17	24,47	476	20	23,8	77	4	19,25	969	41	23,63
2023-2024	377	16	23,56	444	20	22,2	100	5	20	921	41	22,46
2024-2025	388	16	24,25	480	19	25,2	129	6	21,5	997	41	24,3

Білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы мәліметтер

Бағалау нәтижелері:

Мектеп базасында сапалы біліммен қамтамасыз етіп, барлық оқушылардың білім алуына жағдай жасалған.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айында жалпы 997 оқушы білім алды. Мектеп 2 ауысымда жұмыс жасайды. I ауысымда 507 оқушы, II ауысымда - 490 оқушы. 2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарында оқушылар контингенті бойынша мектеп директорының

бұйрықтары шығарылған. Оқушылар саны алфавиттік кітаппен сәйкес келеді.

Білім алушылар контингентінің сандық құрамы (жыл басы)

	2022-2023 оқу жылы			2023-2024 оқу жылы			2024-2025 оқу жылы		
Сыныптар	Сынып саны	Оқушы саны	Орташа сыйымдылығы	Сынып саны	Оқушы саны	Орташа сыйымдылығы	Сынып саны	оқушы саны	Орташа сыйымдылығы
МАД	3	58	19,3	3	55				
1 сынып	4	88	21,5	4	92	22,5	4	96	26,75
2 сынып	4	106	25,5	4	87	21,21	4	97	25,25
3 сынып	4	108	26	4	100	24,5	4	96	25
4 сынып	5	114	22,4	4	98	24,5	4	99	27,5
1-4 сынып	17	416	24,4	16	377	23,5	16	388	24,25
5 сынып	4	93	23,5	4	92	22,75	4	105	25,6
6 сынып	4	91	22,5	4	89	23,5	4	96	22,2
7 сынып	4	94	23,25	4	80	20	4	96	22
8 сынып	4	90	22,75	4	92	23,75	3	84	22,25
9 сынып	4	108	27,25	4	91	27,75	4	99	25,5
5-9 сынып	20	476	23,8	20	444	22,2	19	480	25,2
10 сынып	2	42	21	3	68	22,33	3	66	19,6
11 сынып	2	35	17,5	2	32	15,5	3	63	20,6
10-11 сынып	4	77	19,25	5	100	20	6	129	21,5
1-11 сынып	41	969	23,63	41	921	22,45	41	997	24,3
0-11 сынып	44	1027		44	976				

МЕКТЕПТЕГІ АУЫСЫМДЫҚ ЖАЙЫ (жыл басы)

Оқу жылы	Барлық оқушы	Сынып саны	I ауысым			II ауысым		
			Оқушы саны	%	Сынып саны	Оқушы саны	%	Сынып саны
2022-2023	969	41	477	49	21	492	51	20
2023-2024	921	41	473	51	21	448	49	20
2024-2025	997	41	507	50,5	21	490	49,5	20

ҚОРЫТЫНДЫ: Білім алушылардың контингентінің тізімі 2022- 2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы бағаланатын кезеңдер бойынша білім алушы санына сәйкес келеді.

IV. ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына қойылатын өлшемшарттар

1. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына және бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына сәйкес білім беру ұйымының басшысы бекіткен оқу жұмыс жоспарының, сабақ кестелерінің болуы

Бағалау нәтижесі: 2022-2023 оқу жылының бірінші жартыжылдығына арналған жұмыстық оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (2022 жылғы 12 тамыздағы №365 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) бекітілген бастауыш (1-қосымшасы) білім беретін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарлары бойынша жасалған.

Бастауыш білім берудің оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (1АӘБВ, 2АӘБВ, 3АӘБВ, 4АӘБВГ) сыныптары үшін инварианттық компонентке барлығы 91,5 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық – 39 сағат

«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға -21,5 сағат,

«Жаратылыстану» саласы пәнін оқытуға -6 сағат,

«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға 4 сағат,

«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -9 сағат,

«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -12 сағат;

вариативтік компонентке 4 сағат, оның ішінде белсенді-қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға 4 сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бірінші сыныптар үшін 19,5 сағаттан, екінші сыныптар үшін 24 сағаттан, үшінші 26 және төртінші сыныптар үшін 26 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 95,5 сағат.

Негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыстық оқу жоспарында ((5АӘБВ, 6АӘБВ, 7АӘБВ, 8АӘБВ, 9АӘБВ)) сыныптар үшін инварианттық компонентке барлығы - 152 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық - 55 сағат

«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға - 30 сағат,

«Жаратылыстану» саласы пәндерін оқытуға -27 сағат,

«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға -16 сағат,

«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -9 сағат,

«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -15 сағат;

вариативтік компонентке 12 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курстарына 12 сағат, элективті курстарға 0 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бесінші және алтыншы сыныптар үшін 28,5 сағаттан, жетінші сыныптар үшін 31,5 сағаттан, сегізінші сыныптар үшін 32,5 сағаттан, тоғызыншы сыныптар үшін 34 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 155 сағат

Жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыстық оқу жоспарында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (10А-11А) сыныптары апталық -32 сағат, вариативтік компонентке 2 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 1 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10-11 сыныптар үшін 34 сағаттан берілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін 10-11 сыныбы үшін инварианттық компонентке орыс бөлімі үшін барлығы апталық -28 сағат, вариативтік компонентке 5 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 4 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бұл сынып үшін 33 сағат

2023-2024 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8

қарашадағы №500 бұйрығымен (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) бекітілген бастауыш (11-қосымшасы)білім беретін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарлары бойынша жасалды.

Бастауыш білім берудің оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (АӘБВ, 2АӘБВ, 3АӘБВ, 4АӘБВ) сыныптары үшін инварианттық компонентке барлығы 86,5 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық – 37 сағат

«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға -21,5 сағат,

«Жаратылыстану» саласы пәнін оқытуға -6 сағат,

«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға 4 сағат,

«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -10 сағат,

«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -8 сағат;

вариативтік компонентке 9 сағат, оның ішінде таңдауы бойынша сабақтарға 5 сағат, дене шынықтыру: спорттық ойындарға 4 сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бірінші сыныптар үшін 19,5 сағаттан, екінші сыныптар үшін 24 сағаттан, үшінші 26 және төртінші сыныптар үшін 26 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 95,5 сағат.

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (5АӘБВ, 6АӘБВ, 7 АӘБВ, 8 АӘБВ, 9 АӘБВ) сыныптар үшін инварианттық компонентке барлығы - 152 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық - 55 сағат

«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға - 30 сағат,

«Жаратылыстану» саласы пәндерін оқытуға -27 сағат,

«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға -16 сағат,

«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -9 сағат,

«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -15 сағат;

вариативтік компонентке 12 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курстарына 12 сағат, элективті курстарға 0 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бесінші және алтыншы сыныптар үшін 28,5 сағаттан, жетінші сыныптар үшін 31,5 сағаттан, сегізінші сыныптар үшін 32,5 сағаттан, тоғызыншы сыныптар үшін 34 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 155 сағат

Жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыстық оқу жоспарында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (10А-11А) сыныптары апталық -32 сағат, вариативтік компонентке 2 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 1 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10-11 сыныптар үшін 34 сағаттан берілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін (10Ә,Б-11Б) сыныбы үшін инварианттық компонентке орыс бөлімі үшін барлығы апталық -28 сағат, вариативтік компонентке 5 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 4 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бұл сынып үшін 33 сағат

2024-2025 оқу жылына арналған жұмыстық оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен (2022 жылғы 30 қыркүйектегі №412 бұйрықпен, 2023 жылғы 18 тамыздағы №264 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) бекітілген бастауыш (11-қосымшасы) білім беретін сыныптарға арналған үлгілік оқу жоспарлары бойынша жасалды.

Бастауыш білім берудің оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (АӘБВ, 2АӘБВ, 3АӘБВ, 4АӘБВ) сыныптары үшін инварианттық компонентке барлығы 86,5 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық – 37 сағат

«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға -21,5 сағат,
«Жаратылыстану» саласы пәнін оқытуға -6 сағат,
«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға 4 сағат,
«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -10 сағат,
«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -8 сағат;
вариативтік компонентке 9 сағат, оның ішінде таңдауы бойынша сабақтарға 5 сағат,
дене шынықтыру: спорттық ойындарға 4 сағат бөлінген. Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бірінші сыныптар үшін 19,5 сағаттан, екінші сыныптар үшін 24 сағаттан, үшінші 26 және төртінші сыныптар үшін 26 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 95,5 сағат.

Негізгі орта білім берудің жұмыстық оқу жоспарында оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (5АӘБВ, 6АӘБВ, 7 АӘБВ, 8 АӘБ, 9 АӘБВ) сыныптар үшін инварианттық компонентке барлығы - 152 апталық сағат бөлінген. Оның ішінде:

«Тіл және әдебиет» саласы пәндерін оқытуға апталық - 55 сағат
«Математика және информатика» саласы пәндерін оқытуға - 30 сағат,
«Жаратылыстану» саласы пәндерін оқытуға -27 сағат,
«Адам және қоғам» саласы пәндерін оқытуға -16 сағат,
«Технология және өнер» саласы пәндерін оқытуға -9 сағат,
«Дене шынықтыру» саласы пәнін оқытуға -15 сағат;

вариативтік компонентке 12 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курстарына 12 сағат, элективті курстарға 0 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бесінші және алтыншы сыныптар үшін 28,5 сағаттан, жетінші сыныптар үшін 31,5 сағаттан, сегізінші сыныптар үшін 32,5 сағаттан, тоғызыншы сыныптар үшін 34 сағаттан берілген. Жалпы апталық жүктеме – 155 сағат

Жалпы орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) жұмыстық оқу жоспарында жаратылыстану-математикалық бағыт бойынша оқыту қазақ тілінде жүргізілетін (10А,Ә-11А) сыныптары апталық -32 сағат, вариативтік компонентке 2 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 1 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі 10-11 сыныптар үшін 34 сағаттан берілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт бойынша оқыту орыс тілінде жүргізілетін (10Б-11Б) сыныбы үшін инварианттық компонентке орыс бөлімі үшін барлығы апталық -28 сағат, вариативтік компонентке 5 сағат, оның ішінде жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағат, элективтік курстарға 4 сағат бөлінген.

Оқу жүктемесінің жоғарғы шекті көлемі бұл сынып үшін 33 сағат

Бағаланатын кезеңдегі 2022-2023 оқу жылы және 2023 -2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы жұмыстық оқу жоспарлары мен сабақ кестелері мектеп басшысының бұйрығымен бекітілген.

Сабақтар мен факультативтік сабақтар кестесіндегі білім салалары бойынша оқу пәндерінің сағат сандары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына және МЖМБС талаптарына сәйкес.

«Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық - эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚРДСМ-76 бұйрығы қолданысқа алынып, белгіленген талаптармен нормалар сақталады, оқу сабақтарының кестесі, сабақтардың ұзақтығы және өзгерістерді ұйымдастыру талапқа сай жүргізілді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Есепті кезеңге арналып әзірленген және бекітілген жұмыс оқу жоспарлары, сабақ кестелері «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500

бұйрығына және «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес жасалған.

2. Жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру.

Бағалау нәтижелері:

«Ә.Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі» КММ -і 2022 -2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы инвариантты компонент пәндері бойынша жалпы білім беру бағдарламаларына сәйкес kundelik.kz порталындағы электрондық сынып журналдарындағы күнтізбелік – тақырыптық жоспарлар, теориялық және практикалық сабақтар зерделенді.

Оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеруде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтерінің үлгілік оқу бағдарламалары» әрбір оқу жылына сәйкес өзгерістерімен қолданылды. Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығымен негізгі орта білім деңгейінің 9 сыныбына арналған «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының үлгілік оқу бағдарламасы, 2020 жылғы 21 сәуірдегі №154 бұйрығымен жалпы орта білім беру деңгейінің 10-11-сыныптарына арналған «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар қолданылды.

Мектеп ұжымы оқу үдерісінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі мен Ы.Алтынсаринатындағы Ұлттық білім академиясы ұсынған «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әрбір оқу жылына арналған әдістемелік нұсқауатты басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізеді. Пәндер бойынша күнтізбелік тақырыптық жоспарлар жасалып, әдіс бірлестіктерінің отырысында қаралып, келісілді және мектеп директорының мөрімен бекітілді.

Бағаланатын кезеңдегі оқу жылдарындағы мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының іске асырылуын талдау, оқу жоспарының барлық пәндері бойынша бағдарламалардың, соның ішінде практикалық бөлігінің толық көлемде орындалғандығын көрсетеді. Білім алушылардың оқужетістіктерін бағалау «Орта білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылау, оларға аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына сәйкес (2022 жылғы 12 мамырдағы №193бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) жүзеге асырылды. Нормативтік талаптарына сай бөлім бойынша жиынтықбағалауалудыңсанысақталды. Пәнмұғалімдері алынған жұмыстың қорытындысын шығарып, оқушыларда қиындық тудырған мәселені анықтап көрсетіп, салыстырмалы талдау мониторинг ісін жасап отырды.

Оқу-тәрбие процесін үйлестіріп, нақтыжүйелі жұмыс жүргізуде мектепішілік бақылаудың алатын орны ерекше екені белгілі. Сондықтанда мектепте әр жыл сайын мектепішілік бақылаудың арнайы жоспары жасалып, бекітіліп, перспективалық жоспар арқылы пәндердің жаңартылған мазмұнда жүргізілуі, оқушымен педагогтің даму деңгейі зерделенеді. Оқу жылына арналған мектепішілік бақылау

жоспары «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекітутуралы»ҚР БҒМ-нің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығына сәйкес даярланды (өзгеріс енгізілген2022 жыл 27.08. №382)

Тоқсандық қорытынды бойынша төмен білім сапасын көрсеткен сыныптармен пәндер мектепішілік бақылауға алынды. Мемлекеттік даму бағдарламасын орындау мақсатында мектебімізде үлгермеуші оқушылармен жеке жұмыстар жасалып,

мектепшілік бақылау жоспары бойынша әрдайым білім сапасы назарға алынып, мониторинг жасалады.

Оқу бағдарламаларын, бөлім бойынша және тоқсандық жиынтық бағалау жұмыстары мектеп әкімшілігінің тұрақты бақылауында, барлық зерделеудің нәтижелері ай сайын директор жанындағы кеңесте қаралып, анықтама түрінде рәсімделеді.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді.

3. Білім алушылардың субъективті және білімді меңгеруі және таным мәселелерін шешуге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпыадамзаттық құндылықтарды сіңіруге бағытталған тәрбие жұмысын іске асыру

Тәрбие бағыты бойынша атқарылған жұмыстар

Тәрбие жұмысының тақырыбы **«Рухани адамгершілік құндылықтары арқылы білім алушылардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру»**

2022-2023 оқу жылына арналған Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебіндегі тәрбие ісі орынбасарының жылдық жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығына 2- қосымша, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдерінен құралады.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары жинақталып, папкіге салынды. Олар:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169- VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Тәрбие жұмысының мақсаты:

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығы негізінде 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін іске асыруға ұйымдастыру;
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу – тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымды қатысуымен кешенді түрде жұмыс жүргізу;
- Мектеп оқушыларының Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.

Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы аясында;

- Білім мазмұнын жаңарту жағдайында балалар мен оқушы жастарды тәрбиелеудің идеологиясы мен стратегиясын анықтау;

- Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өзін

– өздері танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау;

- Адами капиталдың сапасын жақсарту мақсатында жастар патриотизм тәрбиелеуге және мұғалімдердің сана- сезімін жаңартуға аса мән береді.

Тәрбие жұмысының міндеттері:

□ Жаңа демократиялық қоғамда өмір сүруге қабілетті азамат пен патриоттың қалыптасуына; тұлғаның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін

қалыптастыруға; балалар мен жастардың құқықтық санасының өсуіне, оның балалар мен жастар ортасындағы қатыгездік пен зорлық-зомбылық көріністеріне қарсы тұруға дайын болуына ықпал ету.

□ Тұлғаның рухани-адамгершілік және этикалық принциптерін, оның қазақстандық қоғам өмірінің нормалары және дәстүрлерімен келісілген моральдық қасиеттері мен мақсаттарын қалыптастыруға ықпал ету.

□ Тұлғаның жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға бағдарлануына, ана тілі мен қазақ халқының, Қазақстан Республикасында тұратын этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуіне ықпал ету.

□ Бала тұлғасын қалыптастыруда ата-аналардың ағарту жұмысын, психологиялық- педагогикалық құзыреттіліктерін күшейтуге, бала тәрбиесі үшін олардың жауапкершілігін арттыруға ықпал ету.

□ Тұлғаның еңбек дағдыларын, экономикалық ойлауы мен кәсіби қалыптасуы мен өзін-өзі іске асыруына саналы қарым-қатынас қалыптастыру, экологиялық мәдениетін дамыту, сондай-ақ коэволюция идеяларын қабылдау қабілетіне және оны күнделікті өмірде басшылыққа алуына ықпал ету.

□ Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру, оның ақпараттық мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету.

□ Білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құруға ықпал ету, жалпымәдени мінез- құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнерде және болмыста эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту.

□ Салауатты өмір салты дағдыларын тиімді меңгеру, дене дамуы мен психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты (куәлігі)

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар	964	100
2	1-11 сыныптардағы жалпы оқушылар саны		
3	Отбасы түрі бойынша:		
3	Толық отбасылар	646	67,1
4	Толық емес отбасылар, оның ішінде		
	А) ажырасқан отбасылар	88	9,12
	Б) некесіз (ф/4)	14	1,4
5	Анасы қайтыс болған балалар	3	0,3
6	Әкесі қайтыс болған балалар	30	3,11
7	Көп балалалы отбасы	436	45,22
8	Аз қамтамасыз етілген отбасы	182	18,8
9	Жетім балалар, ата анасының		

	қамқорлығынсыз қалған балалар А) патронат отбасы балалар Ә) қамқоршы отбасы балалар Б) тұл жетім балалар	8	0,8	
10	Мүгедек балалар , мүмкіндіктері шектеулі балалар	9	0,9	
11	Азаматтығы жоқ білім алушылар	0	0	
12	Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар	2	0,2	
13	Кәмелетке томағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0	
14	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0	
15	Ата- аналарының білімі:			
16	Жоғары , жоғары білімнен кейінгі	203	21	
17	Техникалық және кәсіптік	48	4,9	
18	Орта	713	73,9	

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жылдық жоспары 8 бағыт арқылы жүзеге асырылды. Атап айтатын болсақ:

- ☐ Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- ☐ Рухани-танымдық тәрбие.
- ☐ Ұлттық тәрбие.
- ☐ Отбасылық тәрбие.
- ☐ Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- ☐ Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.
- ☐ Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.
- ☐ Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Осы аталған бағыттар бойынша іс – шаралар жоспары құрылды, құрылған жоспар бойынша жұмыстар жүзеге асырылып отыр.

2022-2023 оқу жылында мектеп бойынша 980 оқушы, 40 сынып комплектісі, МАД-3 сынып;ф

1.Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.

Мектеп жұмысын салтанатпен ашатын алғашқы қоңырау болса, тәрбие бағытының бірі және бірегейі ол патриоттық тәрбие. Тәрбиенің әр бағытының өзіндік ерекшелігімен қажеттілігін ескере отырып, елдің болашағын, ұлтжанды азаматтарды тәрбиелеуде Қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу бағытының маңыздылығын түсінеміз. Осы бағытта мектеп оқушылары мен сынып жетекшілері және мұғалімдер болып бірқатар іс шаралар өткізіп, нәтижелі жұмыстар атқарылған. Жалпы тәрбие кезек күттірмейтін мәселе болғандықтан мектеп көлеміндегі жұмыстар қыркүйектің бірінші аптасынан басталған. Атап айтқанда, 1-қыркүйек – білім күні. Салтанатты шарада мектеп директоры мектеп табалдырығын аттаған мектеп оқушыларын жаңа оқу жылымен құттықтап, 1-сынып оқушыларына әліппе кітабын табыс етті. Биылғы оқу жылы Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығы аясында Ахмет Байтұрсынов ағамыз жасаған төл әліппеміздің ортамызға қайта оралған ерекше жыл болды. Сонымен қатар Білім күніне арналған Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекетіміздің даму тарихы, жеткен жетістіктері туралы "Тәуелсіздіктің жетістіктері" тақырыбында 2-11 сынып аралығында сынып сағаттарымен жалғасқан.Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектепте Ахмет Байтұрсыновтың 150 жылдығы аясында "5 қыркүйек - Қазақстан халқының тілдер күні" мерекесіне орай өткізілген "Тілді сүю - тал бесіктен" атты апталықтың іс-шара жоспарына сәйкес қазақ тілі, орыс тілі және ағылшын бірлестіктерінің ұйымдастыруымен "Ана тілі - мәңгі өлмейтін бәйтерек" тақырыбында әдеби кеш өткізілді. Кеш барысында оқушылар ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына тоқталып, тіл білімі мен әдебиетіне

қосқан еңбектері туралы сұрақтарға жауап берді, викториналық ойын ойнап, Ахмет Байтұрсынұлының өлеңдерін, аудармаларын мәнерлеп оқыды. Ақын туралы деректерді меңгерте отырып, қазақ халқының ұлт ретінде қалыптасуына зор үлесін қосқан еңбегін таныту және ұлтына бар ғұмырын арнаған ұлтжандылық сипатын ашу мақсатында ұйымдастырылған бұл шарада оқушылар белсенділік ерекше танытты. Ахмет еңбектерін жан-жақты талдап, өзекті ойларын ортаға салды. Мектебіміздің жас ақындары Ахметке өлеңдерін арнаса, өнерпаздарымыз ән-шашулар арнап, кешті қорытындылады.

<https://www.facebook.com/shar/p/CuxNAAQXLXzyX1MR/?mibexd=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде Кеңес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылуына 33 жыл толуына орай облыстық іс-шаралар жоспары аясында «Ауғанның асуында от кешкендер» атты тақырыпта Тарих бірлестігінің ұйымдастыруымен Ауған соғысы ардагерімен кездесу кеші өткізілді.

<https://www.facebook.com/sha/v65SezBr9QBUdiPh/?mibid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «Түлек 2022- ЖАҢА ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕРТЕҢІ» атты соңғы қоңырау салтанатты жиыны өтті. Іс-шараның шымылдығын мектеп директоры Рахымшаева Сабила Байқоңырқызы жылы лебізімен ашты.

<https://www.facebook.com/shar/jsKtD7hnhfFnesc/?mibextid=oFDknk>

6-15 қыркүйек аралығында мектебіміздің бастауыш сыныптар арасында "Назар аударыңыз, бағдаршам!" атты апталық өткізілген. 1-4 сыныптарда "Жол тәртібін білейік" тақырыбында тәрбие сағаты болып өткен.

Бастауыш сыныптар арасында өткізілген "Назар, аударыңыз, бағдаршам!" атты апталығында "Жол көлік" күні ұйымдастырылған.

Қазақстан тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай мемлекетіміздің даму тарихы, жеткен жетістіктері туралы «Тәуелсіз ел жетістіктері» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына ашық сынып сағаттары ұйымдастырылған.

1-11 сыныптар бойынша қыркүйек айында онлайн ата-аналар жиналысы өткізіліп, ата-аналарға түсіндірме жұмыстары жүргізілген. Жиналыс барысында ата-аналарға «Қауіпсіздік ережелері» тақырыбында түсіндірме өткізіліп, әлеуметтік желіге жарияланған. 8-11 сынып оқушылары арасында құқықбұзушылықтың алдын алу, болдырмау мақсатында 13-19 қыркүйек аралығында облыс көлемінде «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтетіндігін мектеп инспекторы мен мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары түсіндірме жұмыстарын жүргізген.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде «7 мамыр -Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай "Ұланымыз ұлы елдің" тақырыбында "Жас Ұлан" ұйымының қатарына қабылдау салтанаты өтті.

Мақсаты- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

<https://www.facebook.com/sha/p/F18QZCANb73H2vcD/?mibexid=oFDknk>

12-15 желтоқсан аралығында “Тәуелсіздік таңы” атты іс-шара өткізілуде. Осы іс-шара аясында 13 желтоқсан күні тарих пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен “Тәңірдің сыйы-Тәуелсіздік!” тақырыбында 7 сынып оқушыларымен Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасалды.

Мақсаты: білім алушыларды тарихи-өлкетану мұражайымен таныстыру. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу жылдарындағы маңызды оқиғаларын баяндайтын көрмелермен таныстыру.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасы туралы білімдерін кеңейтіп, еліне, Отанына деген сүйіспеншілігін арттыру.

<https://www.facebook.com/shar/p/QbEciJrdHNeshh/?mibextid=oFDknk>

2.Рухани-танымдық тәрбие.

2022 жылдың 9 қыркүйек күні 5 қыркүйек - Қазақстан халқы тілдері күніне орай 9-

сынып оқушылары арасында Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылығын насихаттау мақсатында «Ұлтымыздың ұлы ұстазы» тақырыбындағы TEDx форматындағы конференция өткен. 5-11 сыныптарда «Мен сияқты жаса» тақырыбында тәрбие сағаттары өткізіліп, оқушылар өздерінің оқып шыққан ақындар шығармаларын достарына, сыныптастарына оқуға челлендж жолдады. Жоғарғы сынып оқушыларына «Мен сияқты жаса» тақырыбында тәрбие сағатында Адалдық құндылығы туралы түсінік беру, достарына, қоғамға адал қызмет ету сезімін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беруге қалыптастырған.

<https://www.facebook.com/100334449956/videos/pcb.56862449046/836198177041093>

Сонымен қатар, 1 қазан-қарттар күніне орай «Қарттарым-асыл қазынам!», «Ұстазым менің, ұстазым» атты мерекелік шаралар ұйымдастырылған.

<https://www.facebook.com/100033444999956/videos/1033362577493734>

2022 жылдың 17 қараша күні "Роза Бағлановаға-100жыл" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Тәрбие сағатының мақсаты: жас ұрпаққа аты аңызға айналған қазақ халқының әншісі Роза Бағланованың өмірі мен шығармашылығын таныстыру. Видеоролик көрсету арқылы Роза Бағланованың оқ астында тұрып ән шырқаған ерлік іс -әрекеті баяндалды.

<https://www.facebook.com/shre/eLvDCraJs55QD52H/?mibexid=oFDknk>

3. Ұлттық тәрбие.

2022 жылға арналған "Құндылыққа негізделген тәрбие жобасы" аясындағы іс-шаралар жоспарына сәйкес 17 наурыз күні 7-8-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «BAUYRSAK PARTY» өткізілді. Іс -шара мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарымызды ұлықтап, салт-дәстүрімізді берік ұстануға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/shre/p/k9GNAiLiKFLVxi1/?mibexid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 2022 жылға арналған "Құндылыққа негізделген тәрбие жобасы" аясында 31.01.22ж. күні тарихы пәні бірлестігі мен тарих пәні мұғалімі М.Махатайдың ұйымдастыруымен және мектеп оқушыларымен "Дәуір данасы" тақырыбында танымдық сағат өткізілді.

Танымдық сағаттың мақсаты: дәуір данасы, ұлтымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай оқушыларға Дінмұхаммед Қонаевтың өмірбаяны, тұлға туралы жан-жақты түсінік беру, кемеңгер тұлғаның қоғамға және мемлекетке сіңірген еңбегі жайлы түсіндіру және жас ұрпаққа насихаттау.

<https://www.facebook.com/share/p/86hntZzj7Vg9SXtX/?mibextid=oFDknk>

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің 125 жылдығына орай 1-11 сыныптарда тәрбие сағаттары, танымдық сағаттар өткізілген.

Сонымен қатар, «JAS ORDA» Жастар кеңесінің мүшелері мейірімділік пен ризашылыққа толы күні қарсаңында бүгінгі бейбіт заман үшін батырлық пен еңбекқорлықты ту еткен ардагер ата – әжелерімізге өз алғыстарын жеткізді. Білім саласы бойынша 82 тыл ардагері бар. Осы ардагерлердің үйлеріне барып аулаларында тазалық, қажет ететін үйлеріне әктеу жұмыстарын жүргізіп, бау-бақшаларында жер аударып, жеміс талдар егіп, білім саласындағы жаңалықтармен бөлісті. «Ел алғысын алсаң, елеулісі боласын, Тәуелсіздігімізді мәңгіге сақтап, Қазақ елін одан әрі дамыта беріндер» - деп ақ баталарына ие болды.

4.Отбасы тәрбиесінің міндеті балалардың өз туыстарының кемшіліктеріне шыдамдылық көрсетуін қалыптастыру, өзін отбасының тең құқылы бір мүшесі ретінде сенуіне, ересек адам ретінде отбасында пікір айта алуына дағдыландыру.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде Халықаралық отбасы күніне орай ұйымдастырылған пікірсайыс турнирі өткізілді.

Турнирге:



Сыр жастары



Руханият фракциялары қатысып өй бөлісті.

<https://www.facebook.com/p/UiRwfkknffsGt8BK/?mibexid=oFDknk>

Отбасы күніне байланысты адалдық құндылығы туралы түсінік беру, достарына, ата-аналарына, қоғамға адал қызмет ету сезімін қалыптастыру мақсатында 6-сыныптар арасында "Мен сияқты жаса" тақырыбында челлендж өткізілген. 1-11 сыныптар аралығында "Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің"... Ата мен анадан алған өнегеге еш нәрсе жетпес...тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілген.

5.Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағытының міндеті-табиғат тағдыры үшін тұлғаның жауапкершілік сезімін қалыптастыру, жанашырлық сезімін ояту, адам мен қоршаған ортаның біртұтастығын сана-сезімдеріне дағдыландыру. Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде экологиялық білімді жетілдіру үшін 2022 жылдың 12 қазан күні мектептің география пәнінің мұғалімі Нұрғұл Әбдірахманованың ұйымдастыруымен «ECO ALEM» атты эко-ойыны өткізілді. Ойын барысында оқушыларға эко-макет таныстырылып, экологиялық ақпараттар жайлы мәліметтер берілді.

<https://www.facebook.com/shar/2MPa6yK67jDPojW/?mibexid=oFDknk>

«Мамандық таңдау – ертеңді ойлау» кездесу, «Мамандықтар әлемі» 8-11 сыныптардың қатысуымен таным және «Мамандық – өмірлік серігің» пікір алысу сағаттары өткізілген.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=586025856079&set=pcb.58601857856304>

Жас Ұлан ұйымының мүшелерімен «Көріктендіру көгалдандыру айлығы», «Жасыл әлем» талдар отырғызу акциясы ұйымдастырылған. Мектептің жас мамандары «Құстар күні», «Аялайық табиғатты», «Көріктендіру-көгалдандыру» бригадаларының жұмысы ұйымдастырылған.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=4137185730306&set=pcb.3719156419581>

6.Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

КӨРКЕМСӨЗ ОҚУДАН ОНЛАЙН БАЙҚАУ

Ұйымдастырушылар: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Мешітбаева Қамар, Бәкірова Салтанат

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 2022-2023 оқу жылының қысқы демалыс уақытында жүргізілген іс-шаралар жоспарына сәйкес 8 қаңтар күні 5-9-сынып оқушылары арасында көркемсөз оқудан онлайн байқау өтті.

Байқаудың мақсаты:

- қысқы демалыс кезінде балалардың бос уақытын тиімді пайдалануын және пайдалы әрі белсенді қызметін ұйымдастыру;
- балалардың қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілетін дамыту;
- рухани әлемін байыту.

Байқауға келіп түскен жұмыстардың ішінен үздік шыққан оқушылардың бейнежазбасын назарларыңызға ұсынамыз.

<https://www.facebook.com/sare/v/4YkwPkmcehNmLZ2e/?mibextd=oFDknk>

Қазақстан халқының тілдер мерекесіне орай «Тілім-тірегім» тақырыбында апталық болып өткен. Апталық аясында 3 «Б» сынып оқушыларының қатысуымен «The kids voice» тақырыбы аясында іс-шара өткізілген. 1-11 сыныптарда «Ер есімі-ел есінде» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Мақсаты: Соғыстан аман –есен оралған батыр бабалармыз еңбегін үлгі, өнеге ете отырып ардагерлерімізді құрметтеуге тәрбиелеу.

7.Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты-әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңестік қалыптастыру мақсатында бастауыш сынып оқушыларының кітап оқуға құштарлығын арттыру мақсатында "Бір ел-бір кітап" республикалық акциясы аясында тәрбие сағаты болып өткен. Акцияның мақсаты – халық әдебиетін насихаттау, тарихи, мәдени және рухани мұраны сақтау, жастарға адамгершілік-патриоттық тәрбие беру, ана тілін құрметтеу. Акцияның міндеті – қазақ әдебиетін кеңінен насихаттап, халықтың оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге деген қызығушылықты дамыту, сонымен қатар жас ұрпақтың

интеллектуалды және рухани дамуына үлес қосу.

Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебінде «7 мамыр -Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай "Ұланымыз ұлы елдің" тақырыбында "Жас Ұлан" ұйымының қатарына қабылдау салтанаты өтті.

Мақсаты- өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікті қалыптастыру.

Іс-шара барысында «Жас Қыран» мүшелігіне қабылданатын оқушылар ант беріп, ұйымның арнайы белгісі бар галстугын тақты.

Мерекелік шара өз жалғасын тауып, өнерлі бүлдіршіндер ән шырқап, билерін паш етті.

<https://www.facebook.com/share/p/F18QZCANb73H2vcD/?mibextid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 5 желтоқсан күні "Зорлық-зомбылыққа қарсы 16 күн" ақпараттық науқанына орай өткізілетін іс-шаралар жоспары аясында "Үйдегі тыныштықтан жер бетіндегі бейбітшілікке" тақырыбы бойынша "Аналар мектебінің" төрайымы Байсалбаева Нұрғұлдің ұйымдастыруымен 7-8 сынып ата-аналарын қамтыған коучинг өткізілді. Коучингті директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары, коуч Құралай Маделханова жүргізді. Мектеп психологы Айғараева Кулзия ата-аналардың психологиялық көңіл-күйін қалыптастыру мақсатында тренингтер өткізді.

- <https://www.facebook.com/sare/TcBSyHvDscVK7ZX5/?mibextid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 2022 жылдың 14 қараша күні «Бала құқығы-адам құқығы» тақырыбы негізінде «Өмір ағашы» үздік сынып медиатор сайысы болып өтті. Сайысқа 8-сынып оқушылары қамтылды. Оқушылар өз мүмкіндіктерінше жасап келген жұмыстарын көрермендерге таныстырып өтті.

<https://www.facebook.com/sare/WZwThu5qtmz9CD6e/?mibextid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебінде 2022 жылы 7 ақпан күні оқушылар мен кітапхананың байланысын нығайту мақсатында 8 сыныптар бойынша «100 жаңа оқулық » тақырыбында BOOKDATING кітапқұмарлар алаңы өткізілді. Алаңда оқушылармен бірге сынып жетекшілер, қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімдері бірлесе отырып, Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя » повесін талдады..

<https://www.facebook.com/p/wW8UvtbkZz1CUet6/?mibextid=oFDknk>

"Қауіпсіз интернет" дәстүрлі іс-шарасының жұмыс жоспарына сәйкес 5 сәуір күні "Интернет менің өмірімде" тақырыбында 7-8-сынып оқушылары арасында эссе байқауы өткізілді.

Эссе байқауының мақсаты: жасөспірімдер арасында интернетті қолдану мәдениетін қалыптастыра отырып, шығармашылық қабілетін дамыту; ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу.

Жазба жұмыстарын тексеру барысында эссенің тақырыпқа сәйкестігі, ой байланысы мен ойлау ерекшелігі, мазмұндаудың жүйелілігі, өзіндік тұжырымдардың нақты дәлелдермен берілуі, орфографиялық және пунктуациялық ережелердің сақталуы негізге алынды. Нәтижесінде, өз ойларын жан-жақты жеткізе білген Қайырбек Мерей, Қуанышбай Гүлім және Сейтжаппар Нұржанның жұмыстары үздік деп танылды.

<https://www.facebook.com/sare/p/YT9zSJ3UrUMrDL4b/?mibextid=oFDknk>

8.Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

«Менің отбасым менің денсаулығым» тақырыбында денсаулық апталығы жарияланған. Қала көлеміндегі спорттық ісшараларға жас ерекшеліктеріне сәйкес оқушылар қатыстырылған.

Қызылорда облысының білім басқармасы ұйымдастырған ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар арасында өткізілген облыстық “Жұлдызай” спартакиадасының “Бестас” ойыны бойынша Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектептің 7 Б сынып оқушысы Исахан Назира 🏆 орын иеленді.

Жетекшісі: Караева Сейсенай

<https://www.facebook.com/sare/p/sDkEVPRMMM6jnFLo/?mibextd=oFDknk>

Мектеп оқушыларының күзгі, көктемгі, қысқы каникул күндерін тиімді өткізу мақсатында іс шаралар жоспары әзірленген, жоспарға сәйкес жұмыс жүргізілген. «Жастар есірткіге қарсы!», спорттық ойындар, «Денсаулық – зор байлық», «Тұмау ауруының алдын алу жолдары», «Бүкіл әлемдік туберкулезге қарсы күрес күні» түсіндірме жұмыстары, ұйымдастырылған. Жазғы мектеп аясында «Балдаурен» жазғы тынығу лагерь балаларымен «Бар мейіріміміз балаларға!» тақырыбында мерекелік кеш ұйымдастырылған. Мерекелік кешке ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар белсене қатысып, мерекелік кеште спорттық эстафета сайысы өткізілген.

1.«Ақиқат» дебат клубының жетекшісі 2022 жылдың 22 қазан күні «Ақиқат» дебат клубының ұйымдастыруымен 10 сыныптар арасында мектепшілік турнир өткізілді. Мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту. Талқыланған мәселелерге қатысты іс жүзінде жүзеге асырылатын ымыралы шешімдерді әзірлеу. Мектепшілік турнирге 4 фракция қатысты.

2022 жылдың қаңтар айының 12 жұлдызында 10-11 сынып оқушыларының қатысуымен «Қашықтықтан оқытудың тиімді және тиімсіз тұстары» атты дебат турнирі болып өтті. Нәтижесінде: Әр топ өздерін жан-жақты көрсете білді. Ерекше көзге тускен: Сейтжаппар Нұржан- 9 сынып оқушысы «Үздік Спикер» 2. Нұрлыбек Динара-8 сынып оқушысы «Үздік Оратор» номинациясын жеңіп алды. 2022 жылдың қараша айының 16 жұлдызында 9- сынып оқушыларының қатысуымен «Отбасындағы бала құқықтары» атты дебат турнирі өтті.

Нәтижесінде әр топ өздерін жан-жақты таныта біліп, жүлделі орындарға ие болды. 1-орын» Мәдинет» фракциясы: Бақыт Ақерке,

2-орын» Ақиқат» фракциясы: Тұрымбетова Ұлдай, Нұрлыбек Динара иеленді.

2. «Театр жобасының» жоспарына сәйкес «Театр сабақтары» жобасының аясында 10.09.2022 жыл Мектеп театрын құру үшін кастинг жүргізілді. 10-қыркүйек күні «Театр сабақтары» жобасы бойынша мектеп театры құрылды. Театр оқушыларын таңдау кастинг арқылы жүзеге асты. Кастинг барысында оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, актерлік шеберліктерімен тәнті етті. Үздік деп танылған оқушылар мектеп театрына қабылданды. Кастинг нәтижесінде театрға 15 оқушы қабылданды. 08.10.2021 жыл Қаламыздағы театрлардың жұмыстарымен танысу барысында экскурсия ұйымдастырылды. Театр – шын мәнінде өмір айнасы. Ол алдымен адамның өз-өзін реттеуіне, күнделікті мән бермей жүрген нәрселерін айнаға қарағандай өзінен табуға жәрдемдеседі. Қай жаста болмасын театрға келуі арқылы әр адам өзін басқа бір қырынан тануға, өмірден оқшау еместігін, оның біртұтастығын түсінуге, қоғамның бір бөлшегі екенін ұғынуға мүмкіндік алады. Сондықтан, мектеп театр оқушылары театр жетекшісімен бірге Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық Қазақ академиялық музыкалық драма театрына барып, экскурсия жасады. Экскурсия барысында театр тарихымен, театр әртістерінің, режиссерлардың жұмыстарымен танысып, театрға деген қызығушылықтары артты. Драма театрға жасалған экскурсиядан кейін оқушылар өз ойларымен, саяхаттан алған әсерлерімен бөлісіп, ой бөлісу жүргізілді. Театр – шын өмірдің болмысы екендігіне, оның өзіндік мәдениеті мен этикасының барын түсініп, ұғынуға мол мүмкіндік алған экскурсия болды.

12.11.2022 жыл Театр ілгіштен басталады, ал, әдеп «сиқырлы сөздерден» басталады тақырыбында сахналық этюд өтті. Станиславскийдің: «Театр – киім ілгіштен басталады» – деген қанатты сөзін барлығы дерлік біледі. Оның бұл ойымен санасуға болмайды. Көрермен театрға кіріп келгеннен бастап, оны гардеробтан мерекелік, театрлық жағдай күтіп алуы қажет. Бірақ, шын мәнісіне келетін болсақ театр киім ілгіштен басталмайды, театр драматургиядан, оның репертуарынан басталады. Бұл ой ешкімге таңсық емес, біздің уақытта жаңаша мағына алады. Қазіргі таңда театрдың

көрермен алдындағы міндеттері кешегіден бөлек. Осыған орай театр мүшелерінің актерлық өнер техникасын дамыту мақсатымен жүргізілетін импровизациялық сипаттағы жаттығулар жасалды. Бұл жұмыс жеке және топтық негізде жүзеге асырылды. Осы шара арқылы оқушылар қойылым барысында орын алатын келеңсіздіктерден өтуді, кейіпкерлердің ішкі дүниесін қабылдау мен актерлік шеберліктерін дамыта алды.

<https://www.facebook.com/10003344999956/videos/4510826360166>

26.11.2022 жыл Театр және біз... Блиц турнир өтті. Театр – мәдениет ошағы. Сан түрлі өнердің ішінде театр мәдениетінің, театр өнерінің алатын орны ерекше. Әр халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тағылымды тарихы болады. Өзінің өнері арқылы әр халық ұлттық болмысынан, өмір сүру салтынан хабар береді. Басқа өнер түрлері сияқты театр өнері де қоғамдық ой-сананың, адами дүние танымның жемісі. Осы уақытқа дейін театр туралы жинаған білімдерін саралау барысында театр оқушыларымен бірге блиц турнир өткізілді. Блиц турнир барысында өнер, театр тарихы, театр мәдениеті, сөйлеу мәдениеті, сахна мәдениеті туралы бар білімдерін ортаға салды. Сайыс театрдың 6-сынып оқушыларының қатысуымен өтті. 24.11.2022 ж. Мектеп театрының 2022-2023 оқу жылында жүзеге асырылған шаралардың жартыжылдық есеп беруі өтті. Есеп беру барысында театр жетекшісі Нұрмаханова Камшат оқу жылының жартысында жүзеге асырылған шараларға талдау жасап, театр оқушыларының осы уақытқа дейінгі жинаған тәжірибелері, қойылымдардың өту дәрежесі мен театрға деген құштарлықтары талқыланды. 21.01.2022 ж. Мектеп театры оқушыларының арасында театр үздігін анықтау барысында зум онлайн платформасында «Үздік актер» байқауы өтті. Оқушылар «Үздік актер» байқауының қорытынды шарасына дейін онлайн видеоларын жіберіп, қорытынды шарада зум онлайн платформасында монолог оқып, шара соңында байқау нәтижесі жарияланды. 05.02.2022 ж. Мектеп театры оқушылары театр жетекшісімен бірге театрлық тамашалау мақсатында Нартай Бекежанов драма театрынд ақпан айының 5-і күні өткізілген Е.Төлеутайдың «Тентек Теке» балалар қойылымына барды. Қойылымнан кейін оқушылармен театрлық көрсетілім бойынша алған әсерлерімен бөлісіп, алдағы уақытта өткізетін қойылымдарына қатысты жаңа тың идеяларымен бөлісті. 25.02.2022 ж. Мектеп театры оқушыларының шеберлігін арттыру барысында Н.Бекежанов драма театры әртісі Арай Көшімбаевтың қатысуымен «Менің қиялымдағы мектеп театры...» тақырыбында курс өткізілді. Курс барысында оқушылар драма театр әртісінің актерлік шеберлігіне тәнті болып, шеберліктерін арттыруға мүмкіндік алды. Бұл курс оқушылардың алдағы уақыттағы жұмыстарына пайдасын тигізеді. 04.03.2022 ж. Театр оқушыларының қатысуымен «Ел тірегі – Елбасы» тақырыбында Тұңғыш Президентті ұлықтау мақсатында мерекелік шара өткізілді. Шара барысында концерттік бағдарламамен қатар оқушылар Елбасымыз Н.Назарбаевтың балалық шағынан үзінді оқиғаларынан қойылым қойды. Оқушылар мерекелік шара арысында өз өнерлерімен тәнті етті.

<https://www.facebook.com/profile.php?id=1000334449956>

11.03.2022 ж. «Театр мәдениет ошағы» тақырыбында мектеп театр оқушыларының мәдениет саласының майталманымен кездесу кеші өтті. Шараға Нартай Бекежанов Қызылорда облыстық академиялық музыкалық драма театры әртісі, Қазақстан Жастар Одағы "Серпер" сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бақытбек Темірбеков шақырылды. Кездесу барысында ол театр өнері төңірегіндегі тың кәсіби кеңестерімен бөлісіп, өзара пікір алмасты.

3. Оқуға құштар мектеп жобасы аясында оқу мәртебесін, оқу сауаттылығын және оқу сапасын арттыру, сондай-ақ жас ұрпақ бойында азаматтық және рухани - адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру мақсатында 13-ақпан күні мектебімізде балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында атқарылған Ә.Тәжібаевтың шығармашылығын өскелең ұрпаққа насихаттау мақсатында «Алып ғасырдың

алып ақыны» атты ақын жырларын жатқа айту болып өтті. "Бабалар үні" акциясы, «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау, оқу мәдениетін қолдау және дамыту, жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында кітап оқу, насихаттау шаралары жүргізілуде. «Тұғыры биік-Тәуелсіздік» көрмесі, «30 жылдыққа-30 кітап» акциясы, М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романын, Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романын талқылауға арналған дөңгелек үстел, Ұлттың Ұлы ұстазы А.Байтұрсыновтың шығармаларына талдау жүргізілді. «Отбасыммен бірге оқимын» атты отбасылық оқу күні ұйымдастырылды. Ы.Алтынсариннің 180 жылғына орай «Ыбырай-ұлы тұлға», «Ұлы ағартушы», «Өнер - білім бар жұрттар», тақырыптарында тәрбие сағаттар өткізілді. Д.Қонаевтың 110 жылдығына орай «Дана тұлға, дара тұлға», Д.Қонаев-110 жаста», «Қонаев- ғасыр адамы», «Дәуір данасы» тақырыбында танымдық сағаттар ұйымдастырылды. А.Байтұрсыновтың 150 жылдығына орай 10-11 сыныптарда «Ахмет-Ұлт ұстазы» Алаш зиялыларының өлеңдерін жатқа оқу ұйымдастырылды. Интернат тәрбиеленушілері кітап оқып талдап, үндеу жолдап, кітап оқуға шақырды. Каникул уақытында 1-11 сынып оқушылары мен ата- аналардың кітап оқуына бағдарланған «Оқырман отбасы» челленджі қолға алынып, «Оқу және жазу мәдениеті күні-оқу сәні» шаралары ұйымдастырылды.

Психологиялық қызмет жұмысы. 2022-2023 жыл


Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 ж. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығына (29.06.2023 ж. №186 өзг) және Облыстық білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 12.09.2022 ж. №104-нқ бұйрығы негізінде көрсетілген педагог-психологтардың лауазымдық міндеттерін басшылыққа ала отырып, мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша 2022-2023 оқу жылдарына арналған жоспары жасалып, мектепте психологиялық қызмет психологиялық кеңес беру, психологиялық диагностика, ағартушылық –профилактикалық, түзету -дамытушылық және әлеуметтік деспечерлік бағытта жүзеге асыратын психологиялық қызмет бағыттары бойынша жұмыстар атқарылды.

2022-2023 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу жұмыстары жүргізілді.



2022 жылдың қыркүйек айында мектеп бітіруші түлектерге ҰБТ туралы түсінік беру мақсатында «ҰБТ деген не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында ағартушылық жұмыс жасалынды. Шағын сабақта оқушыларға ҰБТ-ның ерекшеліктерін таныстыра отырып, оқушылардың бойындағы теріс күштерді жою, белсенділігін арттыру. Өзін-өзі бағалау деңгейін жоғарлату, қобалжу сезімдерімен күресе білуге үйрету.

2022 жылдың қазан айының 10- 26 күндер аралығында 7-11 сынып оқушылары бойынан жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау (депрессия, үрей, стресс) мақсатында DASS шкаласы бойынша сауалнама алынып, қорытындысы жасалды. Оқушылардың өзара қарым-қатынасын, топтан шеттеп қалған оқушыларды анықтау мақсатында 7 сынып оқушылары арасында 2022 жылдың қараша айының 15-25 күндер аралығында Дж. Мореноның «Социометрия» әдістемесі алынып, өңделді. Сауалнамаға 93 бала қатысты. Сауалнама барысында оқушылардың қарым-қатынасы жақсы, шеттеп қалған бала анықталған жоқ.

Оқушының оқу түрткісінің құрылымын зерттеу оқушының оқу түрткісінің құрылымын зерттеу мақсатынды «Оқушының оқу түрткісінің құрылымын диагностикалау» сауалнамасы 7 сынып оқушыларынан алынды және қорытыланды



Мамандықтың айқын түріне бейімділігін анықтау мақсатында 25-30 қаңтар күндері 9, 11 сынып оқушыларынан «ДДО-Е.Л.Климовтың дифференциалдық-диагностикалық сұрақнама, адамдарды биологиялық белгілер бойына нақты психологиялық типтерді анықтау» тестісі алынып, қорытындыда.



«Оқушының психологиялық саулығын бағалау» шкалалары бойынша қараша айында 7-11 сынып аралығында «Менің өмірім» /7 сынып/, «Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/, «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/, «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/, «Болашаққа хат» /11 сынып тақырыбында эсселер алынып, өңделді. Эссе жазу барысында оқушылар бойынан стрес, депрессия, үрейде жүрген оқушылар анықталған жоқ.



Темперамент — жүйке саласының тума қасиеттерін туындайтын адамның жеке-дара өзгешелігін зерттеу, темперамент типінің көрсеткішін анықтау мақсатында 2022 жылдың қараша айында 7-11 сынып оқушыларынан «Темперамент типін анықтау» сауалнамасы алынып, өңделді



2022 жылдың 26 қазан күні қыздармен әңгімелесе отырып, ар - намысын, пәктігін, сұлулығын жоғары қоя біліп, жұрт алдында абыройлы болуға тәрбиелеу. Салауатты өмір салтын қалыптастырудағы ой өрісін дамыту, зиянды әрекеттерге еліктеудің, қызығудың өмірлеріне қауіп тудыратынын ескерту мақсатында **«Қыз өссе –елдің көркі»** тақырыбында 7 «А» сынып қыздары арасында психологиялық тренинг өткізілді.

Кеңестер, «Мен гүлмін» жаттығу, «Қадір – қасиет» жаттығу, «Адамгершілік ағашы» жаттығу жасалды.



2022 жылдың 15 қараша күні республикалық Бала құқығы-адам құқығы он күндік аясында

8-11 сынып оқушылары арасында ҚПБ ЖПҚБ УПИ –ры полиция капитаны Олжас Жаңбаев, ҚПБ ЖПҚБ УПИ –ры полиция лейтенанты Гүлжайна Әшірхан, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Жукашов, әлеуметтікпедагог Г.Рахметовамен бірлескен «Өзіңді қорға» атты тақырыпта жиналыс болды. Осы жиналыста мектеп психологы К.М.Айгараева 8-11 сынып оқушыларына «Буллинг, кибербуллинг туралы сөйлесейік» тақырыбында баяндама жасады



Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтау мақсатында 7-9 сынып оқушылары арасында 10-27 қаңтар күндері арасында «Ғаламторға және компьютерлік ойындарға тәуелділікті анықтауға арналған тест сұрақшалары» диагностикалық жұмыс жүргізіліп, қорытындысы жасалынды.

«Қауіпсіз интернет» тақырыбында 8-9 сынып оқушылары арасында интернет деген не?, компьютермен қалай жұмыс жасау керек?, интернеттегі қауіпсіздік, қауіпсіз әрі пайдалы интернет, т.б. түсіндірме жұмыстары слайд арқылы түсіндірілді.


Оқушылардың өзара-қарым-қатынасын жақсарту, ортаға бейімделуін нығайту, өздерінің жақсы қасиеттерін білуге үйрету, мадақтау, мақтау, жағымды сөздер айта білу дағдыларын дамыту мақсатында 14 ақпан күні 7 «А» сынып оқушыларына «Мен және менің ортам» тақырыбында тренинг өткізілді.



Оқушылардың өзара-қарым-қатынасын жақсарту, ортаға бейімделуін нығайту, өздерінің жақсы қасиеттерін білуге үйрету, мадақтау, мақтау, жағымды сөздер айта білу дағдыларын дамыту мақсатында 2023 жылдың 20-24 ақпан күндері аралығында 7-11 сынып оқушылары мен мұғалімдер арасында апталық өткізілді.



Оқушылардың көңіл күйін жақсарту, өзара-қарым-қатынасын жақсарту, сыйластыққа, ауызбіршілікке баулу мақсатында 14 ақпан күні 7-11 сынып оқушылары арасында : «Көңілді үзіліс» ойындары ұйымдастырылды.




"Сиқырлы әлем" апталығы барысында 7 "А" сынып оқушылары арасында өзара қарым-қатынастарын жақсарту, көңіл күйлерін көтеру, ауызбіршілігін жақсарту, достыққа, бауырмалдыққа тәрбиелеу мақсатында "Біз бір топпыз" тақырыбында тренинг өткіздім.



Оқушылардың көңіл күйін көтеру, өзара қарым-қатынасын жақсарту, сенімділіктерін арттыру, қорқыныштан арылту, ұжымдық, ауызбіршілік, бір-бірін қолдау, сыйластық қасиеттерін дамыту мақсатында 20 ақпан күні "Сенімділік серігім" тақырыбында 8"Ә" сынып оқушыларына тренинг өткізді. Тренинг барысында "Сәлем, мен сені жақсы көремін", "Мен саған сененмін", "Кедергіден өту", "Өрмекші торы" т.б жаттығулары жасалынып, кері байланыс болды.





Оқушылардың қарым – қатынасын, ортаға нығайту, дамыту, оқушылар өздерін барысында, өздерінің әлі де достары қасиеттерімен таныстыру мақсатында 7 оқушыларына

23 ақпан күні «Біз бір топпыз» тренинг өткізілді.

барысында «Сәлемдесу», «Стакан жоғары, төмен» жаттығуы, «Кедергі жіптен өту» ойыны, «Ақ лента», «Стаканды шармен үрлеп құлату», «Өрмекші торы» жаттығулары жасалды. Тренингке 17 оқушы қатысты. Тренинг кезінде оқушылардың көңіл күйі жақсы болды және тренингке белсене қатысты.

бейімделуін таныстыру білмейтін жеке «Б» сынып

тақырыбында Тренинг

"Арт терапия - шығармашылық терапиясы"

Заманауи дәстүрлі емес сурет салу. Арт-терапия әдісі

Оқушылардың сезімдерін сурет салу арқылы шығару, жасырын қабілеттерін дамыту, қоғаммен байланыс орнатуға мүмкіндік беру. Арт - терапия техникаларын қолдана отырып, түпсанамен жұмыс істеу арқылы оқушы бойындағы түпкі мәселелерін анықтау мақсатында 2"Ә", 9, 10 сынып оқушыларына Арт-терапия әдісі шығармашылық терапиясы өткізді.

"Табиғат" ағаштың суретін салу, "Тасқа сурет салу", "Би терапиясы", "Тұзбен сурет салу", "Түтікшемен сурет салу", "Жіппен сурет салу" жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен кері байланыс жасалынды.



Оқушылармен кері байланыс жасалынды, өзара қарым-қатынасын жақсарту, ұжымдық, ауызбіршілік қасиеттерін дамыту, қолдау, сыйластық т.б. қасиеттерін қалыптастыру, жылдамдыққа үйрету, ойлау қабілетін дамыту мақсатында 7 «А» сынып оқушыларына 2023 жылы 23 наурыз күні «Ойнайық та, ойлайық» тақырыбында тренинг өткізілді.

Барлық оқушы саны: 22; Қатысқан оқушы саны: 22

Тренинг барысында «Ыстық алақан», «Айналма», «Кім бірінші», «Сенімділік серігім», «Стакандағы суды мәреге жеткізіу» жаттығулары жасалынып, кері байланыс жасалды.






«Профиль» әдістемесінің қорытындысы

(Г.Резапкина модификациялаған А.Голомштоқтың қызығушылық картасы әдістемесі)

Мақсаты: Мамандықтың айқын түріне бейімділігін анықтау (жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағдарын анықтау.)

Өткізілген күні: 07.04.2023 жыл



Жақсы көңіл күйдің адами қарым-қатытынаста алатын орны туралы оқушылардың түсініктерін кеңейту. Эмоционалдық көңіл күйін көтеру, шаршағандықтарын басу, жағымды психологиялық ахуал қалыптастыру мақсатында 12 мамыр күні 8 «Б» сынып оқушыларына «Менің көңіл күйім» тақырыбында тренинг өткіздім.





Жастар орталығы және №6 қалалық емхана мамандарымен 7-11 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылып, жасөспірімдер денсаулығына байланысты кеңестер берілді.



Мект

М.



Облыстық семинарда «Заманауи білім берудегі психологиялық қызметінің даму негіздері мен қазіргі қоғамдағы маңызы» тақырыбында өз тәжірибеммен бөлістім. 28 сәуір, 2023 жыл





орынбасарлары Гулмира Кенбаева мен Нұрлыхан Жукашов еріктілер тобынан құрылған ұстаздар рейдтік шаралар ұйымдастырған. Мақсаты: бала еңбегін пайдалану проблемасына қоғамның назарын аудару; Міндеттері: өңірде бала еңбегін пайдалану проблемалары, балаға және қоғамға тигізетін әсері туралы қоғамның ақпараттылығын арттыру; Бала еңбегінің ең нашар түрлері проблемалары және кәмелетке толмаған балаларды жұмысқа тартудың алдын алу мақсатында сауда орындары, көлік жуу орталықтары араланып, үндеу хаттар таратылып, кеңестер берілген.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=7348471873442&set=pcb.734848534306640>

3. Рухани-адамгершілік тәрбиелеу бағытының негізгі міндеті-адамгершілік мінез-құлық әдеттерін, қарым қатынас мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Бүгін, Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде "Ұстаз деген-жарық күні ғаламның" тақырыбында ұстаздар мерекесіне арналған концерт болып өтті.

Іс-шараның мақсаты- Ұстаздарды құрметтеу, сыйлау және қадірлеу қасиеттерін оқушылардың бойына дарыту. Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру.

<https://www.facebook.com/share/k4m6dfpbmEZcFyos/?mibextid=oFDknk>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 11.11.2022-18.11.2023 ж аралығында «Бала құқығы -адам құқығы» тақырыбындағы іс-шара жоспары жасалып бекітілді.

2023 жылдың 11 қараша күні 8- сынып оқушыларының қатысуымен «Менің таңдауым» тақырыбындағы бейнежазбаны талқылау жұмысы жүргізілді. Іс-шараны «Өзін-өзі басқару» ұйымының жетекшісі Б.Бекмұрзаева балаларға ой салатын бейнежазбаны ұсыну арқылы қызықты әрі әсерлі өткізді.

<https://www.facebook.com/share/2YNySoKdwNzUK/?mibextid=oFDnk>

Әуезов мұрасы - бай, сарқылмас қазына, түпсіз терең мұхит. Қазақтың біртуар данасын ұлықтап, ұрпаққа үлгі ету, насихаттау әр қазақтың парызы. «Жас ұлан» ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен шара ұйымдастырылған. Мақсаты: Балалардың санасына мейрімділік, қайырымдылық ұғымдарын қалыптастыру, әлеуметтік жағдайы төмен балаларға көмек көрсету, оқушыларды кішіпейілділікке, бауырмалдыққа баулу. «Жомарт дос көбейтеді, сараң мал көбейтеді», «Кең пейілді кемімес, тар пейілді кеңімес» - дегендей қайырымдылық адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, қолдан келген жәрдемін ұсына отырып, «Жас Ұлан» ұйымының мүшелері достық пейілдерін танытып «Жомарттық мекені» акциясын ұйымдастырған.

<https://www.facebook.com/1000334449956/videos/pcb.833180236802/807478553870862>

«Мәңгілік ел- нұрлы жолы қазақтың» Тәуелсіздік – еліміздің баға жетпес байлығы. Тәуелсіздік - қазақ халқының бостандыққа ұмтылған асқақ армандары мен қайсар рухының жемісі. Сондықтан да біз үшін Тәуелсіздік-тәңірдің біздің ұрпаққа берген үлкен бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Осыған орай 2023 жылдың 5 желтоқсанында «Мәңгілік ел - нұрлы жолы қазақтың» атты шара болып өткен. Мақсаты: Оқушыларға өткен тарихы туралы мәлімет бере отырып, тарих пәнінің маңыздылығын ұғындыра білу, оқушылардың салыстырмалы түрде ойлау, ой түйіндеу, өзіндік пікір қалыптастыру қабілеттерін дамыту. Өткен күннен өнеге ала отырып, болашаққа бағдар жасай білуге, тарихын құрметтеп, қадір тұтуға тәрбиелеу. Мектеп кітапханашысы Бақтияр Қарлығашпен 9 сынып оқушылары Нұрлыбек Динара, Исахан Назираның ұйымдастыруымен 12 желтоқсан күні 3 «Д» сынып оқушыларының қатысуымен «Кітап-білім бұлағы» атты тәрбие сағаты өткізілген. Тәрбие сағатының мақсаты: Білімнің кітап арқылы келетінін ұғындыру, кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру. Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, оқулықтарды күтіп ұстауға шақыру.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=875462745215&set=a.113342866457213>

2023 жылдың 21 қаңтар күні 1-4 сыныптарда М.Жұмабаевтың туғанына 130 жыл толуына орай "Мен жастарға сенемін" тақырыбында сынып сағаты өткізілген. 2023 ж 28 қаңтар күні "Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның

күндылықтары" тақырыбындағы он күндік іс-шараға "Алаш қайраткері Сұлтанбек Қожанов" тақырыбында 9 "Ә" сыныбында тәрбие сағаты өткізілген. Мемлекет басшысы Қасым Жомарт Тоқаевтың 2021 жылғы 6 қаңтардағы «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы аясында «Алаш зиялыларының мұрасы және Тәуелсіз Қазақстанның құндылықтары» тақырыбындағы он күндік аясында «Тәуелсіздікті аңсаған –Алаш зиялылары» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларының қатысуымен 2023 ж 29 қаңтар ғылыми конференция болып өткен. Конференцияда алғы сөзді тарих пәні мұғалімі Қаниева Ботакөз сөз алып, өз сөзінде Алаш зиялыларының өмірі мен атқарған қызметі жайында айтып өтіп, конференцияда 9 оқушының баяндамасы тыңдалған.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=895364241588401&set=pcb.895364828255009>

"Адалдық ардың ісі" апталығы аясында мектеп асханасында сенім атмосферасын құру мақсатында 2023 жылдың 21 қаңтар күні "Адалдық дүкені" ашылған. Мақсаты: оқушылардың бойында адамгершілік, парасаттылық қасиетті, адалдық пен мәдениеттілікті, әділдік принциптерін ұстануды қалыптастыру. Оқушылар өз-өзіне қызмет көрсетіп, өздеріне қажетті заттарды алып, ақшасын кассалық жәшікке қалдырады. Осылайша адалдық дүкенінде алушылар өзіне-өзі қызмет көрсетеді. Яғни сатушысы жоқ дүкенде затты сатып алушылар өздеріне қызмет көрсеткен.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=906437148358&set=pcb.906432623814896>

4. Ұлттық тәрбие.

ЕЛ РӘМІЗДЕРІ – АСЫЛ МҰРАМЫЗ

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде Қызылорда облыстық «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігімен ұйымдастырылған «Ел рәміздері – асыл мұрамыз» тақырыбында патриоттық форум болып өтті.

- Ел рәміздерін ұлықтауға бағытталған шараға еңбек ардагерлері, ұлағатты ұстаздар, сондай-ақ «Ұрпақтан ұрпаққа» қоғамдық бірлестігінің өкілдері қатысты.

<https://www.facebook.com/sare/3M87tjpuC3yKFf/?mibextid=oFDknk>

Әдебиеттің аскары іспеттес тұлғаның өмірі де, өзі де дара, дана. М. Әуезов – жомарт табиғаттың жарық дүниеге сыйлайтын біртуары. XIX ғасырдың асқар белі Абай болса, XX ғасырдың заңғар биігі - Мұхтар Әуезов. Ұлы жазушының 125 жылдығына орай " Әуезов әлемі" атты танымдық шара өткізілген. Мақсаты: заңғар жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы таныстыру. Әуезов мұрасы - бай,сарқылмас қазына, түпсіз терең мұхит. Қазақтың біртуар данасын ұлықтап, ұрпаққа үлгі ету,насихаттау әр қазақтың парызы. 6-сынып оқушыларының ұйымдастыруымен 25 қазан - Республика күніне арналған “Мақтанышым сенсің, туған ел” атты мерекелік іс-шара өткен. Мектеп кітапханашылары мен 5 «Б», 6 «Б» сынып оқушыларының қатысуымен балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Мақатаевтың 92 жылдығына орай «Өзіңнің поэзия пайғамбары» атты әдеби кеш ұйымдастырылған. Мақсаты: Мұқағали Мақатаевтың шығармашылығы мен өмірін насихаттау, поэзияға деген қызығушылығын арттыру, ақын шығармалары арқылы өз елін, жерін сүюге үйрету, кітап оқуға тарту. М.Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүюге, оны бағалай білуге, рухани танымын кеңейтуге ықпал ету.

<https://www.facebook.com/100033449956/videos/pcb.9023371891108/74099408077159>

3. Отбасылық тәрбие.

"Аналар мектебі" жылдық жұмыс жоспарына сәйкес "Жақсылық жасауға асығайық!" жобасы аясында қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акцияға мектебіміздің "Аналар мектебінің" мүшелері, әр ұлт асханасының түрлі дәмдері мектеп қызметкерлеріне, жәрмеңке ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/BTLA8MQWzJo2Y/?mibextid=oFDknk>

Өнегелі отбасы - қоғам байлығы БҰҰ Бас Ассамблеясының қарарымен 1993 жылы 15 мамырда атап өтілетін Халықаралық Отбасы күні жарияланды. Мерекенің негізгі

миссиясы – қоғамның назарын отбасы проблемаларына, отбасы құндылықтарын тәрбиелеу және нығайту мәселелеріне аудару болып табылады. Осы орайда 15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне орай "Отбасы - бақыт мекені" атты тәрбие сағаты өткізілген.

Отбасы, адалдық және махаббат – әр адамның өміріндегі ең маңызды құндылықтар. Адамның өмір жолы, тәлім-тәрбиесі отбасынан басталады. 5-7 сыныптарда 11 мамыр күні "Өнегелі отбасы - қоғам байлығы" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілген. Мектеп кітапханасында 15 мамыр - Халықаралық отбасы күніне арналған «Отбасы - өмірдің басты-символы» атты кітап көрмесі ұйымдастырылған. Мақсаты: Отбасының адам өміріндегі маңыздылығы мен рөлі, ата-аналарға деген сүйіспеншілік пен құрмет, өз отбасы үшін мақтаныш туралы сенімді қалыптастыру. 15 мамыр - Халықаралық отбасылар күніне орай отбасы - тәрбиенің бастауы, бала өміріндегі маңызды өнеге баспалдағы екендігін ескере отырып, отбасымыздағы өнегелі тәлім-тәрбие арқылы бала бойында адамгершілік, сыйластық, ата-анаға, қоршаған ортаға, қоғамға деген сүйіспеншіліктерін, халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып үлгілері, тәрбие тәсіл, тәжірибелелері арқылы сіңіру, тәрбиелеу мақсатында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бірлестігінің ұйымдастыруымен “Отбасындағы әке тәрбиесі” тақырыбында сахналық қойылым қойылған. Отбасы сыйластық, жарастықорнаған орта. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. 7 "А" сыныбында “Өнегелі отбасы - қоғам байлығы” тақырыбында кезекті тәрбие сағаты өтілді. Жалпы мақсаты: оқушылардың отбасы, жанұя туралы білімдерін шыңдай түсе, отбасы құндылықтарының маңызын дәріптеу. Мектепшілік «Үздік оқырман отбасы» байқауы болып, байқауға 3-4-5 сынып оқушылары отбасымен белсене араласқан. Байқаудың мақсаты: Жанұямен кітап оқу дәстүрін қайта жаңғырту, отбасындағы балалардың жан-дүниесінде рухани ізгілік пен кітап оқуға деген қызығушылықты ояту, отбасы мүшелерінің кітап оқу мәдениетін қалыптастыру.

4. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.

«Ағаштың жемісін жеймін десең, түбіне балта шаппа», демекші біз – табиғаттың өзін қайта түлететін ұрпақпыз. Әрбір ағашты, әрбір бұлақты, жалғыз дәнді де ыждаһаттылықпен сақтау, қамқор болу – басты міндеттің бірі.

□Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру және еңбекқорлыққа баулу мақсатында 13 мамыр күні Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектепте «Жасыл мекен» челленджі өткізілді. «Жасыл мекен» челленджі көктемде көшет отырғызу арқылы қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды дәріптеумен қатар, еңбекқорлыққа баулу, айналаны көгалдандыруға, абаттандыруға бастама болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/pEXkeguYu4VDT0/?mibextid=oFDknk>

“ЖАС ҚҰТҚАРУШЫЛАР” ҮЙІРМЕСІ

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде “Жас құтқарушылар” үйірмесі құрылып, құрамы бекітілді. Жоспарға сәйкес 2023 жылдың 12 қаңтар күні үйірменің алғашқы отырысы болып өтті. Жиында үйірменің жылдық жоспары және мақсаты мен міндеттері таныстырылды. Сондай-ақ үйірме құрамындағы оқушылармен пікір алмасып, ұсыныстары тыңдалды.

<https://www.facebook.com/share/fjRNAwRuvL19TKP/?mibextid=oFDnk>

Балаларды туған өлкенің мәдениетімен таныстыру мақсатында мектебімізде ұлттық құндылықтарға, отанға деген сүйіспеншілікке баулу аясында “Әжем айтқан ертегі” іс-шара ұйымдастырылды.

<https://www.facebook.com/share/Ru4ziR7yYNu6g/?mibextid=oFDnk>

8-10 сынып оқушыларымен, экологиялық білімді жетілдіру мақсатында 2022 жылдың 12 қазанында «ECO ALEM» эко-ойыны өтіп, оқушылардың экологиялық білімдерін жетілдіру мақсатында "Еco Alem" үстелдік эко-ойыны өткізілген. Қоршаған ортаны қорғауды көздейтін ойын барысында оқушылар үлкен белсенділік танытып, өздерінің танымдарын кеңейтті. "Өнер сүйген, білім сүйген ұрпақпыз!" тақырыбында 9-20

қараша аралағында онкүндік өтіп, онкүндік аясында 1-2 сынып арулары арасында "Күз ханшайымы" сайысы өтті Сайыс 3 кезеңнен тұрып, қатысушылар "Таныстыру", "Өз өнерін көрсету", "Сән әлемі, шаш үлгісі" кезеңдері бойынша бақ сынап, өнерлерін ортаға салды.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=820519073426&set=pcb.8205762406583>

"Квест" ойыны, "Қызықты химия ғажайыптары", "Ғаламдық экологиялық проблемалар", "Жаратылыстану пәндерінің үздігі- 2022" тақырыбында тәжірибелер мен сыныптан тыс шаралар ұйымдастырылған. Мектеп кітапханашылары мен 7 «Ә», 6 «Б» сынып оқушыларының қатысуымен балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында М.Мақатаевтың 92 жылдығына орай «Өзіңсің поэзия пайғамбары» атты әдеби кеш ұйымдастырылған.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=814988329625993&set=pcb.8191962958963>

2023 жылдың 6 наурыз күні 3-сыныптар арасында жаратылыстану пәнінен "Жалықпай зертте!" сайысы өтіп, оқушылардың жаратылыстану пәніне деген қызығушылығын арттырып, зерттеу жұмыстарын жасауға үйрету, жаңа ғылымды тануға деген талпыныстарын арттыру мақсатында ұйымдастырылған сайыс. Сайыс қатысушылары түрлі тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жасап, эксперименттер көрсетіп, нәтижесінде, жүлделі I орын 3"б" сыныбын бұйырды. II орынды 3"в" және 3"ә" сыныптары алса, 3"а" сыныбы III орын иеленген.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=917067646084727&set=pcb.917067779418047>

Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектеп кітапханасында 21 қараша күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында READx форматында кітапхана меңгерушісі Қосбармақова Ұлтуғанның ұйымдастыруымен

Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романындағы «Қазақ қызының өсу жолы- ұлы жол» атты шара өткізілді. Шараның мақсаты: Ақбілек – қазақ қызына үлгі болар тұлға. Оның бойындағы қасиеттер әр қазақ қызына қажет нәрсе. Оның ғұмырымен танысқан адам мақсатқа біліммен жете алатынын, жасықтың, қорқақтың ғұмыры ешқашан жарық болмайтынын түсіндіру, оқырманға білімнің маңызын жеткізу.

<https://www.facebook.com/sare/VtZP7gi97KGMQd/?mibextid=oFDknk>

«Мектеп театры» кезекті қойылыммен

Ертегі - ауыз әдебиетінің асыл мұраларының бірі. Ертегінің бала тәрбиесінде, оның танымдық қасиетінің жан-жақты жетілуіне, сөздік қорын байытып, тілін дамытудағы алатын орны ерекше. Осы орайда, өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту, балалардың бойына рухани құндылық сіңіру мақсатында «Мектеп театры» жобасы бойынша мектепалды даярлық тобы, 0"ә" 0"в" білім алушылары "Үйшік" ертегісінен қойылым көрсетті.

<https://www.facebook.com/sare/3UXBm2wuRvfv5XrD/?mibextid=oFDknk>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ұландарды кітап оқуға дағдыландыру, насихаттау, қызығушылықтарын арттыру мақсатында шара ұйымдастырылған. Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ. Кітап оқу - білім мен рухани құндылықтарды беру мен меңгерудің бір түрі ретінде, тұлғаны тәрбиелеу және білім беру адамның қоғамда табысты болуына және бәсекеге қабілеттілігінің жалпы деңгейіне әсер ететіні айқын. 2022 жылдың 21 қазан күні Республика күніне орай бастауыш сыныптар арасында "Жырың болып төгілемін, елім!" атты патриоттық әндер байқауы өткізілген.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=826511806788&set=pcb.826515198473306>

Шараның мақсаты өскелең ұрпақты Отан сүйеге, қадірлеуге тәрбиелеу. Сонымен қатар, 1-4 сыныптарда Республика күніне орай Бірыңғай жалпы республикалық патриоттық диктант алынып, "Менің Отаным - Қазақстан" тақырыбында сурет

көрмесі ұйымдастырылған.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=8265238818071&set=pcb.82652603513889>

"Балалар жылы" қарсаңында көптеген іс-шаралар өткізіліп, оқушыларды өнерге баулу, киелі сахнамен таныстыру мақсатында "Балалар және театр" жобасы аясында 13 қазан күні 2-сыныптар арасында "Ертегілер елінде" атты сахналық қойылымның 1-бөлімі өткізілген. 2 "А" сыныбы "Жыл басына таласқан хайуанаттар" ,2 "Ә" сыныбы "Тапқыр қоян" ,2 "Б" сыныбы "Алтын балта" ертегілерін сахналады. Ертегі кейіпкерлеріне еніп, көрерменнің көз қуанышына айналған 2-сынып оқушылары өнерлерін көрсеткен.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=825172845208&set=pcb.825175738607252>

10 ақпан күні "Ынтымақтастық түбі - игілік" тақырыбында 5-9 сыныптарда тәрбие сағаты өткізілген. Мақсаты: Оқушыларды бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. «Алғыс айту күні» Қазақстан халқының бірлігін паш етеді, мейірімділіктің, өзара көмек пен жақсылықтың жаршысы болып саналады.

<https://www.facebook.com/photo?fbid=90188421770&set=pcb.901886737602818>

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа тұс келетін бұл мерекеде «Жас Ұлан» және «Мектеп Парламенті» жастарының ұйымдастыруымен мектеп ұстаздарына өз алғыстарын білдіре отырып, сый-сыяпаттарын табыстап, мерекелік кеш ұйымдастырылған. 16 наурыз күні Республика көлемінде «Наурыз мейрамы» челленджін ұйымдастыру жоспарына сәйкес мектеп оқушылары Құрманғазының «Балбырауын», «Сарыарқа», Ә.Желдібаевтың «Ерке сылқым» күйлерін тарту етіп, Түркі халықтарына ортақ төл мерекені ұлықтау шарасында ұлттық рухты көтерер қазақ күйлерін бір уақытта орындап, мерекелік көңіл-күй сыйлады. 1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай "Бір шаңырақ астында" атты мерекелік шара өтілген.

<https://www.facebook.com/100034499956/videos/957592692083990>

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

- «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысын жандандырып, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеуге ерекше үлес қосып, балалар жылы аясында өткен«Жас Ұланның Жұлдызды Жылы» жылдық акциясында әрбір жас ұландықтың жүрегіне отансүйгіштік, елжандылықты сіңіруге үлес қосқаны үшін Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектеп тәлімгері Сыздық Сымбат Орақбайқызы РҚБ төрайымы Д.Т.Садвакасованың дипломымен және де мектебіміздің жас ұланы Үрмеғали Бағдәулет «Жас Ұланның Жұлдызды Жылы» жылдық акциясының «Отбасым- бақыт мекені» жобасында жас ұландық қолтаңбасын қалдырғаны үшін облыстық дипломмен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/K5VivgE2oYb7SA/?mibextid=oFDknk>

Отбасындағы бала құқықтары 2023 жылдың 17 қараша күні «Орданың озат» дебат клубының ұйымдастыруымен 9 сыныптар арасында мектепішілік турнир өткізілген. Мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту. Талқыланған мәселелерге қатысты іс жүзінде жүзеге асырылатын ымыралы шешімдерді әзірлеу. Мектепішілік турнирге 2 фракция қатысып, турнир нәтижесінде

I орынды «Болашақ» фракциясы: Қайырбек Мерей

II орынды «Ақиқат» фракциясы: Нұрлыбек Динара,Исахан Назира иеленген.Турнирге төрешілік еткен дебат клубының жетекшісі Сыздық Сымбат, парламентария ретінде 9 сынып оқушылары қатысты.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=84401216723609&set=pcb.84013476723478>

2023 жылдың 7 наурыз күні "Асыл әжем, ақ әжем, Ақ жаулықты, дана әжем» атты әжелер сайысы өткен.22 қазан күні «Ақиқат» дебат клубының ұйымдастыруымен Республика күніне орай 10-сыныптар арасында мектепішілік турнир өткізілген. Мақсаты: оқушылардың сыни ойлауын, шешендік шеберлігін, коммуникативті дағдыларын дамыту.

25 қазан - Республика күніне орай 19 қазан күні 5-6 сыныптар арасында "Менің арманымдағы Қазақстан" атты эссе байқауы болып өткен. Байқаудың мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Ел тарихын құрметтеуге үйрету.

«Балалар жылына» орай 12 қазан күні «Қазақстан – бақытты балалар мекені» тақырыбында қалалық пікірсайыс турнирі өткен.

<https://www.facebook.com/photo/?fbid=826540285137464&set=pcb.826537551804404>

Қараша айында «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында шара ұйымдастырылған. Мектеп оқушысының кітап оқу іс – әрекетін дамыту Қазақстандағы білімді жаңғыртуда басым бағыттардың бірі болып табылады. Ұлттың рухани және интеллектуалды ілгерілеуінің құралы ретіндегі оқылым іс-әрекетіне балаларды тарту мақсатында «Оқуға құштар мектеп» жобасының үлесі маңызды болмақ. 1 наурыз күні мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен балалар мен жасөспірімдердің кітап оқуын қолдауға бағытталған «Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша мектеп кітапханасында буккроссинг өткен. Мақсаты: Болашақ ұрпақтарды әділетті болуға, Отанын сүйуге, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуге, әдепті болуға баулу.

<https://www.facebook.com/100033444999956/videos/4931532161968>

4 наурыз күні 4-сынып оқушылары арасында "Атажұрт" танымдық зияткерлік сайысы өткен. Сайыста оқушылар Қызылорда облысының тарихы, аудандары, қазба байлықтары туралы сұрақтарға жауап беріп, туған жер туралы мақал-мәтел айтып, эссе жазды. Мектеп кітапханасында 2023 жылдың 15 сәуір күні «Кітап-асыл қазына» атты онкүндік іс-шарада трендте кітап оқу форматында әлем әдебиетінен алынған Марк Твеннің «Том Сойердің басынан кешкендері» шығармасын оқу аясында іс-шара өткізілген. Мақсаты: Оқырмандарды кітапханаға тартуға, оқырмандар белсенділігін және білім алушылар оқуының сапасын арттыруға, олардың рухани-имандылық дамуына септігін тигізетін қолайлы орта құру үшін жұмыстар жүргізу. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен 23 сәуір Дүниежүзілік кітап күніне орай өткізіліп жатқан «Кітап асыл қазына» атты онкүндік шараға енген «Кел, балақай, кітап оқы» тақырыбында 1-сынып оқушыларымен өткізілген минуттық оқу шарасы ұйымдастырылған. Мақсаты: Оқушының оқу дағдысын қалыптастыру және жетілдіру.

Мектебімізде 14 сәуір күні бастауыш сыныптарында "Шәкәрім - Ұлы Тұлға" тақырыбында тәрбие сағаты өткізілген. Мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен 2023 жылы 21 сәуір күні Дүниежүзілік кітап күніне орай өткізіліп жатқан «Кітап асыл қазына» атты онкүндікте 6 «Ә» сынып оқушыларымен «Ата мұраң-асыл қазынаң» тақырыбында салт-дәстүрлерді талдау шарасы болып өткен. Мақсаты: Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алдыру. Салт-дәстүрге деген қызығушылығын арттыру. Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үрдісінде тәрбиелеу. 23 сәуір Дүниежүзілік кітап күніне арналған мектеп кітапханасының онкүндігі аясында «Ертегі - сыр шертеді» атты шарада 2 «В» және 2 «Д» сынып жетекшілері Беркен Гулжан мен Рашидова Мөлдір мұйымдастыруымен қазақ ертегілері «Мұрагер» және «Қошқар мен теке» ертегілерінен қойылым көрсетілген. Мақсаты: Балаларды ертегілер еліне тарту, қазақ халық ертегілерімен және ертегі кейіпкерлерімен жақынырақ таныстыру. Балаларға жақсы қасиеттерін ашып, ертегідегі кейіпкерлермен достықтың, шыншылдық, қайырымдылық, мейірімділік қасиеттерін көрсете білу. Жас оқырмандардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, қазақ халық ертегісіне сүйіспеншілігін ояту, халқымыздың салт-дәстүрін тереңдете біліп тануына ықпал жасау, рухани тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=8494290515257&set=pcb.84943029515136>

7. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.

2023 жылдың 10 қаңтар күні «Шахмат- ақыл-ой спорты» тақырыбында 6-сыныптар арасында шахматтан сайыс өткізілген. Мақсаты: Оқушыларды спорт ойындарының

бірі шахмат ойынына деген қызығушылығына арттыру; логикалық ойлау қабілеттерін дамыту; ойнау логикасы зейінділікті дамыту, әр алуан варианттарды жылдам әрі дәл есептей білуге үйрету.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=9028024227356&set=pcb.9023114227247>

Бірлік түбі – береке.1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай дене шынықтыру пән бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен эстафета өткізілген.Дене шынықтыру пән бірлестігінің ұйымдастыруымен 9 сынып оқушылары арасында халықаралық нашақорлыққа қарсы күрес күніне орай "СПОРТ - ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ" айдарымен эстафеталық жарыс өткізілген. Мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру.«Дене шынықтыру және Алғашқы әскери дайындық» пән бірлестігінің ұйымдастыруымен «Спорт-денсаулық кепілі» тақырыбында «1 мамыр - Халықаралық бірлік күні» аясында 4-7 сыныптар арасында шахматтан мектепшілік сайыс өткізілген. Сайыстың мақсаты: оқушыларды жас ерекшеліктеріне қарамай татулыққа, бірлікке, достыққа шақыру.14 маусым күні“ 26 маусым - Халықаралық нашақорлыққа қарсы күні” аясында “Балдәурен” күндізгі лагері демалушыларына “Есірткіге жол жоқ” тақырыбында эстафеталық ойындар ұйымдастырылған. «Балалар еңбегін қанауға қарсы 12 күн» атты Ұлттық науқан іс-шара жоспарына сәйкес мектеп жанынан ашылған «Балдаурен» жазғы тынығу лагерінің демалушыларымен «Ұлттық ойын әлемінде» атты ұлттық ойындар спорттық сайысы жүргізілген. Мақсаты ойын арқылы балалардың қазақтың ұлттық салт- дәстүрі мен салтын ұстануға, қазақ елінің мәдениетін қалыптастыруға, сонымен қатар шыдамдылық, төзімділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу болды.

<https://www.facebook.com/poto/?fbid=9725050540936&set=pcb.97250837207574>

2023-2024 оқу жылына арналған тәрбие жоспары Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша жүргізілген.

Медбикелер жұмысы

"Денсаулық сақтау объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 11 тамыздағы № ҚР ДСМ -96/2020 бұйрығы, "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы, орта білім беру ұйымдарында медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2023 жылғы 14 наурыздағы № 37 бұйрығы негізінде мектеп қабырғасында 1 медбике штаттық негізде жұмыс жасайды. Мектеп ғимаратының және оқушылардың тазалығын тоқсанына 1 рет бақылайды. Бақылау нәтижесі анықтама түрінде мектеп әкімшілігіне беріледі. Оқушылардың профилактикалық тексеруден өтуі жоспарланып, зерделеніп, қорытындыланады. Анықталған аурулар диспансерлік есепке алынып, оқушылармен сауықтыру шараларының жүргізілуін бақылайды. Арнайы топ балалары бақылауда болады. Бақылау арнайы журналға тіркеледі. 1-сынып оқушыларына профилактикалық егу жұмысын ұйымдастырылды. Мектеп оқушыларымен ұдайы санитарлық-ағартушылық жұмыстары жүргізіледі.

№	Медициналық сараптама қорытындысы бойынша анықталған ауру атаулары	2023ж
1	Профилактикалық тексеруге жоспарланған бала саны	699
2	Тексеру барысында анықталған аурулар	247
3	Анықталған аурулар түрлері	
	3.1 Анемия	-
	3.2 Миопия	14

3.3	Кариес	227
3.4	РОП ЦНС	1
3.5	Варикоцелле	-
3.6	Грыжа	-
3.7	Врожденный гидронефроз	1
3.8	Анаксический поражение головного мозга	3
3.9	ЗПР. ОНР	1
3.10	Сколиоз	-
3.11	ДЖВП (өт ауруы)	-
3.12	Бронх демікпесі	-
3.13	Семіздік	-
3.14	ВПС	-
3.15	Пиелонефрит	-
3.16	Салмақ жетіспеушілік	-
3.17	Гастрит	-
3.18	Диф.гр.клетки	-
3.19	Аллерг.дерматит	-
3.20	Геникомастиа	-
Барлығы		247

Психологиялық қызмет жұмысы. 2023-2024 жыл

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 ж. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығына (29.06.2023 ж. №186 өзг) және Облыстық білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 12.09.2022 ж. №104-нқ бұйрығы негізінде көрсетілген педагог-психологтардың лауазымдық міндеттерін басшылыққа ала отырып, мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша 2023-2024 оқу жылдарына арналған жоспары жасалып, мектеп психологиялық қызмет психологиялық кеңес беру, психологиялық диагностика, ағартушылық –профилактикалық, түзету -дамытушылық және әлеуметтік деспечерлік бағытта жүзеге асыратын психологиялық қызмет бағыттары бойынша жұмыстар атқарылды.

2023-2024 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу жұмыстары жүргізілді

Зиянды әдеттердің алдын алу, темекі мен ішімдіктің, нашақорлықтың зиянын балаларға түсіндіру, қазіргі қоғам талабына сай салауатты,білімді ұрпақ тәрбиелеу, осы зиянды заттардың салдары туралы білімін кеңейту, балалардың ой-пікірін ортаға салу мақсатында «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында №6 емхана психологы Жумахметова Гульсим, Жастар орталығы мекемесінің (ОСӨСК) Абдирова Зарина есімді мамандарымен кездесу ұйымдастырылды. Зиянды әдеттердің алдын алу, темекі мен ішімдіктің, нашақорлықтың зиянын балаларға түсіндіру, қазіргі қоғам талабына сай салауатты,білімді ұрпақ тәрбиелеу, осы зиянды заттардың салдары туралы білімін кеңейту, балалардың ой-пікірін ортаға салу мақсатында «Зиянды әдеттерден аулақ бол!» тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында №6 емхана психологы Жумахметова Гульсим, Жастар орталығы мекемесінің (ОСӨСК) Абдирова Зарина есімді мамандарымен кездесу ұйымдастырылды.



Ата-аналарға презентация арқылы «Балада дұрыс репродуктивті денсаулықты қалыптастыру» тақырыбында 7, 8 сынып оқушыларының ата-аналары арасында 15 қыркүйек күні ағартушылық жұмыс жасалды.

Ақпараттық қолдау, бала жыныстық тәрбиені қай жастан бастап алу керек?, балаға қалай айтамыз?, әлеуметтік желіне бұғаттау жолдары, т.б мәліметтер берілді.

Баланың психикалық денсаулығына күтім көрсету, психикалық денсаулығында кінәраттың барын қалай білуге болатындығы туралы слайд арқылы көрсетіп, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жүргіздім.



ҰБТ дегеніміз не?

Бұл жаңа технологияларға негізделген, мектеп түлектерінің қорытынды мемлекеттік аттестациясын және колледждер мен жоғары оқу орындарына түсу емтихандарын біріктіретін, білім беру ұйымынан тәуелсіз, білім сапасын бағалаудың мемлекеттік жүйесі туралы мағлұмат беру мақсатында «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.

ҰБТ – бұл әр пән бойынша тегін емтихан жүйесі. ҰБТ қорытындылары мектеп аттестаты мен жоғары оқу орнына түсу кезінде жарамды болып табылады. Әр пән бойынша емтихан сұрақтары мен тапсырмалары әр түрлі типте болады.

ҰБТ тапсыру процесі үшін: емтихан жоғары мобильділік, тез қабылдағыштық, жоғары дәрежеде зейінді шоғырландыру, қиюластырғыштық қажет етілетіндігі айтылды.

2023 жылының 2-10 қазан күндері аралығында 7-11 сынып оқушыларынан «оқушылардың қал-жағдайын, суицидтің алдын алу» мақсатында «Dass шкаласы» сауалнамасы алынып, өңделді.

Сауалнама алу барысында оқушылардың көңіл күйі жақсы болды. Оқушыларға А4 фарматта сауалнама таратылып, түсіндірме жұмысы жүргізілді. Барлық оқушы саны: 360.

Сауалнама нәтижесін өңдеу кезінде депрессия, стресс шкаласы бойынша оқушы анықталған жоқ,



«Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;

Жанжал жағдайларында мінез-құлықтың сындарлы (конструктивті) амалдарын дамыту, сенімділік тәжірибесін толықтыру, құрбыларымен кикілжіңсіз өзара сыйласымды қарым-қатынас жасауға дағдыландыру, өмірде адамнан асқан құндылық жоқ екендігін түсіндіре отырып, бақытты өмір сүру үшін өзін-өзі психологиялық тұрғыдан дайындауға, жеке қасиеттерін білуге тәрбиелей отырып, дұрыс қарым-қатынасқа түсу мәдениетін және жағымды «Мен» концепциясын қалыптастыру мақсатында 18 қазан күні 7-8 сынып оқушылары арасында «Пікірталас – жанжал емес» түзету-дамытушылық жұмыс жасалды.

Осы тұрғыда пікірталас- жанжал емес бір мәселенің екі ұшы бар екендігін түсіндіріп, тек жақсы жақтарын бойларына сіңіру



«Жасөспірімдік - баланың үлкен өмірге дайындығын шыңдайтын психологиялық және физикалық дамуындағы өтпелі кезеңнің ерекшелігін және осы уақытта баланың мінез-құлқы өзгеріп, көңіл күйі жиі ауытқуын, эмоциялық көңіл күйді, т.б. өзгерістердің алдын алу, бейімделуге үйрету мақсатында


17 қазан күні 8 сынып оқушыларына «Өтпелі кезеңнің психологиялық ерекшеліктері» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.

Өтпелі кезең бұл жеткіншектің балалықтан ересектікке қадам басқан күрделі психологиялық кезең. Әр елде сол елдің мәдени және діни салтына байланысты өтпелі кезең әр түрлі анықталады. Бұл жас жеткіншектің жыныстық жағынан жетілу, биологиялық жағынан шұғыл өзгерісті бастан кешетін кезең. Әр түрлі елдер мен діндерде өтпелі кезең 10-16 жас аралығы ретінде көрініс табады. Психологиялық жағынан алғанда әр адамда өтпелі кезең әр түрлі кездеседі. Сондай-ақ өтпелі кезең жеткіншектерде жүріс-тұрыста тәуелсіздікке ұмтылу, қоғамда өз орнын табуға тырысу, өзін көрсету, кейде өз ортасын өз талғамына бейімдету ретінде байқалады.

Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары



Диагностикалық жұмыстардың қорытындысы шығарылып, анықтамалық талдау жұмыстарын жасау нәтижесі бойынша психологиялық қатдау тобына оқушылар алынған жоқ.



Тимбилдинг жаттығулары еркін бейресми қарым – қатынас жасауды, командада жұмыс істеуді үйретеді және корпоративтік байланыстарды нығайтуға ықпал ету. Мұғалімдер арасында берік достық қарым-қатынасты және өзара көмек көрсету принциптерін құру. Біртұтас команда моделін қалыптастыру, ұжымда жағымды әлеуметтік-психологиялық климат құру, тимбилдинг ойын, жаттығулары арқылы ұйымшыл ұжым қалыптастыруға, команданың әрбір мүшесі өз орнын табуға және қабілетті барынша дамытуға жағдай жасайтын қазіргі заманғы тәсілдердің бір түрі ретінде пайдалана отырып ұстазды жан-жақтылыққа қалыптастыру мақсатында 3 қараша күні «Ұйымшыл және тату ұжым» тақырыбында ұстаздар арасында тимбилдинг ұйымдастырдым.



«Кітапқа құштарлық» тақырыбында КБИ ауданында орналасқан кітапханамен байланыс



21 қараша айы - «Өмір қауіпсіздігін ескертуші белгілер» (Вахтерларды оқыту)



Оқушылардың стресске түсу жолдарының алдын алу, стресс жайлы, одан шығу жолдары туралы мағлұматтар беру. Стрестің адам денсаулығына кері әсерін түсіндіру мақсатында «Стресстен арылудың жолдары» кеңес беру тақырыбында 30 қараша ағартушылық жұмыс жасалынды.



Зорлық-зомбылық – жеке тұлғаға қол сұғушылық, азаматтардың құқығын бұзатын бір адамның екінші бір адамға тәндік немесе психикалық ықпал етуі.

Түрлі тәсілдермен ұрып-соғу, дене жарақатын салу, азаптау (азапқа салу және денсаулыққа зиян келтіру); адам психикасына (жүйкесінің тозуы немесе тіпті жындынып кетуін тудыруы мүмкін) қорқыту, тәнге жарақат салу қатері жолымен ықпал ету және т.б. жағдаяттар жайында мағлұматтар беру, зорлық –зомбылықтың алдын алу мақсатында 27 желтоқсан күні «Жасөспірімдер арасында зорлық-зомбылықтың алдын алуда психологиялық кеңес берілді



Мектепшілік іс-шараларға қатысу.



Оқушыға қақтығыс жағдайында тиімді жолын табуға үйрету мақсатында 27, 30 қараша күні 7, 9 сынып оқушыларына «Қақтығыс және одан шығу жолдары» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жасалынды.

Қақтығыс, конфликт адамдар арасындағы қарым-қатынас психологиясының негізгі бір компоненті болғандықтан сол ұнамсыз қатынастың келіп шығу себептері, факторлары, жағдайлары, оның түрлері, технологиясы мен механизмі, көріністері, дамуы немесе тежелуі, оларды болдырмау немесе шешімін табу жолдары сияқты мәселелерге жан-жақты тоқталып өттім.




2023 жылдың 4-22 желтоқсан күндері аралығында 7-9 сынып оқушылары арасында «Өз құқығыңды білесің бе?» сауалнамасы алынып, қорытындысы жасалынды. Сауалнама алу барысында оқушылардың көңіл күйі жақсы болды. Оқушыларға А4 фарматқа жазылған сауалнама таратылып, түсіндірме жұмысы жасалды. 12-15 желтоқсан күндері ауа райына байланысты онлайн фарматта оқуларына байланысты бұл кезеңдерде сауалнама онлайн алынды. Сауалнамаға 268 оқушы қатысты

Өз құқыңызды білесіз бе? сауалнамасының қорытындысы

9 «Ә» сыныбы

Жайсаңдылық, мейірімділік пен қайырымдылық – өмірдегі қиын сәттерді жеңуге көмектесетін жағымды сезімдерді сезініп, психикалық денсаулықты нығайту жолдары мен алдын алу мақсатында «Психологиялық денсаулық» тақырыбында 7 желтоқсан күні №6 емхана психологы Жумахметова Гульсиммен бірігіп 7-8 сынып оқушыларына түзету-дамытушылық жұмыс жасалынып, итренинг ұйымдастырылды.





9-11 сынып оқушылары арасында 22 желтоқсан күні №6 емхана мамандарымен «Ерте жүктіліктің алдын алу» түзету дамытушылық жұмыс жүргізілді.

Оқушыларға мамандықтар туралы мәлімет беру және ол мамандықтардың оқушыларға қоятын талаптарын ұғындыру, оқушыларға мамандықтар туралы мәлімет беру және ол мамандықтардың оқушыларға қоятын талаптарын ұғындыру мақсатында 2024 жылдың 12 қаңтар күні 9 «б» сынып оқушыларының арасында «Мамандығым мақтанышым» тақырыбында тренинг өткізілді.

Барлық оқушы саны: 24. Тренингке 24 оқушы қатысты. Тренингке қатысу барысында оқушылардың көңіл күйі жақсы болды. Тренинг барысында:

Қысқаша түсіндірме жұмысы жасалынды. «Мамандық таңдау кезінде нені ескеру керек?»

Қызығушылығын ояту мақсатында жаттығу жасалып, мамандыққа шолу жүргізіліп, «Ең, ең деген мамандық» кәсіптік бағдар беру жаттығуы «Ұйқыдағы қала», «Мамандық бірақ рет беріледі?» тест, «Бұл қандай мамандық?» ойыны ойнатылып, психологиялық кеңестер айтылды. Соңында оқушылармен кері байланыс жасалды.





Жасөспірімдердің өзін-өзі тануына, тұлғаның өсуіне, өмірдегі кедергілерді жеңуге және денсаулықтарын нығайтуға жағдай туғызу мақсатында 2024 жылдың 18 қаңтар күні 9 сынып оқушылары арасында «Мен және менің құндылықтарым» түзету-дамытушылық жұмыс жасалынды.

Жұмыс барысында оқушылармен амандасын, көңіл күйлеріне назар аударылды.

Тренинг ережесімен танысып, амандасу, оқушыларға арналған сұрақтар, «Ағаш» жаттығуы, «Автобус» жаттығуы, «Жетістікке дету ағашы» жаттығулары жасалынып, кері байланыс орнатылды.

Сенімді мінез-құлық, өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру дағдыларын дамыту,өзінің , ашылмаған мүмкіндіктерін тану, өз бейнесін кеңейту, өз күштерін жаңарту және жүзеге асыру, топ мүшелеріне сенімді мінез-құлықты сенімсізден ажыратуға көмектесу мақсатында 19 қаңтар күні 8 сынып оқушыларына «Өзін-өзі бағалауын жоғарлату» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында «Өзім туралы ода», « Мақтаншақтар сайысы», «Жағымды және жағымсыз қасиеттер», «Мен сені мақтаймын» жаттығулары жасалды. Оқушылармен кері байланыс және «Ыстық алақан» жаттығуы жасалынды.

2024 жылдың 19 ақпан -23 ақпан күндері аралығында «Психология әлеміндегі мен ...» тақырыбында психология апталығы болды.

Мақсаты: Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру, мектеп ұжымының бірлігіне үлес қосу, әр балаға өзін мектеп қауымдастығының бір бөлігі ретінде тануға көмектесу, сынып топтарындағы тұлғааралық қарым-қатынасты, қарым-қатынас дағдылары мен әдістерін, бірлік пен өзара сыйластықты оңтайландыру және оқушылар мен мұғалімдер арасында психологиялық жайлылық туғызу:

Психологиялық қызметтің жұмысын насихаттау, мектеп ұжымының ауызбіршілігін қалыптастыру, оқушылардың шығармашылығын, белсенділігін арттыру.

Мектеп ұжымының бірлігіне үлес қосу; әр балаға өзін мектеп қауымдастығының бір бөлігі ретінде тануға көмектесу, сынып топтарындағы тұлғааралық қарым-қатынасты, қарым-қатынас дағдылары мен әдістерін, бірлік пен өзара сыйластықты оңтайландыру және оқушылар мен мұғалімдер арасында психологиялық жайлылық туғызу.

19 ақпан күні апталықтың ашылуы болып, оқушылар мен ұстаздарға апталықтың бағдарламасымен таныстырылды.




19 ақпан күні 8,9 сынып оқушылары арасында «Көңілді үзіліс» тақырыбында ойындар ұйымдастырылды. «Менің үйім» логикалық жаттығуы, «Бір түстерді қосу» ойыны, «Орын орнына қой» ойыны, «Менің көршім», «Х», «О» жаттығуы, «Жұмыртқа жинау», «Сандарды орнына қой» жаттығуы жасалынды.

Сондайақ апта көлемінде оқушылармен түрлі психологиялық ойын ұйымдастырылды.

«Менің көршім», «Кім жылдам» жаттығулары жасалынды.

Психологиялық технологиялар: ойын терапиясы.

«Менің көршім», «Кім жылдам» жаттығулары жасалынды.





«Арт-терапия-өнермен емдеу, шығармашылық терапиясы» дәстүрлі емес сурет салу әдісі

Арт-терапия арқылы балалардың шығармашылық дағдыларын дамыту, эмоционалдық күйзеліс пен мазасыздықты түзетуге, сондай-ақ жасөспірімдердің жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған арт-терапиялық дәстүрлі емес сурет салу әдісі арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін, қол бұлшықеттерін дамыту, өзін-өзі дамыту қажеттілігін арттыру. Қоршаған әлемді жағымды-эмоционалды қабылдауды қалыптастыру, көркемдік талғамға, бейнелеу өнеріне деген қызығушылыққа тәрбиелеу. Әрбір қатысушының сол топтың бір мүшесі екендігін сезінуі, бір-біріне жылулық сыйлау мақсатында 22 ақпан күні 9 «Б» сынып оқушылары арасында дәстүрлі емес сурет салу әдісі бойынша «Арт-терапия-өнермен емдеу, шығармашылық терапиясы» «Арт-терапия-өнермен емдеу, шығармашылық терапиясы» тақырыбында түзету – дамытушылық жұмыс жүргізілді. Тренингке 09Б009 кодты оқушымыз да қатысты. Оқушы белсенділік танытып, өз ойын ортаға салды.





Тимбилдинг жаттығулары (сайыс)

Тимбилдинг ойын, жаттығулары арқылы оқушылар арасында ұйымшыл ұжым қалыптастыруға, команданың әрбір мүшесі өз орнын табуға және қабілетті барынша дамытуға жағдай жасайтын қазіргі заманғы тәсілдердің бір түрі ретінде пайдалана отырып оқушыларды жан-жақтылыққа қалыптастыру. Тимбилдинг жаттығулары еркін бейресми қарым – қатынас жасауды, командада жұмыс істеуді үйретеді және корпоративтік байланыстарды нығайтуға ықпал ету мақсатында «Тимбилдинг жаттығулары» тақырыбында 7 «В» сынып оқушылары арасында 2024 жылдың 23 ақпан күні түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.





2024 жылдың 1 наурыз күні буллинг, кибербуллинг жайлы мағлұмат беру мақсатында «Кибербуллинг деген не? тақырыбында 7 сынып оқушылары арасында ағартушылық жұмыс жүргізілді.



Қатысушылар өмірлік құндылықтарын, құрметтей, бағалай, сақтай білуге үйрету және өз ойын, сезімін ашық, еркін, қысылмай жеткізе алуына дағдыландыру мақсатында 8 сынып оқушылары арасында 5 сәуір күні психологиялық қолдау тобында есепте тұрған оқушылармен «Менің өмірлік құндылықтарым» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жасалынды.



Оқушыларға қорқыныш сезімі туралы мағлұмат бере отырып, түрлі жаттығулар арқылы бойындағы қорқыныш сезімдерін жою, өзара қарым-қатынастарын нығайту мақсатында 8 сәуір күні 11 сынып оқушыларына мектеп директорының бағдарлы орынбасарымен біріктірілген жұмыс жасалынды. «Жауапкершілік пен қорқыныш» тақырыбында тренинг өткізілді. Тренинг барысында қорқыныштың өмірде кездесетін 6 түрімен, «Менен кейін қайтала», «ҰБТ-да мен неден қорқамын?» , «Қорқыныштың суретін сал» жаттығулары жасалынды.

11 сынып оқушыларын ҰБТ-ге байланысты өз-өзіне деген сенімділікті күшейту,

стрессік қалыптан арылту, өзіндік күш- жігеріне деген қарым-қатынасын нығайту мақсатынды 17 мамыр күні «Үміт, сенім бізді алға жетелейді» тақырыбында тренинг өткізілді.



«Қиын жағдайлардан не үйренеміз?» тақырыбында 18 сәуір күні 10 сынып оқушылары арасында түзету-дамытушылық жұмыс жасалынды.

Өмір сүру қиын емес, өмір сүре білмеу қиын!

Мақсаты:

- Бастан өткен қиындықтарға мойымай, одан сабақ алуды үйрену.
- өмір адам баласына бір -ақ рет берілетін қымбат сый екеніне ықпал ету.
- адам бойында болатын асыл қасиеттерді, адамгершілік, мейірімділік сезімдерін дамыту. Жақсы қасиеттерді үйрету, жаман қасиеттерден жиренту.
- балалардың ойын ашу, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру.

Мектеп бітіруші оқушылары арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату, өзін-өзі бағалауға үйрете отырып, ҰБТ кезінде сенімділігін арттыру мақсатынды 23 мамыр күні «Мен өзімді мақтан етемін» тақырыбында түзету –дамытушылық жұмыс жүргізілді.

Тренинг барысында «Эмоцияны қалай басқаруға болады?», «Өз құндылықтарым мәлімдемесі», «Мені қайтала», «Әй, жарайсың», «Ыстық алақан» жаттығулары жасалынып, кері байланыс орнатылды.

Өз бақылауымдағы қыздарға кеңес беру, үйірмелерге тарту, т.б. жұмыстар:



2023-2024 оқу жылы Кітапхана жұмысы

Мектеп –кітапханасының көлемі 54 м² құрайды.

№	Жұмыс түрі	2023-2024
1	Кітап қоры	37975
2	Әдеби кітаптар	6037
3	Оқулық	31348
4	Әдістемелік	355
5	Электронды кітаптар	235
№	Кітапханада жүргізілген жұмыстар	2023-2024

1	Оқырмандар конференциясы	1
2	Әдеби тақырыптық кештер	8
3	Ертеңгіліктер	4
4	Саяхат сабақ	3
5	Тақырыптық кітап көрмесі	5
6	Буктрейлер	1
7	Кездесу кештері	1

Оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының болуы туралы мәліметтер

Мектеп- кітапхана қорында

Кітап қоры- 40371 дана; Оқулықтар-33744 дана; Көркем әдебиет-6037дана;
Әдістемелік- 355 дана; Электронды кітап-235 бар. Кітапханада ғаламтор желісі
орнатылған. Интернет жылдамдығы- 50 мб/с,

ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ БАСШЫЛЫҚҚА АЛЫНАТЫН ҚҰЖАТТАР

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы;

«Қазақстан Республикасындағы Баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы Заңы; «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы; «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы; «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы; «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 724 қаулысы; «Балалардың әл-ауқат индексін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 ақпандағы № 21-р өкімі;

«Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауы; Мемлекет басшысының «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы (2020 жылғы 8 қаңтар); Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» мақаласы (2021 жылғы 5 қаңтар). Мемлекет басшысының «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы (2022 жылғы 16 наурыз) «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы **ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ.** 1 сәуір, 2023 жыл.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҮСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз - жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

- ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;
- халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;
- әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

- 1.Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.
- 2.Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.
- 3.Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлы болуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.
- 4.Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.
- 5.Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.
2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.
3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.
4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.
5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

- Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;
- Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;
- Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;
- Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;
- Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;
- Қоғам игілігі үшін қызмет ету;
- Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;
- Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

- Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл
- Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді
- Елінің тарихын құрметтейді
- Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді
- Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау;
- Адал еңбекті құрметтеу;
- Сөзіне берік, ісіне адал болу;
- Халқына адал қызмет ету
- Әдеп нормаларын ұстану;
- Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;
- Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;
- Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

- Ар-ұят, адалдықты жоғарыбағалайды;
- Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;
- Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;
- Достарын, сыныптастарын сыйлайды;
- Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

- Сыни және креативті ойлау;
- Жеке және командамен жұмыс істей білу;
- Білуге, жаңаны тануға құштар болу;
- Физикалық белсенді болу;
- Салауатты өмір салтын ұстану;
- Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;
- Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;
- Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

- Жан мен тән тазалығын сақтайды;
- Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;
- Қоршаған орта тазалығын сақтайды;
- Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;
- Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Тәрбиенің кешенді жоспарын іске асыруда балалардың жас ерекшеліктерін ескеруде берілетін ұсынымдар:

6-10 жастағы бала тәрбиесі

Ұсынылады:

- тәрбиелік іс-шаралардың мазмұны, форматы, көркемдік стилі, ұсынылу тәртібі қазіргі балалардың жас және психологиялық ерекшеліктеріне, қызығушылықтарына, қабылдауына сәйкес болуы;
- қысқа және ұзақ мерзімде іске асырылатын тақырыптық жобаларды жоспарлау арқылы тәрбие жұмысының жүйелілігін, бірізділігін, тұтастығын қамтамасыз ету;
- халық ауыз әдебиеті үлгілері, көркем шығармалар тәрбиелік шаралар мен жобалардың мазмұнын қамтамасыз ететін дереккөзі ретінде қолдану;
- бастауыш сынып білім алушыларының мінез-құлық әдебі мен өзін-өзі ұстау мәдениетін қалыптастырудың құралдарының бірі ретінде қазақ халқының мақал-мәтелдерін, тыйым сөздерін қолдану;
- ұлттық ойындарды («Асық ату» өткізу, Хан талапай, Арқан тартыс, Алтыбақан, Айгөлек, Белдесу, Саққұлақ, Тымпи, Тоғызқұмалақ т.б.) баланың физикалық, зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ететін құралдардың бірі ретінде қолдану арқылы оның қолданыс аясын кеңейту;
- әлеуметтік тәжірибелер арқылы адамдарға, жан-жануарларға қамқорлық және табиғатты қорғау аясында жасалған қайырымдылық іс-шараларына тарту, оларды әлеуметтік желілерде насихаттау ұсынылады.

Жасөспірімнің тәрбиесі (11-15 жас)

Ұсынылады:

- тәрбие шаралары мен жобаларының мазмұнын, форматын, көркемдік стилін, ұсынылу тәртібін анықтауда жасөспірімдік кезеңдегі балалардың психологиялық ерекшелігін, қызығушылығын назарға алып, цифрлық технологиялардың жетістіктерін ескеру;
- жас ерекшеліктеріне сай келетін классикалық көркем шығармалар мен көркем әдебиеттерді ұсыну; оқылған шығарма кейіпкерлерінің бойындағы адами қасиеттері мен жағымсыз әдеттерін талқылауға бағытталған кейстік жағдаяттарды шешуді ұсыну;
- еліміздегі тарихи орындарға, ескерткіштерге экскурсия жасау, ел мен жер тарихы туралы деректермен танысу, театрға, музейлерге, мұрағаттарға, ұлттық парктер мен қорықтарға бару, виртуалды саяхаттар жасау немесе/және цифрлық технологиялардың жетістіктерін қолданып таныстыру;
- ақын-жыраулар және ұлт зиялыларының, батырлардың, тарихи тұлғалар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолдарымен, олардан мирас болып жеткен мұралармен таныстыру;
- тарихи, деректі фильмдерді талдау;
- білім алушылардың мәдени және ұлттық мұраны насихаттау бойынша бастамаларына қолдау көрсету;
- табиғатты қорғау, адамның әрекеттерінен туындайтын апаттардың алдын алу бойынша жобалар әзірлеу;
- жобаларды жүзеге асыруға отбасын әлеуметтік әріптестікке тарту;
- «Гаджетсіз демалыс» күндерін ұйымдастыру, кітап оқу, спортпен шұғылдану, табиғат аясында серуендеу т.б. шаралар ұйымдастыру ұсынылады.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;
- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;
- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;
- отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;
- адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

- балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;
- білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады. Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (меңгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

- тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;
- тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;
- тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;
- тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

- салауатты өмір салтына ынталандыру;
- сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;
- білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;
- ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);
- білім алушылардың оқу жетістіктері және ішкі тәртіп ережелерін сақтау мәселелері бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу;
- аптасына бір рет (дүйсенбіде) сынып сағаттарын өткізу.

2024-2025 оқу жылында атқарылған жұмыстар

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 2024-2025 оқу жылындағы әлеуметтік паспорты (куәлігі)

№	Әлеуметтік санаттар	саны	%
1	Барлық оқушылар саны	1079	100%
2	Ұлдар	560	53,19
3	Қыздар	519	47,80
4	Толық емес отбасы балалары (ажырасқан)	74	6,9
5	Толық емес отбасы балалары (некесіз)	17	1,5
6	Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар	4	0,4
7	Жартылай жетім отбасы балалары (әкесі қайтыс болған)	20	1,8
8	Жартылай жетім отбасы балалары (анасы қайтыс болған)	2	0,1
9	Көпбалалы отбасы балаларының саны	490	45,8
10	Өгей әке отбасы балаларының саны	12	1,2
11	Өгей ана отбасы балаларының саны	1	1
12	Жалдамалы пәтерде тұратын отбасы балаларының саны	63	6,1
13	Алыстан қатынайтын оқушылар саны	12	1,12
14	Аз қамтамасыз етілген оқушылар (тамақпен қамтылған оқушылар)	120	12
15	Ерекше білімді қажет ететін	10	0,7

	оқушылар		
16	Үйден оқитын оқушылар	11	1
17	Кәмелетке томағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар	0	0
18	Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар	0	0
19	Сенім хатпен (туыстарымен бірге тұратын)	7	0,6
20	Өзге ұлт өкілдерінің балалары	2	0,18
21	Ата- аналарының білімі:		
22	Жоғары	294	27,1
23	Техникалық және кәсіптік, арнаулы	120	11,9
24	Орта	665	61,9
25	Ыстық тамақ ішетін оқушылар саны 1-4 сыныптар -410, 5-11 сыныптар-120	536	

1 қыркүйек- Білім күні мерекесіне орай "Әділетті Қазақстан: адал ұрпақ, сапалы білім, табысты ұлт" тақырыбында мерекелік шара өткізілген.

1-сыныпқа қабылданған шәкірттер әннен шашу шашып, мың бұрала би билеп, алғашқы ұстаздарына арнап өлең шумақтарын оқыды.

1-11 сынып оқушыларына «Мектебім – мейірімділік мекені» атты тәрбие сағаты өткізілген. Мақсаты: Баланың бойына рухани - адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы - жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір - бірімен қарым - қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

2024-2025 оқу жылы «Мектепке жол» акциясы – балаларға қуаныш сыйлайтын шара «Мектепке жол» Республикалық акциясы жыл сайын 1 тамызда басталады. Жаңа оқу жылының қарсаңындағы игі бастама елімізде дарынды, білімді, алғыр, дені сау ұрпақ өсуіне ұйытқы болмақ.

28 тамыз күні “Halyk bank” қызметкерлері мектебіміздің оқушыларына мектепке қажетті оқу құралдарын табыс етті.

«Мектепке жол» акциясына үлес қосқан демеуші “Halyk bank”ұжымына үлкен алғыс білдіреміз.

<https://www.facebook.com/share/p/16s1aPVUDg/>
МЕКТЕБІМ-МЕЙІРІМ МЕКЕНІ!

Бүгін оқушыларымыздың асыға күткен “Мектебім-мейірім мекені” мерекелік іс-шарасы болып, мектеп директоры Акшалов Еркін Кенжебайұлы ұстаздар мен оқушыларды, ата- аналарды құттықтап, игі тілегін білдірді.

Мектеп табалдырығын аттағалы отырған бүлдіршіндер көздеген мұрат – мақсаттарына қол жеткізіп, армандары орындалсын. Келешектері кемел, болашақтары нұрлы болсын. Білімді, дарынды оқушы атанып, отансүйгіштік рухтары мықты болуын тілейміз.

Жаңа оқу жылына толағай табыс, жетістіктерге толы болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/19jnnQ3hTN/>

Оқуға құштар – Ұлан"

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде мектеп тәлімгері С.Сыздықтың ұйымдастыруымен 1"А" сынып оқушылары "Оқуға құштар ұлан" акциясы аясында №18 қалалық кітапханаға саяхат жасады.

Кітап – адамзат баласының баға жетпес асыл құндылығы. Білім мен мәдениеттің биік белестеріне жетелейтін – тәрбие құралы. Шығыс ойшылы Науаи: «Кітап – ақылына ақы сұрамайтын алтын қазына» десе, Абай атамыз «Танымның бар тамашасы – кітапта, оған қол жеткізу үшін кітап оқудан жалықпа», «Артық ғылым кітапта, ерінбе оқып көруге» - ,деп насихаттайды.

<https://www.facebook.com/share/v/19VohhYtZT/>

"АДАЛ ДОС-ШЫН ДОС"АКЦИЯСЫ

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінде "Кітап оқы,ойға тоқы, Жас Ұлан" акциясының жоспарына сәйкес "Жас ұлан" ұйымының ұйымдастыруымен инклюзивті балалармен кедергісіз кеңістік орнату мақсатында 2"А"сынып оқушылары Бердияр Амир және Бердияр Дамирмен дидактикалық ойындар ойнатылды.

Мақсаты:Оқушылардың қарым-қатынасын нығайту. Балалар арасындағы ауызбіршілікті сақтау,достық қарым -қатынас орнату.

<https://www.facebook.com/share/p/1BDQavxzbM/>

ТІЛІМ МЕНІҢ - ТІРЛІГІМНІҢ АЙҒАҒЫ...

5 қыркүйек – Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі құтты болсын!

Тіл қандай ұлтта болмасын әрқашанда қасиетті де құдіретті. Ол әрбір адамға ананың ақ сүтімен дарып, мәңгілік қалыптасады. Қандай мәдениет болмасын қатынас құралы ретінде де, ұлттың барша болмасы көрінген келбеті ретінде де тіл арқылы жасалған. Тіл арқылы өмір сүреді, ұрпақтан ұрпаққа, заманнан заманға жетіп, ұлттық тұтастықты сақтайды. Сондықтан да тіл адастырмас темірқазық іспеттес.

Бүгін мектебімізде тілдер мерекесіне орай “Тіл-ұлы байлық” тақырыбында онкүндіктің ашылуы болып өтті.

Оқушылар онкүндік жоспарымен таныстырылып,үш тілде өлең шумақтарын оқыды.

Алдағы онкүндік жоспарға сәйкес өтетін іс-шараларға сәттілік тілейміз.

Тәуелсіздігіміз тұғырлы, тіліміздің мәртебесі биік, абыройы асқақ болсын!

<https://www.facebook.com/share/p/1ExgBQMyiZ/>

"ӨКЕМ ҮЙРЕТКЕН"

Әке үлгі тұтар - өнеге.

Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы - жақсы тәрбиесі.Әр отбасында әкенің орны ерекше.

Әке - отбасының асыраушысы, отбасы мүшелерінің тірегі, қамқоршысы. Отбасының береке, ынтымағы үшін әкенің тәрбиесі бала үшін орасан маңызға ие.

Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспарына сәйкес мектебіміздің

1"В" сынып оқушысы Сапарбек Аслан "Өкем үйреткен" челленджіне қатысып, өз үлесін қосты.

<https://www.facebook.com/share/v/1Bsjr1ZbuM/>

Бүгін мектебімізде қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ағартушы Ахмет Байтұрсынұлы туралы “Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы”атты 10 сынып оқушыларына бейнефильм көрсетілді.

Мақсаты:Алаш қайраткерінің ел келешегі жолындағы өлшеусіз еңбегін дәріптеу,оқушылар арасында құнды мұраларын насихаттау.

Фильм туралы оқушылар жақсы әсер алып, өз ойларымен бөлісті.

<https://www.facebook.com/share/v/1J3dkgw8w7/>

«Отбасы күні» апталығы аясында мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінің 9 «Ә» сынып қыз балалары «Анаға тағзым» отбасын қолдау орталығына саяхат жасады. Орталық ішінен құрылған «Бойтұмар» қыздар клубымен танысты. Қыз баланы тәрбиелеу - ұлтты тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/p/1G5hTLKgfH/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде Қазақстан Республикасының халықтарының тілдері мерекесі күніне орай қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 6-сынып оқушылары арасында "Тілге құрмет-баршаға міндет!" тақырыбында интеллектуалды сайыс өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың тіл туралы танымдық деңгейін көтеру, ойлау қабілеттерін дамыту, шығармашылыққа баулу.

Сайыс 3 кезеңнен құралды: “Сөз тапқанға қолқа жоқ”, “Ойлы болсаң, озып көр”, “Кім жылдам?”. Сайыс барысында ұшқыр ойымен, белсенділігімен ерекше көзге түскен жеңімпаз топтар марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/19WPR5Dhy5/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің тәлімгері оқушылармен

“ДосболLike:достық қолын ұсын” акциясы шеңберінде оқушылардың жағымды қарым-қатынастары мен эмоционалдық әл-ауқатын дамыту мақсатында оқушылардың қоңырау уақытын көңілді өткізді.<https://www.facebook.com/share/v/16hdp79c3r/>

«ӘКЕМ ҮЙРЕТКЕН»

Әке үлгі тұтар - өнеге.

Әкенің балаға қалдырған ең үлкен мұрасы - жақсы тәрбиесі.

Жас ұлан ұйымының «Кітап оқы, ойға тоқы, Жас Ұлан» жылдық акциясының жоспарына сәйкес

Мектебіміздің 4 "А" сынып оқушысы Сұлтан Бауыржан мен 1 "А" сынып оқушысы Сұлтан Шахмардан "Әкем үйреткен" челленджін өз сыныптастарына жолдайды.

<https://www.facebook.com/share/v/1YVt91qLBc/>

Мектебімізде 09-13 қыркүйек аралығында оқушыларды жолда жүру ережесімен таныстыру, ережелерді есте сақтауға үйрету, жол қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу мақсатында «Абайлаңыз, балалар!» акциясы болды.

Мақсат - балаларға жол ережелерін таныстырып, жол-көлік оқиғаларының алдын алу.

«Абайлаңыз, балалар!» акциясы аясында «Жолда жүру ережесін білесің бе, балақай?»

тақырыбында 1 сынып оқушыларына танымдық сабақтар болып өтті. Танымдық сабақта оқушылар көше туралы, ондағы қозғалыс, жолда жүру ережесін есте сақтауға, жол белгілерін түрлері, оны білу не үшін қажет екендігі, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін туралы толықтай мағлұмат алды.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ch2zCd2jC>

Қызылорда қаласы бойынша білім бөліміне қарасты Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жукашов Нұрлыхан және Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция майоры Келес Жандос және сынып жетекшілер 8-11 сынып оқушыларына кәмелетке

толмағандар арасында құқық бұзушылық және суицид, зорлық-зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу, бағытында кең көлемде түсіндірме жұмыстарын жүргізіп жиналыс жасады.<https://www.facebook.com/share/p/1BJzC9CAKX/>

Бүгін мектебімізде Қазақстан кәсіподақ ұйымының 100 жылдығына орай "Кәсіподақ - еңбек адамының сенімді тірегі" атты апталықтың ашылуы өтілді.

Мақсаты:

Кәсіподақ мүшелерінің еңбек, әлеуметтік-экономикалық және кәсіби құқықтары мен мүдделерін білдіру және қорғау;

Жұмыс берушімен өзара тиімді әлеуметтік ынтымақтастықты ұйымдастыру;

Кәсіподақтың құрылымдық бөлімшелерінің Жарғылық қызметін ұйымдастыру;

Кәсіподақ бірлігі мен ынтымағын нығайту.

Апталықтың ашылу барысында әріптестерімізге психологиялық қызықты сұрақтар қойылып, керемет көңіл күй сыйлады.

<https://www.facebook.com/share/p/17JVSajGkc/>

ОТБАСЫ КҮНІ

5-6 сынып оқушылары арасында “Отбасы-бақыт мекені” тақырыбында мектепшілік сурет байқауы ұйымдастырылды.

Ата-анасына деген құрмет пен отбасына деген сүйіспеншілігін сурет арқылы әсерлі бейнелеген оқушылар жүлделі орындарға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/1EXWpu4quT/>

"Кітап оқы, ойға тоқы, Жасұлан"

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінің тәлімгері С.Сыздықтың ұйымдастыруымен 7 «Б» сынып оқушылары арасында қазақ классигі, драматург Бейімбет Майлиннің 130 жылдығына орай "Бейімбет Майлин әңгімелері – қазақ өмірінің айнасы" тақырыбында эсселер байқауы өткізілді.

Іс-шара мақсаты: Оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға атсалысу, ойды нақты және сауатты жеткізе білуге баулу.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ep6dZQECE/>

Айтыс-қазақ халқының ұлттық мұрасы"

Айтыс - ауыз әдебиетінде ежелден қалыптасқан поэзиялық жанр, топ алдында қолма-қол суырып салып айтылатын сөз сайысы, жыр жарысы.

Әбу Құдабаев атындағы 197 қазақ орта мектебінде "Айтыс - қазақ халқының ұлттық мұрасы" тақырыбында 4 сынып оқушылары арасында айтыс өткізілді. Оқушылар көрсеткен өнеріне қарай мақтау қағаздарымен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/1A7V4mgjVd/>

Ұстаз,ұстаз!!!

Осы сөзде жатыр қанша ұлылық,

Осы сөзде таусылмайтын жылылық.

Әль фараби, Ыбырай мен, Ақанды

Осы сөз ғой қойған бізге ұлығып.

Ұстаз шебер қисықтарды жөндейтін,

Тентектерді ақылмемен емдейтін,

Болса дағы малға кедей өмірде.

Бар байлығым шәкірттерім сен дейтін!

Құрметті ұстаздар сіздерді шын жүректен мерекелеріңізбен құттықтаймыз! Ұзақ өмір, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, ұзақ өмір, зор денсаулық, талмас қанат тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/19PUzAvgcA/>

Ұстазым, сізге мың алғыс!

Шәкірттеріне мейірім шуағын төгіп, шыншылдығымен өнеге бере білген жаны жомарт, пейілі дархан ұстаздарымыз барлық құрметке лайық!

Аяулы ұстаздар мерекелеріңіз құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/1FSEeefVbM/>

"Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі -кітапхана"

Мектеп кітапханасы мектептің жүрегі,бір бөлігі.

Кітапхана тәрбиенің қайнар көзі,рухани жан дүниені байытатын қасиетті орын.Адам

кітап оқу арқылы жаңа әлемнің есігін ашады .Бойына жақсы әдеттер қалыптасып,ойлау қабілеті артады.

"Кітап -адамзат мәдениетінің ең ұлы туындыларының бірі,кез-келген елдің мәдениетінің ең басты рухани ордасы- кітапхана"

Мектебімізге жаңадан келген көркем әдебиеттермен көрме ұйымдастырылды.

Көрме мақсаты-оқырмандарды кітапханаға келген жаңа кітаптармен таныстыру.

<https://www.facebook.com/share/p/16tFs5RjEC/>

ҚАЗАН- ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРТТАР КҮНІ

"Қартын сыйлаған елде қасиет бар, олар айтқан сөзде өсиет бар" - деп ежелден қариясын сыйлаған дана халықпыз.

Әбу Құдабаев атындағы №197 мектептің 3 "А"сынып оқушылары 1 қазан -

Халықаралық қарттар күні ата-әжелерін шын жүректен құттықтап, тілектерін білдірді.

Сынып жетекшісі Сейтпенбетова Күлзипа

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету - ата-бабадан келе жатқан салтымыз, ежелден қалыптасқан адами құндылығымызды бойларына дарыта білген ұрпақтарымыз өз өнерлерін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/15ExEXEncqA/>

Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі кітапхана

Оқушыларды кітап оқуға оның ішінде ертегі кітаптарын оқу мақсатында мектеп кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі кітапхана» атты іс-шарада бастауыш сынып мұғалімі Нұрманова Ләйләнің жетекшілігімен 4 сынып оқушылары «Телефон ұстаған тілазар» ертегісіне қойылым қойды.

Қойылымның негізгі мақсаты қазіргі таңда балалардың басым көпшілігі бос уақытын осы ұялы телефонда өткізеді .

Телефонды пайдалы жағынан да қолдануға болатынын көрсету және де зиянды жағы да бар екендігін ұғындыру.

<https://www.facebook.com/share/v/1Ap4Wf6KYq/>

Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі - кітапхана

Көркем әдебиеттің үлкен бір саласы – поэзия

Поэзияны оқу бұл – ақынға рухани жақындау, оны сезіну, ақынның сезімі мен ой тереңдігіне бойлау, сол арқылы оқушы көркем сөздің құдіретін түсіне білу.

Кітапханамызда ұйымдастырылған «Поэзия тербетеді жүрегімді» тақырыбында мектебіміздегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бәкірова Салтанат апайдың жетекшілігімен Мұқағали Мақатаевтың шығармасынан Исахан Назира «Ғашықпын», Мәдетай Нұрислам «Өмір жайлы сұрай берме сен менен», Исраыл Исмайл «Әке аманаты» өлеңдерін оқыды. Балалар ақынның айтар ойын, мазмұнын керемет орындап шықты.

Іс-шараның мақсаты: Өскелең ұрпақты поэзия әлемімен сусындатып, ұрпағымыздың рухын асқақтатып, қазақ тіліне деген құрметін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/19h8gixsux/>

Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі - кітапхана

«Сүйікті жазушымың сүйікті кітабы тақырыбында кітапханашылардың ұйымдастыруымен Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесі аясында 7 сыныптармен. танымдық сабақ өткізілді.

Танымдық сабақтың мақсаты:

Оқушыны Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» атты әңгімесін түсініп оқуға үйрету, өзекті түйінді ойын ашуға жағдай жасау, баланың анаға деген сүйіспеншілігін, мейірімін сезіне білуге баулу.

<https://www.facebook.com/share/v/1R12K1kRGe/>

Ұлт тәрбиесінің қайнар көзі - кітапхана

«Сүйікті жазушымың сүйікті кітабы тақырыбында кітапханашылардың ұйымдастыруымен Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» әңгімесі аясында 7 сыныптармен. танымдық сабақ өткізілді.

Танымдық сабақтың мақсаты:

Оқушыны Оралхан Бөкейдің «Апамның астауы» атты әңгімесін түсініп оқуға үйрету, өзекті түйінді ойын ашуға жағдай жасау, баланың анаға деген сүйіспеншілігін, мейірімін сезіне білуге баулу.

<https://www.facebook.com/share/v/1R12K1kRGe/>

Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтың 100 жылдық мерейтойына байланысты "Рахымжан Қошқарбаев. Рейстагқа тігілген ту" тақырыбында 6 «Б» сыныбында сынып сағаты өткізілді.

Мақсаты: Қазақ халқының қаһарман ұлы Р.Қошқарбаевтың өмір жолынан мәлімет беру, ерліктерін насихаттау, патриоттық ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/1EjRMdQG8k/>

«Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітапханамыздың «Отбасыммен оқимын» отбасылық оқу сағаты ұйымдастырылды.

Шара мақсаты балаларды жас кезінен кітап оқуға қызықтырып, отбасылық оқу дағдыларына бейімдеу, кітапхана мен отбасы арасындағы тұрақты қарым қатынасты қалыптастыру.

Балалар өздері ата-аналарымен, әжелелерімен бірге отырып кітап оқыды. Оқыған кітаптары бойынша өзара ой-пікірлерін бөлісті. Отбасымен бірге кітапқа деген қызығушылықтары жайында баяндап, жас оқырмандарды кітап оқуға шақырды.

Мектеп өмірінде өзіндік ізін қалдырып жүрген 6 – сынып оқушысы Бақытжан Жасмин әжесі Әмина апаның тәрбиесінде өнер мен білімге қанат қағып келеді. Үлгі тұтар әжесінің демеуімен Ғабит Мүсіреповтың «Ұлпан» романын оқып, талдау жасады.

Ұлпан ғұмыры қазақ қоғамындағы әйел адамның рөлін сомдап берген нар тұлға екеніне көз жеткізе отыра танымдық қасиеттерін бойға жинауға шақырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CJ1F2Gdvk/>

ОҚЫРМАН BALA

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістан қаласында өткен ұлттық құрылтайда «Балалар кітапханасы» атты жаңа бағдарламаны жүзеге асыруды тапсырған

болатын. Осы жоба аясында Ә.Құдабаев атындағы №197 мектебінің 3-4 сынып оқушыларынан «Оқырман BALA» тобы құрылды. Топ жетекшісі Л.Нұрманова оқушыларды Қызылорда қалалық кітапханалар жүйесіне қарасты № 18 кітапханасына апарып, ондағы қызықты кітаптармен таныстырды.

Негізгі мақсат: оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, өздері оқыған кітаптарымен бөлісу арқылы сыныптастарының кітап оқуға құмарлығын арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/16Pi8mk4Gj/>

ЕСПУБЛИКА КҮНІ

Бүгін 9 "Ә" сыныбында 25 қазан Республика күніне арналған тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбиелік іс-шара сайыс түрінде ұйымдастырылды.

Сайыстың мақсаты: Жас ұрпақтың Тәуелсіздікті сақтап, Отанды, елді, жерді қорғауға және көркейтуге деген жауапкершілік сезімдерін ояту. Болашаққа сенімдерін қалыптастырып, саналы да білімді азамат болуға тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/172nJ197PF/>

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Мектеп табалдырығын аттаған бүлдіршіндері Республика күніне орай әнұран орындады. Еліміз еңселі, тұғыры биік болсын!

Мереке күні елім, жерім деп жүрегі соққан барша қазақ еліне құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/1CLJP632wu/>

РЕСПУБЛИКА КҮНІ

Қазақстан Республикасы 1991 жылы 16 желтоқсанда тәуелсіздігін жариялады.

Республика күні

25 қазанда, яғни 1990 жылы біздің еліміздің мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданған күні аталып өтіледі.

Республика күніне орай 10 "А" сынып оқушылары "Отаным-жүрегімде!" тақырыбында танымдық тәрбие сағатын жүргізді.

Мақсаты: Отанға деген мейірім мен сүйіспеншілік сезімдерін ұлғайту, Ел іргесінің беріктігіне ие болу, мемлекетіміздің өркендеуі мен көркеюі жолында жалындаған жастарымызды жасампаздыққа тәрбиелеу.

<https://www.facebook.com/share/v/16qmixL7Wq/>

РЕСПУБЛИКАМ-МАҚТАНЫШЫМ

Сіздерді Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматы үшін айтулы мереке – Республика күнімен құттықтаймыз! Жүректері Отан деп соғатын 1 «Ә» сынып оқушыларымыз Республика күнімен баршаңызды құттықтайды. Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының жүрегінде Отанға деген махаббат, береке мен ынтымақ болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/14JpCbgqL33/>

Облыстық жастар денсаулығы орталығы мамандары Ұ.Жұматай, А.Әлменова және №6 емхананың психологы Г.Жұмахметованың қатысуымен «Зорлық-зомбылықтың, буллингтің, кибербуллингтің және балаларға қатігездікпен қараудың алдын алу» тақырыбында мектеп психологы К.Айгараеваның ұйымдастырумен 8-11-сынып оқушылары арасында кездесу өткізілді.

Мақсаты- «буллинг» сөзінің мағынасын ашу, жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу.

Кездесу барысында тәуекел факторлары және алдын алу шаралары турасында баяндамалар оқылып, оқушылармен еркін сұхбатпен жалғасты. Біршама мәліметтер қамтылып, ұсыныстар тыңдалды.

<https://www.facebook.com/share/p/1KVqWMQqLZ/>

Мұражай -жәдігерлер мекені, тарихымыздың айнасы

Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің 85 жылдығына орай 7 сынып жетекшілері Ұ.Жұмабекова мен Г.Айдынәлиева оқушылардың күзгі демалыс уақытында туған өлке тарихын таныстыру, олардың ұлттық рухын оятып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыру мақсатында өлкетану музейіне апарды. Оқушылар музей қорындағы "Шірік-Рабат сақ жауынгері", "Сығанақ ханшайымы", "Түгіскен көсемі", "Жетіасар ақсүйек әйелі" реконструкцияларын тамашалап, басқа да құнды

жәдігерлермен танысты.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ej38qoavN/>

КҮЗГІ ДЕМАЛЫС

Мектебіміздің 5 "А" сынып оқушылары күзгі демалыстарында кітап оқып, спортпен шынығып, домбыра үйірмелеріне қатысып демалыстарын қызықты өткізуде.

<https://www.facebook.com/share/v/14M4Qo6risk/>

Мектебімізде 2-4 сынып оқушылары арасында «Мәңгілік жаса, қыран елім!»

тақырыбында мәнерлеп оқу сайысы өтті. Мақсаты: жас ұрпақты Отанды сүйуге, туған жерін мақтан етуге үйрету.

Сайыстың нәтижесінде 2 «В» сынып оқушысы Марат Айша Бас жүлдеге ие болды.

1-орын

3-сыныптар бойынша: Қайырбек Сымбат 3 «Ә» сынып

4-сыныптар бойынша: Ғабит Айтұмар 4 «Ә» сынып

2-орын

3-сыныптар бойынша: Оразымбет Дініслам 3 «А» сынып

4-сыныптар бойынша: Болат Ерасыл 4 «Б» сынып

3-орын

2-сыныптар бойынша: Ғани Инабат 2«А» сынып

3-сыныптар бойынша: Төлеміс Айзере 3 «В» сынып

4-сыныптар бойынша: Жеңісбек Дильназ 4 «В» сынып

<https://www.facebook.com/share/p/177ZcLtPJL/>

Балалар кітапханасы» жобасы аясында мектебімізде 3-4 сынып оқушылары арасында «Оқы да, сурет сал!» байқауы ұйымдастырылды. Оқушылар қазақ халқының «Ер төстік» ертегісін оқып, сол ертегінің желісі бойынша суреттер салды. Мақсаты: ертегіні оқумен қатар, оқыған ертегі туралы өз ойларын сурет арқылы жеткізу. Байқауға оқушылардың өте белсенді қатысуы бізді қуантты. Жақсы деп танылған суреттер мектепшілік дипломмен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/p/1GyaAKoHwr/>

“LANGI FEST” ұлттық ойын “Ләңгі тебуден” мектепшілік сайыс

Бүгін мектебімізде “Біртұтас тәрбие” аясында оқушылар арасында ұлттық ойын ләңгі тебуден сайыс өткізілді.

Сайыс мақсаты:

Ұлтымыздың негізсіз ұмытылып бара жатқан ойынын жаңғырту;

Оқушыларды ұлтымыздың құндылықтарын қастерлеуге баулу

<https://www.facebook.com/share/p/19baGHr6Ka/>

МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінде Мектеп Парламентінің Президент сайлауы болып өтті. Сайлау ережесіне сәйкес кандидаттыққа ұсынылған үміткерлер сайлау қорытындысы бойынша тағайындалды.

Қамқорлық фракциясы Тоғанас Аружан;

Құқық және тәртіп фракциясы Мейрамбекұлы Диас;

Экология және еңбек фракциясы Исахан Назира;

Ақпарат фракциясы Нұрлыбек Динара;

Мәдениет және өнер фракциясы Сейтжаппар Нұржан;

Спорт және салауатты өмір салты фракциясы Жархынбек Іңкәр;

Өзін-өзі тану және бақыт фракциясы Мадетай Сырым;

Дебат қозғалысының фракциясы Ержанқызы Орынай;

Үміткерлер өз бағдарламаларын 9-11-сынып оқушылары арасында таныстырып, үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Үміткерлер арасынан басым дауыс жинаған – 10 "А" сынып оқушысы Қуанышбай

Гүлім "МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ" сайлауында жеңіске жетті. Гүлімді жеңісімен құттықтай отырып, алдағы уақытта мектеп оқушыларының сенімін ақтап, мектептің оқу-тәрбие процесінің жандануы жолында аянбай жұмыс жасайды деп сенім білдіреміз.

<https://www.facebook.com/share/v/19xMLqsZzD/>

Мектебімізде “Біртұтас тәрбие бағдарламасы” аясында бастауыш сынып оқушыларынан “SMART BALA” жобасы жоспарға сәйкес жұмыс жүргізуде.

Жоба жетекшісі Әбілқасым Айдананың ұйымдастыруымен “SMART BALA” жобасының ізденімпаз, шығармашыл білім алушыларымыз сол жағалауда орналасқан “Оқушылар сарайына” экскурсия жасады.

Экскурсия барысында оқушыларымыз көптеген жаңа және қызықты нәрселерді біліп, шығармашылық пен ғылым атмосферасына ене алды.

Оқушылар сарайына жасаған бұл сапар көкжиекті кеңейтуге және жаңа жетістіктерге шабыт беруге тамаша мүмкіндік болды!

<https://www.facebook.com/share/v/14JFKZ1f7Ui/>

БАЛА ТӘРБИЕСІ БАСТЫ МІНДЕТ

Мектебімізде 15 қараша күні 1-11 сынып оқушыларының ата-аналарымен “Бала тәрбиесі басты міндет” тақырыбында мектепшілік ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс мақсаты:

Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру;

Мектеп пен ата – ана ынтымақтастығын нығайта отырып, ата – аналарды бала тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарауға шақыру болып табылады.

Күн тәртібіндегі мәселелер:

Ата-ана міндеттері мен жауапкершілігі

Оқушылар қауіпсіздігін сақтау

Құқықбұзушылыққа жол бермеу

Буллинг және кибербуллингті болдырмау оның алдын алу

Балалардың білім алуына жағдай жасау, психологиялық көмек.

Жиналыс соңында барлық ата-аналар жеке-жеке пән мұғалімдерімен балалардың I оқу тоқсанының қорытындысымен танысты.

<https://www.facebook.com/share/v/17EpXUtWKB/>

БІЗ БАҚЫТТЫ БАЛАМЫЗ!

20 қараша-Дүниежүзілік балалар күні мерекесімен оқушыларымызды құттықтаймыз! Еліміздің ертеңгі иелерін бүгінгі мерейлі мерекемен құттықтай отырып, болашақтарыңыз жарқын, аспандарыңыз ашық, елімізді өркендетер, келешектің кезеңдері болыңыздар!

<https://www.facebook.com/share/v/14FrFzn5vBt/>

Жүр, досым, кітапханаға!»

Мектебімізде “Балалар кітапханасы” жобасы аясында жоба жетекшісі Нурманова Лайла Нурбаевнаның жетекшілігімен бастауыш сынып оқушылары ерекше шабытпен керемет видеоролик түсірді!

Жобаның мақсаты – балалардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын ояту және білімге деген сүйіспеншілікті қалыптастыру.

Кітап — адамзаттың асыл қазынасы!

<https://www.facebook.com/share/v/19guFWRham/>

Көңілді үзіліс

Бүгін мектебімізде бастауыш сынып мұғалімі Әбілқасым Айдананың ұйымдастыруымен қызықты әрі ерекше оқушыларға көңілді үзіліс өтілді.

Оқушыларымыз үшін «Ат жарыс» ойындарының арқасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу және бір-біріне деген сенімділік, қарым-қатынас, ұйымшылдық дағдыларын дамыту мақсатында көңілді үзіліс ұйымдастырылды. Оқушыларымыз өзара ынтымақтаса отырып, ойын барысында көбірек бірлесіп жұмыс істеп, жеңіске ұмтылды.

<https://www.facebook.com/share/v/17BrLV68ep/>

Тәуелсіз елдің ұрпағымын.

Қазақстан Республикасының "Тәуелсіздік" күні мерекесіне орай Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде дебат қозғалысы фракциясының ұйымдастыруымен оқушылар арасында тақырыптық дөңгелек үстел өтті.

Шара барысында оқушылар тәуелсіздік тарихына үңіліп, еліміздің егемендік алған жылдардағы жетістіктерімен танысты. Әр қатысушы өз ойын ортаға салып, еліміздің болашағы үшін жас ұрпақтың рөлі мен жауапкершілігін талқылады.

Тәуелсіздік – біздің ең қымбат байлығымыз!

Мұндай іс-шаралар оқушылардың бойында патриоттық сезімді нығайтып, елімізге деген мақтаныш пен құрметті арттырады.

<https://www.facebook.com/share/v/19jzHenfqG/>

ECO-ALEM

#Жасұлан

#экоәлем

#кітапоқыойғатоқыжасұлан

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде Жасұлан ұйымының ұйымдастыруымен «Есо Alem» үстел ойыны ұйымдастырылды.

Мақсаты: оқушыларды қоқысты дұрыс сұрыптауға үйрету, қайта өңделетін қалдықтар туралы, сұрыптаудың жолдарын және экологиялық зиянды заттар жайлы мағлұмат бере отырып қоршаған ортаны таза ұстауға баулу.

Ойынға «ЖАС ҰЛАН» ұйым мүшелері белсене қатысып, нәтижесінде экологиялық білім алып, сұрыптауды үйренді.

<https://www.facebook.com/share/v/1ECogMXPNZ/>

Көңілді үзіліс

Мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Айдыңқызы Айдананың ұйымдастыруымен қызықты әрі ерекше оқушыларға көңілді үзіліс өтілді.

Оқушыларымыз үшін «Кім мерген»

ойыны арқасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу және әр бала өзінің мергендік қабылетін сынап көріп, ұйымшылдық дағдыларын дамыту мақсатында көңілді үзіліс ұйымдастырылды.

Оқушыларымыз өзара ынтымақтаса отырып, ойын барысында көбірек бір-біріне қолдау көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/178dCNw8nf/>

«Тәуелсіздік –бабам берген аманат» тақырыбында кітапханамызда "16 желтоқсан Тәуелсіздік" күніне байланысты кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Көрме мақсаты оқушылардың өткен тарихымызға деген ұлттық көзқарастарын қалыптастыру. Оқушыларды елін, Отанын сүйетін, оны сақтауға күш салатын патриот етіп тәрбиелеу. Желтоқсанда мерт болған қазақ қыздары мен жігіттерінің рухына, ерлігіне деген тағзым.

Еліміз тәуелсіздіктің бесігінде тербелгелі 33 жыл. Отыз үш жыл ішінде Қазақстан етек-жеңін жиып, шекарасын бекітіп, өз алдына дербес, зайырлы ел болды. Бұл атадан келе жатқан ұлы жеңістің жемісі. 1991 жылы 16 желтоқсанда егемендігін алған еліміздің өз Президенті, ұлты мен ұлысы, салты мен дәстүрі, мәдениеті мен экономикасы болды.

Желтоқсанның желі мен ызғарына қарсы тұрған жастардың жалынды рухы мен ерліктерінің арқасында шаңырағы биік, керегесі кең мемлекет болып қалыптастық. Отанды қастерлеп өту әрбір ұрпақтың міндеті. Тәуелсіздік – ащы термен келген тәтті жеміс. Төгілген қанның, өлмеген жігердің отымен келген ұлы күн.

<https://www.facebook.com/share/v/1BWpTGx1kW/>

Қоңыраудағы көңілді үзіліс

«Стакандар логикасы»

"Ұлттық құндылыққа негізделген білім беру-бастауышта " тақырыбында өткізілген онкүндік барысында бастауыш сынып мұғалімі Ауесбаева Арай 3 сынып оқушыларымен көңілді үзіліс ұйымдастырды.

Мақсаты: Оқушылардың үзілісін қызықты әрі пайдалы етіп өткізумен қатар логикалық ойлауын дамыту, қол моторикасын жетілдіру. Әр түрлі комбинациялар мен шешімдерді табу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Ойын барысында оқушыларға белгілі бір түстік ретпен сызылған карточка берілді.

Тапсырма бойынша оқушылар қызығушылықпен жарысқа түсіп, карточкадағы үлгіге сәйкес стакандарды дұрыс әрі жылдам орналастырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1ANWkBurUV/>

Елімнің бақытын тербеткен Тәуелсіздік

9-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен өткен Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік шара – елдік рухты асқақтатқан әсерлі кеш болды.

Мақсаты: оқушылардың туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру, елін, жерін қастерлеуге баулу, патриоттық сезімдерін оятып, Тәуелсіздік ұғымының мәнін терең түсіндіру. Сондай-ақ, сахналық мәдениеттілік пен ұжымдық рухты қалыптастыруға бағытталды.

Кештің шымылдығы Мемлекеттік Әнұранмен ашылып, Тәуелсіздікке арналған бейнематериал көрсетілді. Қазақтың биін мың бұрала билеген қыздар, домбыраның үнімен күй төккен ұлдар ұлттық рухты асқақтата түсті. Оқушылар жүректен шыққан жыр шумақтарын нақышына келтіре оқып, көрермендерге ерекше әсер сыйлады.

Мерекелік шара ұрпақ бойындағы елжандылық пен ұлт мақтанышын оятты. Осындай мазмұнды кештер өскелең ұрпақтың Тәуелсіздіктің қадірін түсініп, елін сүюге деген ынтасын арттырады анық.

<https://www.facebook.com/share/v/1WXRuPX8vT/>

Тәуелсіз елім – Қазақстан!

6 "Б" сыныбында Желтоқсан оқиғасының қазақ халқының ұлттық санасының оянуындағы және Тәуелсіздікке қол жеткізудегі тарихи рөлін тереңірек түсіндіру мақсатында «Тәуелсіз елім – Қазақстан» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді.

Іс-шара барысында оқушылар Желтоқсан оқиғасының қайғылы да қаһармандық тарихына үңіліп, оның ұлт тағдырындағы маңызын жан-жақты зерделеді. Оқушылар мәнерлеп өлең оқып, жүректерінен шыққан патриоттық эсселерін оқыды, сондай-ақ Отанға деген сүйіспеншілікті асқақтатар рухты әндер орындады. Желтоқсан құрбандары туралы тарихи деректер мен ақпараттар таныстырылып, сол бір ауыр да ардақты күндердің естелігімен терең танысуға мүмкіндік берілді.

Бұл тәрбие сағаты оқушылардың бойында Тәуелсіздік құндылығын сезінуге, елін, жерін қастерлеуге және ұлттық рухты нығайтуға зор ықпал етті. Желтоқсанның жаңғырығы мен ерлігі мәңгі ұмытылмайтынын ұрпақ санасына сіңіру – бүгінгі күннің маңызды міндеттерінің бірі.

<https://www.facebook.com/share/v/12DV4tRmQgV/>

Тәуелсіздік – баға жетпес байлық

Бүгін мектебімізде Сексенбаева Нағима Өмірзаққызы 1 «А» сыныбына «Тәуелсіздік – баға жетпес байлық» тақырыбында тәрбие сағаты өтті.

Мақсаты: Оқушыларға Тәуелсіздіктің маңызын ұғындырып, оны қастерлеу қажеттігін түсіндіру. Елге, жерге деген сүйіспеншілікті арттырып, балалардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастыру.

Сабақ барысында оқушылар Қазақстанның қасиетті құндылығы – Тәуелсіздіктің мәнін тереңірек түсініп, өз Отанына деген мақтаныш сезімін білдірді. «Біз – азаттықты аңсап, еркіндік жолында талай қиындықты еңсерген ұлы елдің ұрпағымыз» деген ұстаным олардың жүректерінде ерекше орын алды.

Осындай ашық тәрбие сағаттары жас буынның елге деген махаббатын арттырып, жарқын болашаққа деген сенімін бекіте түсері анық.

<https://www.facebook.com/share/v/19is576z3j/>

Тәуелсіздік – тұғырым

Бүгін мектебімізде Әлиева Нағима Бисенқызы 4 «Б» сыныбына «Тәуелсіздік – тұғырым» тақырыбында ашық тәрбие сағатын өтті.

Сабақтың негізгі мақсаты – оқушыларға Тәуелсіздіктің маңызын түсіндіру, туған елге

деген сүйіспеншіліктерін арттыру, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар Тәуелсіздік тақырыбында мәнерлеп өлең оқып, тарихи оқиғалар туралы мағлұмат алды. Сонымен қатар, еліміздің рәміздері мен ұлттық құндылықтарын дәріптейтін шағын көріністер қойылып, патриоттық әндер шырқалды.

<https://www.facebook.com/share/v/1GLDFwTN81/>

16 желтоқсан “Тәуелсіздік” күні мерекесіне орай 8 "Ә" сыныбының жетекшісі Әлхайырова Анар Әбіләшімқызы «Тәуелсіздік-тұғырым!» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мақсаты: Тәуелсіздік ұғымын түсіндіру арқылы қазақ халқының ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын зұлмат жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу.

Тәрбие сағатын бастамас бұрын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындады. Сонымен қатар, жалындаған жастық шақтарын еліміздің ұлттық намысына ту ғып байлап берген аға-әпкелеріміздің рухына бас иіп бір сәт үнсіздікпен еске алды.

1986 жылы болған желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы туралы бейнеролик көрсетілді. "Желтоқсан желі" әнін аудиодан тыңдатып, шығу тарихын баяндады.

Оқушылар тақтада ілініп тұрған QR кодты сканерлеу арқылы шыққан сұрақтарға жауап беріп, қоржыннан сыйлықтарын алды.

Аты аңызға айналған бұл Тәуелсіздігіміздің тарихында небір батырлық дастандары мен оқиғалары мәңгі өшпес жазулармен жазылған. Ата-бабаларымыз қасық қаны қалғанша шайқасқан. Осы тұста "Таласқа түссе жан мен ту, жан емес маған керегі, көк тудың желбірегені",- деген өлең жолдары батыр бабаларымыздың жасаған ерліктеріне дәйек болары сөзсіз. Тәуелсіздігіміздің тұғыры мәңгі берік болуы, оны әрі қарай жалғастыру бізге берілген парыз екенін жадымызда сақтайық,- деп Анар Әбіләшімқызы тәрбие сағатын қорытындылады.

<https://www.facebook.com/share/v/19cQ5BKz6q/>

Тәуелсіз ел – бақытты ел!

2-3 сынып оқушыларының қатысуымен «Тәуелсіз ел – бақытты ел!» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Іс-шараны ұйымдастырушы – Үкішова Гүлнұр.

Көрме барысында жас суретшілер туған елдің бай тарихын, табиғатының әсемдігін және Тәуелсіздіктің қадір-қасиетін өз туындылары арқылы жеткізе білді. Балалар қиялынан туған суреттерден патриоттық сезім мен Отанға деген шексіз сүйіспеншілікті аңғаруға болады.

<https://www.facebook.com/share/v/1CMA2mQQzy/>

Тәуелсіздік -тұғырым!

6 "Ә" сыныбында "Тәуелсіздік – тұғырым" атты тәрбие сағаты ұйымдастырылды.

Сынып жетекшісі Ордабаева Гүлжайна Мәлсқызы оқушыларға еліміздің тәуелсіздікке жету жолы, Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы және егемен Қазақстанның жетістіктері жайлы түсіндірді.

Шара барысында оқушылар өлеңдер оқып, ел болашағы туралы ойларын ортаға салды. Сабактың басты мақсаты – балалардың патриоттық сезімдерін оятып, елге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Тәуелсіздік – біздің елдігіміздің айнасы, болашағымыздың кепілі!

<https://www.facebook.com/share/v/19emF1mq1J/>

ТӘУЕЛСІЗДІК-ЕЛ МҰРАТЫ

Мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай 5 "А" сыныбында, сынып жетекшісі Алимбетова Мөлдір Болатқызының бастауымен "Тәуелсіздік - ел мұраты" атты іс-шара өткізілді.

Тәрбие сағатында патриоттық әндер айтылды, би биледі, тақпақтар мен өлең жолдары оқылды. Сонымен қатар, желтоқсан оқиғасының үзінділері қойылды. Сынып оқушылары жоғары деңгейде өтуіне өз үлестерін қосты.

<https://www.facebook.com/share/v/16pZCzfCdx/>

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні мерекесімен мектебіміздің "Смарт бала" жобасының мүшелері мен жетекшісі Әбілқасым Айдана Айдыңқызы барша қазақ елін шын жүректен құттықтайды!

Ғасырлар бойы бабаларымыз армандаған тәуелсіздікті көру – бүгінгі ұрпаққа бұйырған ұлы мәртебе. Осы ұлы күн әрдайым ұлтымыздың рухын асқақтатып, елдігіміздің берік негізіне айналсын. Тәуелсіздігіміз мәңгілік, халқымыздың бақыты баянды болғай!
<https://www.facebook.com/share/v/1JTaQmSrH3/>

БАЛАЛАР КІТАПХАНАСЫ

Мектебіміздің кітапханашыларының ұйымдастыруымен «Балалар кітапханасы» жобасы аясында кітап кейіпкерлерінен «Менің сүйікті кейіпкерім» тақырыбында 6 сынып оқушылары арасында сурет сайысы ұйымдастырылды. Сайыста үздік салынған суреттер марапатталды.

Мақсаты: оқушыларды сурет салғанда, ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу, түрлі тәсілдермен бейнелеу дағдыларын нығайту, бейнелік елес, қиялдарын дамыту. Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін ажырату арқылы этикалық тәрбие алу.

<https://www.facebook.com/share/p/1B5ZYjRNLF/>

АТА-АНАЛАР ЖИНАЛЫСЫ

Бүгін Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 1-11 сыныптардың ата-аналары үшін мектеп директоры Акшалов Еркін Кенжебайұлы, мектеп әкімшілігі және сынып жетекшілердің қатысуымен жалпы ата-аналар жиналысы ұйымдастырылды.

Жиналыста қаралған негізгі мәселелер:

2024-2025 оқу жылының I-II тоқсаны бойынша оқушылардың оқу үлгерімі туралы ақпарат беру;

Қысқы демалыс уақытында балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыруға арналған іс-шаралар жоспары туралы хабарлау;

Қысқы демалыс кезеңіндегі балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар;

"Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу" тақырыбы бойынша түсіндірме жұмыстары;

"Жол қозғалысы ережелерін сақтау" маңыздылығы туралы ақпараттандыру;

Балалардың түнгі уақытта заңды өкілдерінсіз ойын-сауық орындары мен үйден тыс жерде болмау қажеттігі туралы ескерту.

Сонымен қатар, басқа қалаларға топпен саяхаттау, мұз айдындарына бару және қауіпті аймақтарда болу секілді әрекеттерден сақ болу қажеттігі түсіндірілді.

Бүгінгі өткізілген жиналыста ата-аналарға балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қысқы демалысты пайдалы әрі қауіпсіз өткізу үшін маңызды ақпарат берілді.

<https://www.facebook.com/share/p/14MJr6imnUB/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

Әбілқасым Айдана Айдыңқызы бастауыш сынып оқушылары арасында "Өнер шыңы" тақырыбында колөнер көрмесі ұйымдастырылды.

Оқушылар өз қолдарымен жасалған түрлі бұйымдарын көрмеге ұсынды.

Мақсаты: Оқушылардың қиялы мен шығармашылық қабілеттерін арттыру.

Оқушылар Дипломдар мен түрлі сыйлықтармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/17FEftnhsP/>

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ !

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде мектеп тәлімгерінің ұйымдастыруымен "Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!" тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мақсаты: "Сыбайлас жемқорлық" ұғымы, оның пайда болу себептері жайлы түсінік беру. Оқушылар бойында отансүйгіштік, жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру, патриоттық тәрбие беру.

<https://www.facebook.com/share/v/1GNMyBPVsx/>

Көңілді үзіліс

ЖАС ҰЛАН

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің «Жас Ұлан» ұйымының жоспарына сәйкес оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында «АРТ-ТЕРАПИЯ»

өткізілді.

Мақсаты:

Қатысушылардың жұптасып жұмыс істеуі арқылы бір-бірімен түсіністікке келу деңгейін жетілдіру. Қатысушылардың әріптесіне сенім арту және бірлескен жауапкершілікті қабылдау қабілеттерін дамыту.

<https://www.facebook.com/share/v/1BRNH4ZfRf/>

ӘЛЕМНІҢ ҮШ ТІРЕГІ

Бүгін информатика пәнінің мұғалімі Шағдарова Айгерім 9-10 сынып оқушылары арасында көңілді үзіліс өткізді.

Көңілді үзілістің мақсаты:

Оқушылардың үзіліс уақытын тиімді әрі көңілді өткізу;

Сабаққа деген белсенділіктерін арттыру.

Ойын оқушыларды икемділікке, шапшаңдыққа және дәлдікке үйретіп, олардың ойынға деген қызығушылығын арттырды. Іс-шара оқушылар арасында ерекше көңіл-күй мен белсенділік тудырды.

<https://www.facebook.com/share/v/1B966apjsR/>

ОҚУШЫЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БАСТЫ НАЗАРДА!

Оқушылардың қауіпсіздігі мен тәртібін қадағалау мақсатында мектебіміздің ұстаздары түнгі рейдке шықты. Бұл шара оқушылардың кешкі уақытта себепсіз көшеде жүруінің алдын алу, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында ұйымдастырылды.

Рейд барысында мұғалімдер мен тәртіп сақшылары көшелерді, ойын-сауық орындарын және басқа да қоғамдық орындарды аралап, мектеп оқушыларының тәртібін бақылады. Сондай-ақ, ата-аналарға балаларының кешкі уақыттағы қауіпсіздігін қадағалаудың маңыздылығы түсіндірілді.

Бұл шара оқушылардың жауапкершілігін арттырып, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болды. Мұндай рейдтер алдағы уақытта да жалғасады.

<https://www.facebook.com/share/p/1a3PYM4yhg/>

СПОРТ ЖӘНЕ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде "Спорт және салауатты өмір салты" фракциясының жылдық жоспарына сәйкес, "Мектеп Парламенті" өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "Қызықты қыс" атты мектепшілік спорттық жарыс өтті. Бұл жарыс 9-10 сынып оқушылары арасында волейболдан өтті.

Шараның негізгі мақсаты – жасөспірімдердің спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және оқушыларды ұйымшылдыққа баулу. Жарысқа қатысушылар өздерінің спорттық шеберліктерін көрсетіп, командалық рухтарын нығайтуға мүмкіндік алды.

Спорттық сайыс қызықты әрі тартысты өтті. Мұндай шаралар оқушылардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың тәртіпті, жігерлі әрі мақсатқа ұмтылғыш болуына ықпал етеді.

<https://www.facebook.com/share/v/1AoVcnwtMk/>

Балалықтың ізіндей – Бердібек мұрасы

Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай өткізілген тағылымды шара.

Бүгін мектебімізде көрнекті жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай бастауыш сынып мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ерекше іс-шара өтті.

Шара барысында бастауыш сынып оқушылары “Менің атым Қожа” фильмінен әсерлі үзінді көрсетіп, көрермендерді балалық шақ әлеміне жетеледі. Мың бұралған бишілер әсем билерімен көрік қосып, оқушылар жүрекке жылы тиер әндер орындады. Әсіресе, “Сарыжайлау” әні шырқалғанда, балалық шақтың қимас сәттері еске оралды.

Бұл шараның басты мақсаты – оқушыларға Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын таныстырып, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және әдебиетке деген сүйіспеншілікті арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/14Gwm2F1gCk/>

ЖЫРЛАЙДЫ ЖҮРЕК

Бүгін мектебімізде Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен ақын ақын Мұқағали Мақатаевтың рухына арналған “Жырлайды жүрек” атты әдеби-сазды кеш болып өтті.

Мақсаты: Ғасырлар тоғысында ғасыр ақыны атанған Мұқағали Мақатаевтың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату, сол арқылы олардың бойында поэзия әлеміне, жалпы сөз өнеріне деген сүйіспеншілікті берік қалыптастыру.

Кеш барысында мектеп оқушылары ақынның әрбір өлеңін жүрекке жеткізе орындады.

Ән сал, жаным,

Әніммен тербет мені.

Бір сәтке тынсын тірлік жер көктегі, - деп ақын өзі жырлағандай, оның өлеңіне жазылған әндерді оқушылар мен ұстаздар әуелете шырқады.

Кешке қатысқан тыңдарман қауым, ақынның сырлы, әуенді, мұңды жырларына қанық болды.

<https://www.facebook.com/share/v/16xQqSM4MW/>

ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ ЕРМҰХАН БЕКМАХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 110 ЖЫЛ

Мектебімізде "Тарих" пәнінің мұғалімдерінің ұйымдастыруымен тарих ғылымдарының докторы Ермұхан Бекмахановтың 110 жылдығына орай 8-9 сынып оқушылары арасында "Қазақстандағы Бекмаханов ісі" атты тарихи сахналық қойылым өтті.

Іс-шара барысында оқушыларға Ермұхан Бекмахановтың өмір жолы, ғылыми еңбектері мен қызметі туралы мазмұнды мәліметтер ұсынылды.

Шараның негізгі мақсаты – Сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болған, қазақ тарих ғылымының негізін қалаушылардың бірі, тұңғыш кеңес тарихшыларының қатарындағы профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Ермұхан Бекмахановтың еңбектерін насихаттау, оның тарихымыздағы рөлін айқындау.

Сонымен қатар, жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды құрметтеу, тарихи сананы қалыптастыру, отансүйгіштік рухын нығайту мақсатында оқушылар ғалымның өміріндегі ең ауыр кезеңдерді сахналап, оның 25 жылға сотталу трагедиясын көрерменге терең сезіндіре алды.

Іс-шараның түйіні ретінде «Жақсының ескерткіші – оның жасаған игі ісі» деген ой айтылып, Ермұхан Бекмахановтың қазақ тарихындағы орны ерекше екені тағы да айқындалды.

<https://www.facebook.com/share/v/1CQK5T5FM4/>

“АЙГӨЛЕК” ӘН-БИ БАЙҚАУЫ

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінің Жас ұлан ұйымының ұйымдастыруымен бастауыш сынып оқушылары арасында “Айгөлек” ән-би байқауы өткізілді.

Байқаудың мақсаты бастауыш сынып оқушылар арасынан ән-би өнеріне қабілетті оқушыларды анықтау, оқушыларды өнерге баулу, сахна мәдениетін үйрету, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, өздерін бір сәт кішкентай жұлдыздардай сезіндіру.

<https://www.facebook.com/share/v/14LRDmrp1pE/>

ҰЛТ БОЛАШАҒЫ ҮШІН КҮРЕСКЕН ҚАЙРАТКЕР

Бүгін мектебімізде математика, физика және информатика пәні мұғалімдерінің ұйымдастыруымен көрнекті дәрігер, ағартушы, қоғам қайраткері Санжар Асфендияровтың 135 жылдығына арналған тағылымды шара өтті.

Шараның мақсаты:

Санжар Асфендияровтың өмір жолы мен еңбектерін насихаттау;

Жастарды оның ғылым, медицина және ағартушылық салаларындағы мұраларымен таныстыру;

Ұлтжандылық пен тарихи сананы қалыптастыру.

Кеш барысында оқушылар көрнекті тұлғаның өмірінен көріністер қойып, оның қазақ медицинасы мен білім саласына қосқан үлесін сахналық қойылым арқылы жеткізді.

Шара соңында Көпбейінді облыстық аурухананың дәрігер-гастроэнтерологы Ділдабаева Мөлдір Сұлтанбекқызы қорытынды сөз сөйлеп, Санжар Асфендияровтың медицина

саласындағы рөлі мен мұрасының маңыздылығына тоқталды.

Бұл кеш жас ұрпаққа ұлт қайраткерлерінің еңбегін дәріптеп, олардың тағылымын үлгі етуге арналған мәні зор іс-шара болды.

<https://www.facebook.com/share/v/1ThauMaACv/>

Бүгін мектебімізде Қызылорда пікірсайыс федерациясының директоры, “Анаға тағзым” орталығының “Ана тілі” дебат клубының жетекшісі Орынбасар Айжан Бекзатқызы қонақта болды.

Мектебімізде құрылған “Орда озаттары” дебат клубының мүшелеріне WSDF (World Schools Debating Format), яғни дүниежүзілік мектеп форматы түсіндірілді.

Оқушылардың пікірсайыс мәдениетін дамыту мақсатында ұйымдастырылған бұл кездесуде оқушылар жаңа дебат форматын түсініп, сұрақтарына жауап алды.

<https://www.facebook.com/share/v/16qtkdApYo/>

ҰЛТ РУХЫН ЖЫРЛАҒАН ҚАЛАМҒЕР

Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, ұлттық рухтың жыршысы Бейімбет Майлиннің 130 жылдық мерейтойына орай мектебімізде тағылымды шара өтті.

Бұл әдеби кешті орыс тілі мен әдебиеті пәнінің ұстаздары ұйымдастырып, оқушылар жазушының шығармаларына негізделген әсерлі көріністер қойды.

Көрермендер қаламгер сомдаған кейіпкерлердің тағдыры арқылы XX ғасыр басындағы қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін сезініп, оның шығармаларының шынайылығына тағы бір мәрте көз жеткізді. Майлиннің өткір тілі, астарлы ойы, ұлт тағдырына деген алаңдаушылығы көріністерде шынайы бейнеленіп, көрермен жүрегіне жетті.

Шара барысында жазушының шығармашылығы жан-жақты талданып, оның қазақ әдебиетіне қосқан өлшеусіз үлесі кеңінен сөз болды. Майлиннің қарапайым халықтың өмірін суреттеудегі шеберлігі, қазақ қоғамындағы әділетсіздікке қарсы күресі, өмірдің ащы шындығын боямасыз бейнелеуі – барлығы да оның шығармаларынан көрініс тапқан.

Оқушылардың тебіренерлік қойылымдары мен әдебиетке деген сүйіспеншілігі кештің рухын одан әрі көтере түсті. Бұл тағылымды іс-шара болашақ ұрпаққа Бейімбет Майлин сынды алыптардың мұрасын дәріптеу жолында жасалған игі қадам болды.

Ұлттық рухтың жыршысы болған ұлы қаламгердің есімі қазақ әдебиетінде мәңгі жасай бермек!

<https://www.facebook.com/share/v/178xo5mgEr/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ – ҰЛТ ТӘРБИЕСІ !

Бүгін мектебімізде тәрбие жоспарына сәйкес 5-7 сынып оқушы қыздарына арналған «Ұлттық құндылық – ұлт тәрбиесі» атты дөңгелек үстел өтті. Іс-шараның ұйымдастырушылары-Дүйсенова Жанар Мұсаханқызы мен Ордабаева Гүлжайна Мәлсқызы.

Дөңгелек үстелге “Қазақ аналары -дәстүрге жол” ұйымының аналары мен ұстаздар психолог маман қатысып, ұлттық құндылықтардың маңыздылығы, қазақ қызының әдеби мен тәлім-тәрбиесі туралы өз ойларымен бөлісті. Шараның құрметті қонақтары қатарында:

«Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Қызылорда облыстық бас төрайымы Былаева Алтынай Мырқиевна;

Ардагер ұстаз, «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісінің иегері, «Ел құрметі» медалінің иегері, бас кеңесші Бекмағанбетова Ұлболсын;

«ORDA» жоғары колледжінің педагог-психологы Асанова Дина Қазыбайқызы;

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Орыс тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқытушысы, педагогика ғылымдарының магистрі Уразбаева Нұрлыгүл Жүнісбекқызы.

Қатысушылар ұлттық салт-дәстүрлердің қазіргі қоғамдағы рөлі, қыз баланың тәрбиесіндегі ата-ананың және ұстаздардың орны, сондай-ақ, ұлттық болмыс пен

жаһандану арасындағы байланыс туралы пікір алмасты. Шара барысында оқушы қыздар өз ойларын ортаға салып, ұлттық құндылықтарға қатысты сұрақтарын қойды. Дөңгелек үстел қорытындысында ұлттық тәрбиені дәріптеу, қазақ қызының бойына ізгілік, мейірімділік, әдептілік қасиеттерін сіңіру, салт-дәстүрімізді сақтау бағытында бірлесіп жұмыс істеу қажеттігі айтылды.

<https://www.facebook.com/share/v/19DiWDrwLk/>

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ОЙШЫЛ АҚЫНЫ

Қызылорда қаласындағы №12 кітапханада ақын Қадыр Мырза Әлидің 90 жылдығына орай "Қазақ поэзиясының ойшыл ақыны" атты әдеби кеш өтті. Іс-шараны А.Жылкелдиева мен Н.Асқарова ұйымдастырды.

Әдеби кешке мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Л.Нұрманованың жетекшілігіндегі "Кітапқұмарлар" тобының мүшелері қатысты. Оқушылар ақынның өмірі мен шығармашылығына шолу жасап, өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқыды.

Шараның басты мақсаты – Қадыр Мырза Әлидің әдеби мұрасын дәріптеу, оның шығармалары мен әндері арқылы жас ұрпақты ұлттық құндылықтарға баулу.

Қадыр Мырза Әли – қазақ поэзиясының дара тұлғасы, оның өлеңдері мен туындылары халық жадында мәңгі сақталары сөзсіз.

<https://www.facebook.com/share/v/1CZasZduom/>

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ ҚҰЛАГЕРІ

Бүгін мектебімізде ұлттық әдебиеттің классигі Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығына арналған 5-7 сыныптар арасында "Қазақ поэзиясының Құлагері" атты тақырыпта мектепшілік мәнерлеп оқу байқауы өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: қазақ әдебиетінің талантты ақыны Ілияс Жансүгіровтің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы мәнерлеп жатқа айтуға, поэзияны сүйуге, оны бағалай білуге, оқу дағдысын кеңейте отырып, рухани танымын кеңейу.

Байқау 2 кезең бойынша өткізілді.

1-кезеңде "Ілияс-Құлагер ақын" бөлімі бойынша ақынның өлеңдерін мәнерлеп жатқа айтты.

2-кезеңде "Жаз! Жаз! Қалам, жорғалап" бөлімі бойынша оқушылар Ілияс Жансүгіровке арнау өлеңдерін оқыды.

Аталған кезеңдер бойынша сайысқа түскен оқушылардың өнерін қазылар алқасы бағалап, жүлделі орын иелерін анықтап, белсене қатысқан оқушыларды марапаттады.

Алдағы уақытта оза шапқан оқушыларымызға шығармашылық табыс пен жаңа белестерді бағындыруын тілейміз.

<https://www.facebook.com/share/p/1CZFkKV3RP/>

Мұхтар Мағауин – Ұлт Руханиятының Жыршысы

Мектеп кітапханасында «Атаулы күндер айлығы» аясында Мұхтар Мағауиннің 85 жылдығына орай кітапхана сағаты және кітап көрмесі ұйымдастырылды.

Мақсаты: Мұхтар Мағауиннің әдебиеттегі орны мен еңбектерін насихаттау, жас ұрпаққа оның шығармаларын таныстыру. Шара барысында оқушылар тарихшы, жазушы, қазақтың ауыз әдебиетін зерттеуші ғалым Мұхтар Мұханұлы Мағауиннің өмір жолымен тереңірек танысты.

Мұхтар Мағауин – Қазақстанның Халық жазушысы, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Түркияның Халықаралық "Түрік дүниесіне қызмет" сыйлығының иегері, Улан-Батордағы Халықаралық Шыңғыс хан Академиясының құрметті академигі атанған тұлға.

Жазушының қаламынан туған шығармалар қазақ халқының тарихи жадын жаңғыртып, өскелең ұрпаққа рухани азық болып келеді. Оның туындылары арқылы қазақтың дәстүрі, мәдениеті мен рухани құндылықтары дәріптеліп, ұлттық сана-сезімнің оянуына ықпал етті.

Ұлы тұлғаларымыздың рухани мұрасын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу – біздің міндетіміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1Ei3edAtq8/>

МЕКТЕП БІТІРУШІ ТҮЛЕКТЕРІМІЗДІҢ АҚ БАНТИК ТРЕНДІ

Мектеп бітіруші 11 “Б” сынып оқушы қыздары үшін биылғы жыл ерекше сәттерге толы. Олардың бастамасымен басталған "Ақ бантик" тренді — мектеп өміріндегі ең жарқын әрі мағыналы дәстүрлердің біріне айналды.

Ақ бантик – тазалық пен адалдықтың, білімге деген құштарлықтың белгісі.

Сынып жетекшісі Абдрахманова Нұргүл Советқызының қолдауымен жүзеге асқан бұл бастама – тек сәндік белгі ғана емес, сонымен қатар мектеп рухын сақтап, сабақтастықты жалғастырудың көрінісі.

<https://www.facebook.com/share/v/1BCZPx6C2n/>

СПОРТ СЕҢІҢ-СЕРІГІҢ

Мектебімізде дене шынықтыру пәнінің апталығы аясында "Әкем, анам және мен" атты отбасылық спорттық сайысы өтті.

Шараның басты мақсаты – жас ұрпақты салауатты өмір салтын ұстануға баулу, зиянды әдеттерден аулақ болуға тәрбиелеу, болашақта елінің өркендеуіне үлес қосатын дені сау, білімді азамат етіп қалыптастыру.

Сайысқа 4-сынып оқушылары ата-аналарымен бірге белсене қатысып, өзара бақ сынасты. Жарыс барысында қатысушылар жылдамдықтарын, ептіліктерін және ұйымшылдықтарын көрсетті.

Сайысқа қатысқан отбасылар:

4 "А" сыныбынан – Мұратбековтер отбасы

4 "Ә" сыныбынан – Ердібековтер отбасы

4 "Б" сыныбынан – Жалғасбаевтар отбасы

4 "В" сыныбынан – Амангелдиевтер отбасы

Тартысты өткен жарыстың қорытындысы бойынша:

I орын – 4 "Ә" сыныбы Ердібековтер отбасы;

II орын – 4 "В" сыныбы Амангелдиевтер отбасы;

III орын – 4 "А" Мұратбековтер отбасы және 4 "Б" сыныптары Жалғасбаевтар отбасы

Осындай іс-шаралар оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, отбасылық ынтымақ пен бірлікті нығайта түсетіні сөзсіз.

<https://www.facebook.com/share/v/178nGgapQs/>

БІР ДӘУІРДІҢ – ҚОС ҮНІ

Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің ұйымдастыруымен «Бір ел – бір кітап» республикалық акциясы аясында «Бір дәуірдің – қос үні» атты әдеби шара өтті. Бұл шарада проза жанры бойынша белгілі жазушы, аудармашы Тәкен Әлімқұловтың, ал поэзия жанры бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранының авторы, ақын Жүмекен Нәжімеденовтың шығармалары таңдалды.

Аталған шараға Нурманова Лайла Нурбаевнаның жетекшілігімен құрылған «Кітап құмарлар» тобының 4-сынып оқушылары белсене қатысты.

<https://www.facebook.com/share/v/169EfjnJ6K/>

Көктемнің алғашқы күнімен қатар келетін, мейірім мен ризашылыққа толы Алғыс айту күні құтты болсын!

Бұл күн – жүрек жылуын бөлісіп, айналаға ізгілік сыйлайтын ерекше мереке. Алғыс білдіру – адамгершіліктің биік үлгісі, құрмет пен ризашылықтың белгісі. Шын жүректен алғыс айта білген жан әрдайым жақсылыққа кенеледі.

Бүгін мектебімізде мерекеге орай жылы лебіздер айтылып, мерекелік іс-шара өтті.

Таңғы көтеріңкі көңіл күймен басталған күн жас мамандардың концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты. Шын жүректен алғыс білдірген ұстаздар, оқушылар және мектептің кіші қызметкерлері мейірім мен қуанышқа бөленді. Елімізде жылулық пен жақсылық мәңгі жасасын! Алғыс айту күні құтты болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/1A2rxTuGGz/>

МЕЙІРІМДІЛІК ПЕН РИЗАШЫЛЫҚ – ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

6 "Ә" сыныбында "Мейірімділік пен ризашылық – отбасы құндылығы" тақырыбында ата-аналар жиналысы өтті. Жиналысты сынып жетекшісі Ордабаева Гүлжайна Мәлсқызы ұйымдастырып, отбасы тәрбиесіндегі мейірімділік пен алғыс айтудың

маңыздылығына тоқталды.

Кездесу барысында ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала тәрбиесінде оң үлгі көрсету және өзара түсіністікті арттыру мәселелері талқыланды. Барлық ата-аналар мектеп өміріне белсене араласқаны үшін мектеп директорының атынан алғыс хаттармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/1JzrDqPxL8/>

"Көктем аруы – 2025" байқауы

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 5-сынып оқушылары арасында

"Көктем аруы – 2025" байқауы өтті.

Байқаудың мақсаты – қыз балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру, әдептілік пен ізеттілікке тәрбиелеу, көркемдік талғамдарын дамыту.

Байқау кезеңдері:

Таныстыру

Өз өнерін көрсету

Ас мәзірі

Сән үлгісі

Байқау қорытындысы бойынша "Көктем аруы – 2025" атағын 5 "В" сынып оқушысы Темірбек Нұрсезім жеңіп алды.

<https://www.facebook.com/share/v/19N3SVNHcJ/>

Оқушыларға төтенше жағдайларда сақтану туралы видео көрсетілді

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде 5-6 сынып оқушыларына төтенше жағдайларда сақтану және қауіпсіздік ережелері бойынша танымдық бейнеролик көрсетілді.

Мақсаты – оқушыларға төтенше жағдайлар кезінде өзін-өзі ұстау ережелерін үйрету, қауіпсіздік шараларын сақтау маңыздылығын түсіндіру.

Бейнероликтен кейін оқушылармен қауіпсіздік ережелері талқыланып, төтенше жағдайларда дұрыс әрекет ету жолдары түсіндірілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1RjkirRukv/>

«Ұлттық өнер – ұрпаққа аманат» атты көркем еңбек және музыка пәндері апталығы аясында 8-9 сынып қыздары арасында өткен «Қыз өссе – елдің көркі» атты «Мектеп Аруы – 2025» байқауы жоғары деңгейде өтті. Бұл сайыстың басты мақсаты –

оқушылардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыру, қыз баланың инабаттылығы мен сұлулығын насихаттау, сондай-ақ өнері мен білімі қатар үйлескен аруларды анықтау. Сайыста қатысушылар бірнеше кезең бойынша сынға түсіп, өз өнерлерін, шығармашылық қабілеттерін, ұлттық салт-дәстүрді қаншалықты меңгергендерін көрсетті. Әр қатысушының таланты мен шеберлігі әділқазылар алқасы тарапынан жоғары бағаланды. Жарыс қорытындысы бойынша 9 “Б” сынып оқушысы Исахан Назира ерекше дарыны мен шеберлігін танытып, Бас жүлдені жеңіп алды.

Байқауды ұйымдастырып, жоғары деңгейде өткізген көркем еңбек пәнінің мұғалімі Қаюпова Айжан Мұхамедәліқызына алғысымызды білдіреміз.

Осындай іс-шаралар жас ұрпақтың ұлттық өнерге деген сүйіспеншілігін арттырып, қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптеуге үлкен үлес қосары сөзсіз. Қатысушыларға шығармашылық табыс тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1Ny9rYNhgj/>

СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ

Көктемнің ең шуақты, ең мейірімге толы мерекесі- 8 Наурыз Халықаралық әйелдер күніне орай ағымдағы жылдың 7 наурыз күні мектебіміздің тәлімгері С.Сыздықтың ұйымдастыруымен "СЫЙЫНАР ЕМ, АНА ДЕГЕН ТӘҢІРГЕ" атты мерекелік кеш өткізілді.

Оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, әсем әндер шырқап, би биледі. Кеш барысында ұстаздарымыз және ару қыздарымызға арналған жылы лебіздер айтылды.

Жылы шырай, шаттық пен қуанышқа толы бұл кеш ұстаздар мен оқушылар үшін ұмытылмас естелікке айналды. Аналарымыз аман болсын, жүректері мейірім мен қуанышқа толы болсын!

<https://www.facebook.com/share/v/175Gzb3T8B/>

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР-ҰРПАҚҚА АМАНАТ

Көркем еңбек пәні мұғалімі Қасымова Әсел ши тоқу өнері бойынша шеберлік сыныбын өткізді.

Сабактың мақсаты – қазақтың дәстүрлі қолөнерінің бірі саналатын ши тоқу өнерін оқушыларға таныстыру, оның тарихы мен тұрмыстағы маңызын түсіндіру. Сабак барысында оқушылар ши тоқудың негізгі әдістерін меңгеріп, тәжірибелік жұмыс жасады.

Сабак теориялық және практикалық бөлімдерден құралды. Теориялық бөлімде оқушылар ши тоқудың шығу тарихы, түрлері және қолданылу аясы туралы мәлімет алды. Практикалық бөлімде шиді дайындап, өрнек тандап, әртүрлі тәсілдермен тоқу жұмысын орындады.

 Сабак нәтижесінде оқушылар ұлттық қолөнердің құндылығын түсініп, шығармашылық қабілеттерін дамытты. Сонымен қатар, топтық жұмыс арқылы бірлесе әрекет етуге, ұқыптылық пен эстетикаға мән беруге үйренді.

<https://www.facebook.com/share/p/19drMLZGDY/>

«Менің сүйікті кітабым – Абай шығармалары» республикалық челленджі

Қазақ халқының біртуар перзенті, ұлы ақын, кемеңгер ойшыл, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы – Абай Құнанбайұлының шығармашылығын насихаттау мақсатында кітапханамызда оқушылардың қатысуымен «Абай өлеңдерін оқу» челленджі ұйымдастырылды.

Челлендждің басты мақсаты – Абай мұрасын кеңінен таныту, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарды дәріптеу, жастарды білімге, отансүйгіштікке баулу, сондай-ақ олардың азаматтық белсенділігін арттыру.

<https://www.facebook.com/share/v/19EjuHCPc5/>

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ, БУЛЛИНГ, КИБЕРБУЛЛИНГ ЖӘНЕ ЗИЯНДЫ ӘДЕТТЕРДІҢ АЛДЫН АЛУ

2025 жылғы 13 наурызда Әбу Құдабаев атындағы №197 мектепте 8-11 сынып оқушыларының қатысуымен зорлық-зомбылық, буллинг, кибербуллинг және зиянды әдеттердің алдын алу мақсатында кездесу өтті. Іс-шараны мектеп психологы Айғараева Күлзия Маденқызы ұйымдастырды.

Кездесуге Қызылорда облыстық жастар денсаулығы орталығының арнайы мамандары қатысып, маңызды тақырыптар бойынша түсіндірме жұмыстары мен тренингтер өткізді:

Алменова Айгерім Мұратқызы (валеолог) – «Зиянды әдеттердің алдын алу»

Бексұлтанова Мақпал Серікқызы (психолог) – «Зорлық-зомбылықтың алдын алу»

Айғараева Күлзия Маденқызы (мектеп психологы) – «Жасөспірімдер арасындағы буллинг пен кибербуллингің алдын алу»

Іс-шара барысында оқушылармен пікір алмасу өткізіліп, маңызды мәселелер талқыланды.

<https://www.facebook.com/share/p/1aMFZdeVVU/>

14 НАУРЫЗ– КӨРІСУ КҮНІ

Көрісу күні – қыстан аман шыққан қазақ халқының бір-бірімен қауышып, саулық сұрасатын ерекше мереке. Малдың қамы, тіршіліктің жағдайымен ұзақ қыс бойы бір-біріне бара алмаған халық осы күні жүздесіп, амандық тілеп, бір жасқа есеюімен құттықтайды.

Осы дәстүрді жаңғырту мақсатында бүгін мектебімізде мұғалімдер, жас мамандар мен қызметкерлер Көрісу күні рәсімін жасап, ізгі тілектерін білдірді.

Мақсаты: Ұлттық құндылықтарды дәріптеу, ата-бабадан қалған ұлы дәстүрді жаңғырту және ұжым арасында жылы қарым-қатынас орнату.

Көрісу – береке мен бірліктің бастауы

<https://www.facebook.com/share/v/1C4ABJM3oM/>

ҰЛТТЫҚ ӨНЕР – ҰРПАҚҚА АМАНАТ

"Көркем еңбек және музыка" пәндері бірлестігінің онкүндігі аясында музыка пәнінің мұғалімі Үсайын Айбек Қаржаубайұлының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында

"Жұлдызды жұп" музыкалық байқауы өтті.

Шара барысында оқушылар әр түрлі жанрда ән шырқап, би билеп, өз өнерлерін паш етті. Әр жұптың өнері көрермендерді тәнті етіп, ерекше әсер сыйлады.

Байқаудың қорытындысы бойынша әділ қазылар алқасының шешімімен 6 "Ә" сыныбы үздік шығып, Бас жүлдені жеңіп алды!

6 "Ә" сыныбының өнерпаздары ерекше талантымен, сахнадағы сенімділігімен және шығармашылық ізденістерімен көзге түсті.

Бұл байқау оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шыңдап қана қоймай, ұлттық өнерге деген құрметін арттыра түсті.

<https://www.facebook.com/share/v/1K2hj56ppq/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің оқушылары үйсіз жануарларға көмек көрсетуде!

Көшеде қалған барлық жануарларды үйге алып кету мүмкін емес, бірақ оларға көмектесудің қарапайым жолдары бар екенін ұмытпаңыз. Үйсіз жануарларға әрдайым тамақ пен дәрі-дәрмек қажет. Сонымен қатар, оларға жылы әрі жайлы баспана жасау үшін үйде қажетсіз болып қалған заттар да пайдалы болуы мүмкін: кілемшелер, көрпелер, таза, бірақ ескі сүлгілер, төсек-орын жабдықтары, үлкен құмыралар, шелектер, терең тостағандар және басқа да заттар.

Көп жағдайда бұл бұйымдар қоқысқа кетеді, алайда олар жануарларға үлкен көмек бола алады! Ең бастысы – жануарларға жанашырлық таныту. Бір тілім нан мен бір стақан судың өзі үйсіз ит пен мысыққа үлкен қуаныш сыйлайды. Үйдегі тамақ қалдықтарын далаға тастамай, оларды жануарларға беру арқылы сіз нағыз игі іс жасайсыз.

Әрдайым жүрегіңізде мейірім мен жанашырлыққа орын қалдырыңыз. Үйсіз жануарларға көмек көрсету арқылы сіз әлемдегі қайырымдылық пен ізгіліктің артуына өз үлесіңізді қосасыз!

<https://www.facebook.com/share/p/1Zn5RHG65R/>

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ КҮНІ

"Ұлттық құндылық" күні 11-сынып оқушылары қазақтың дәстүрлі биі – "Қара жорға" биін орындады.

Бұл би бірлік пен ынтымақтың символы болып табылады және оқушыларға Қазақстанның мәдени ерекшеліктерін тереңірек танып-білуге мүмкіндік берді.

"Қара жорға" – қазақ халқының тұрмысын, ұлттық болмысын айшықтайтын ерекше өнер туындысы.

<https://www.facebook.com/share/v/1CMk7pZvyr/>

"Ұлттық киім" күні 11-Б сынып оқушылары дәстүрлі киім арқылы мәдени мұраның бірегейлігі мен алуан түрлілігін айшықтады. Бұл ерекше күні адамдар өз тарихы мен мәдениетіне құрмет көрсетіп, ата-бабаларынан қалған асыл мұраларын дәріптеу мақсатында ұлттық киім киді.

<https://www.facebook.com/share/v/1BM1cvGnTo/>

ҰЛТТЫҚ КИІМ– ҰЛТ МҰРАСЫ

Ұлттық киім – әр халықтың тарихы мен мәдениетінің айнасы. Ол ата-бабамыздан қалған баға жетпес мұра ретінде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келеді. Тек мерекелік шараларда ғана емес, күнделікті өмірде де ұлттық киім кию – салт-дәстүрімізге деген құрметтің белгісі.

Осы құндылықты насихаттау мақсатында 5 «Б» сыныбы ұлттық киім киіп, оның маңыздылығын көрсетті.

Ұлттық мұрамызды ұлықтап, оны келер ұрпаққа жеткізу – баршамыздың ортақ парызымыз!

<https://www.facebook.com/share/v/16o5cqQDTJ/>

Мектебімізде «Балалар кітапханасы» бағдарламалары аясында кітапханашылар мен қазақ тілі пәні мұғалімдері бірлесіп, «Наурызнама» онкүндігіне орай «Автормен диалог» атты кездесу ұйымдастырды.

Іс-шараға жазушы Жүзбай Ибрагимұлы Таңрықбаев арнайы қонақ болып шақырылды. Кештің құрметті қонақтары – Қарауылтөбе ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразбек

Беисов, Қызылорда ҚНБ ЖПҚБ ЮПБ аға УПИ-ры, полиция майоры Байназаров Мұрат Бақтиярұлы және Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ аға УПИ-ры, полиция майоры Жанабаев Олжас Нұрланұлы оқушыларға мектептен тыс уақыттағы жүріс-тұрыс ережелері жайында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, олардың сұрақтарына жауап берді. Кездесудің басты мақсаты – оқушылардың әдеби шығармаларға деген қызығушылығын арттыру, белгілі бір автордың шығармашылығымен таныстыру және балаларды шығармашылыққа ынталандыру.

<https://www.facebook.com/share/p/16bUftgiFq/>

ӘЗ-НАУРЫЗ – ЫРЫС ПЕН ЫНТЫМАҚ МЕРЕКЕСІ

Әбу Құдабаев атындағы № 197 қазақ орта мектебінде ұлыстың ұлы күні – Наурыз мерекесі жоғары деңгейде аталып өтті. Көктемнің шуағындай мейірім мен берекеге толы бұл мерекеде ұлтымыздың ұлы дәстүрлері жаңғыртылып, ата-бабамыздан қалған асыл мұра ұлықталды.

Мерекелік кештің көркі ұлттық салт-дәстүрлерімізді сахналаған ұстаздарымыздың өнерімен ашылды. Қыз ұзату мен келін түсірудің салтанаты, «Беташар» жырының жүрек тебіренер сәттері, нәрестенің қырқынан шығару және бесікке салу рәсімдері – барлығы да көрермендерге ерекше әсер сыйлады. Сондай-ақ, тұсау кесу мен сүндет той сынды ғұрыптар көрініс тауып, көпшілікке қазақ халқының сан ғасырлық тәрбиелік дәстүрлері таныстырылды.

Шара барысында ақ жаулықты әжелеріміз ақ батасын беріп, ақ тілегін жаудырды. Құнарлы наурызкөже әзірленіп, мереке сәнін кіргізді. Әсем ән мен күмбірлеген күй кешті ажарландырып, жиналған жұртшылыққа зор қуаныш сыйлады.

Наурыз – тек мереке емес, ол – жаңа жылдың, жаңа үміттің, татулық пен бірліктің бастауы. Бұл күнгі берілген бата мен айтылған ақ тілек әр шаңыраққа құт-береке, молшылық пен ырыс әкелсін!

<https://www.facebook.com/share/v/16ztg9gWr8/>

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНДЕ – ИГІ ДӘСТҮР, ИГІ БАСТАМА

Мектебімізде Ұлыстың ұлы күні – Әз-Наурыз мерекесі ерекше сән-салтанатпен тойланды. Бұл күн тек мерекелік думанмен шектелмей, жас ұрпаққа өнеге боларлық игі істермен толықты.

Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың мерекесі. Осы ұлы күнде мектебіміздің үздік 11-сынып оқушылары мен олардың ата-аналары мектеп директоры Ақшалов Еркін Кенжебайұлымен бірге білім ордасының ауласына тал отырғызды. Тамыры тереңге жайылатын бұл жас көшеттер – өскелең ұрпақтың жарқын болашағы мен мәуелі білім ордасының символы іспетті.

Тал еккен адам – ертеңге үміт еккен адам. Бүгін егілген әрбір ағаш келер күннің көгалына айналып, мектептің көркіне көрік қосары сөзсіз. Жас түлектердің бұл игі ісі – кейінгі буынға тағылымды үлгі, жасыл желекті сақтап, көбейтудің тамаша бастамасы.

Наурыз – ырыс пен берекенің, бейбітшілік пен келісімнің, жасампаздық пен жаңғырудың бастауы. Егілген әрбір тал көктеп, жайқалып өссін! Ұлыстың ұлы күні құтты бо

<https://www.facebook.com/share/v/19kH8sgUTg/>

"Әкем және мен" отбасылық сайысында – ЖЕҢІС!"

Қызылорда облысы білім басқармасының Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығы мен Қызылорда облыстық Әкелер одағының ұйымдастыруымен жалпы орта білім беру ұйымдары арасында "Әкем және мен" отбасылық эстафеталық спорттық сайысы өтті.

Бұл сайыс – отбасы құндылықтарын дәріптеп, әке мен бала арасындағы байланысты нығайтуға, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталған ерекше шара.

Біздің мектебіміздің командасы жоғары дайындық пен бірліктің арқасында жүлделі орынды жеңіп алды! Бұл – қажырлы еңбектің, тынымсыз жаттығулардың және отбасы мүшелерінің бір-біріне деген сенімінің нәтижесі!

Жеңімпаздарымызды шын жүректен құттықтаймыз! Жетістіктеріңіз көбейе берсін, әрқашан биіктен көріне беріңіздер! Жарайсыздар!

<https://www.facebook.com/share/v/17HJx395Pc/>

Көктемгі демалыс уақытында дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Абдиев Бауыржанның ұйымдастыруымен 5-6 сынып оқушылары арасында футболдан жарыс өтті. Жарысқа бірнеше команда қатысып, жас спортшылар өз шеберліктерін көрсетті.

Тартысты өткен ойында оқушылар ұйымшылдық пен жеңіске деген ұмтылысты байқатты. Доп тебудің түрлі әдістерін қолдана отырып, шабуыл жасап, қорғанысты күшейткен қатысушылар ойын барысында шеберліктерін көрсетті. Әр команда үздік нәтиже көрсетуге тырысып, әділ ойын өрнегін көрсетті. Бұл жарыс оқушылардың спортқа деген қызығушылығын арттырып, достық қарым-қатынасты нығайта түсті.

<https://www.facebook.com/share/p/1C1MTFKkBz/>

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ: «БАЛАНЫҢ БАС ҰСТАЗЫ – АТА-АНА»

Мектебімізде ата-аналарға арналған Ашық есік күні өтті. Бұл іс-шараның басты мақсаты – ата-аналар мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктерімен таныстыру болды.

Кездесу барысында ата-аналар мектептің үйірме жұмыстарымен танысып, әр пән мұғалімдерімен еркін пікір алмасты. Мұғалімдер өз пәндері бойынша оқу бағдарламасының ерекшеліктерін түсіндіріп, ата-аналардың сұрақтарына жауап берді.

Іс-шараның ерекше сәті – концерттік бағдарлама болды. Оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, ән айтып, би билеп, көркемсөз оқыды. Ата-аналар балалардың шығармашылық қабілеттеріне тәнті болып, көтеріңкі көңіл-күйде қайтты.

Ашық есік күні ата-аналар мен мектеп арасындағы қарым-қатынасты нығайтып, оқушылардың жан-жақты дамуына ортақ үлес қосуға бағытталған мазмұнды кездесу болды.

<https://www.facebook.com/share/v/1BGxSasksM/>

Көктемгі демалыста мектебіміздің оқушылары уақыттарын тиімді пайдаланып, ұлттық ойындармен айналысуда. Әсіресе, қыз балалар үшін ұйымдастырылған «Бес асық» үйірмесі ерекше қызығушылық тудырып отыр. Бұл үйірме оқушыларды ептілікке, шапшаңдыққа және жылдамдыққа баулиды.

Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Тәжиева Ақкенже Жахманқызы.

Бес асық – ата-бабамыздан қалған көне ойындардың бірі. Ол қыз балалардың қолдың дәлдігін, ойлау қабілетін және қимыл үйлесімділігін дамытуға көмектеседі.

Үйірме барысында оқушылар ойынның түрлі әдіс-тәсілдерін меңгеріп, шеберліктерін шыңдауда.

<https://www.facebook.com/share/p/16kSZUBA9s/>

"Шуақты Наурыз" тақырыбында әдеби лото ойыны өтті

Мектеп кітапханасында 7-сынып оқушыларының қатысуымен "Шуақты Наурыз" атты әдеби лото ойыны ұйымдастырылды.

Ойынның негізгі мақсаты – қазақ халқының мәдениеті мен салт-дәстүрлерін дәріптеу, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, отансүйгіштікке және бірлікке тәрбиелеу.

Шара барысында оқушылар белсенділік танытып, викториналық сұрақтарға жылдам әрі дұрыс жауап берді. Ойын ережесіне сәйкес, қатысушылар қазақтың дәстүрлеріне қатысты "Бастаңғы дегеніміз не?", "Қыз қуу қандай ойын?", "Айдар деп нені атайды?" сынды сұрақтарға жауап беріп, өз білімдерін көрсетті.

Бұл танымдық ойын оқушылардың ұлттық мұраға деген қызығушылығын арттырып, қазақ халқының бай мәдениетімен жақынырақ танысуға мүмкіндік берді.

<https://www.facebook.com/share/p/1BxKSjLFmS/>

Оқушыларға құқықтық тәрбие және интернет алаяқтықтың алдын алу жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді

Бүгін мектебімізде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар Жукашов Н. және Каюпова А., сондай-ақ ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ-ры полиция майоры М. Байназаровтың ұйымдастыруымен 8-11 сынып оқушыларына тәртіп сақтау, мезгілсіз уақытта көшеде жүрмеу және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында оқушыларға заң талаптары, олардың жауапкершілігі мен қауіпсіздік шаралары жайлы маңызды ақпарат берілді. Сонымен қатар, интернет алаяқтықтың түрлері, киберкылмыстардың қауіптілігі және олардан қорғану жолдары туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Шараның негізгі мақсаты – оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру және оларды тәртіпті, жауапкершілікті азамат болып қалыптасуға бағыттау.

<https://www.facebook.com/share/p/1B6vWuMpqM/>

Жас ұрпақтың тәрбиешісі, ұлағатты ұстазы әрі қазақтың көрнекті ақыны Тұманбай Молдағалиевтің туғанына 90 жыл толуына орай мектебіміздің кітапханасында «Қайран менің жүрегім» тақырыбында танымдық сағат ұйымдастырылды.

Іс-шараның мақсаты: Тұманбай Молдағалиевтің ақындық даралығын оқушылардың жүрегіне жеткізіп, поэзияға деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Ақынның шығармашылығын танытып, оның өлеңдеріне деген қызығушылықты дамыту. Тұманбай Молдағалиев - жыры ғұмырын, ғұмырын жырға арнаған лирикалық поэзияның айтулы өкілі.

<https://www.facebook.com/share/v/1GXu6k4b8d/>

ҚҰСТАРДЫҢ ҒАЖАЙЫП ӘЛЕМІ

Мектебіміздің 6-сынып оқушылары табиғатты аялау мен қорғауға үлкен жауапкершілікпен қарайды.

Бүгін олар ерекше игі іс жасап, құстарға арнап ұялар дайындады. Әр оқушы өз қиялы мен қол өнерін пайдаланып, әсем де ыңғайлы ұялар жасады. Дайын болған ұяларды мектеп ауласындағы ағаштарға іліп, құстарға қауіпсіз мекен сыйлады.

Бұл іс-шара балалардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып қана қоймай, олардың экологиялық тәрбиеге деген көзқарасын қалыптастырды.

Ең бастысы — балалар жүрегінде мейірім мен жанашырлық ұялады. Құстардың сайраған дауысы мен олардың ұяларда жайғасуы — оқушылар еңбегінің жемісі.

<https://www.facebook.com/share/v/1Gtq326B1h/>

ТҮНГІ РЕЙД — ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРУ ЖОЛЫ

Кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында мектебіміздің ұстаздары түнгі рейд жұмыстарын жүргізді.

Рейд барысында мектеп мұғалімдері тиісті мекеме өкілдерімен бірлесіп, аралап, заңды өкілісіз жүрген жасөспірімдерге түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Ата-аналарға балалардың кешкі уақытта қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарау қажеттігі ескертілді.

Ата-аналарды балалардың тәрбиесіне ерекше мән беріп, олармен тұрақты байланыста болуға шақырамыз. Балалар — біздің болашағымыз, ал оларды қорғау — баршамыздың ортақ міндетіміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1EHF2JPu4G/>

Қызға қырық үйден тиым" тақырыбында сала мамандарымен кездесу.

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде жоғары сынып оқушыларымен адамгершілікке, ізгілікке, әдептілікке, ар-ұяттылыққа, нысаптылыққа, мәдениеттілікке, тәртіптілікке, еңбекшілдікке, сұлулыққа, сымбаттылыққа баулу мақсатында «Ерте жүктіліктің алдын алу» бойынша сала мамандарымен кездесу болып өтті.

Кездесуге Облыстық жастар денсаулық орталығының валеологы маманы Алманова Айгерим Мұратқызы және Құлмұратова Айман Задашқызы қатысты.

Қыз балаларға зиянды заттардың адам ағзасына кері әсерін, электронды темекінің зияндылығын, жыныс тазалығын, ерте жүктіліктің қауіптілігін, денсаулықты күтіп баптаудың жолдарын түсіндірді. Оқушылармен сұрақ-жауап түрінде кері байланыс орнады.

Кездесу соңында мектеп психолог Айғараева "Қызға қырық үйден тиым" тақырыбында сөз алды.

<https://www.facebook.com/share/p/1B4TzFHvn2/>

ҚАНАТТЫ ДОСТАР" АКЦИЯСЫ АЯСЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ САБАҚ

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде “Асыл сөзді іздесең, Абайды оқы, Жасұлан” атты Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспары аясында "Қанатты достар"

акциясы өткізілді.

Аталмыш акция шеңберінде мектеп тәлімгері С. Сыздықтың ұйымдастыруымен 1-сынып оқушыларына “Біз құстар туралы не білеміз?” тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.

Сабақтың мақсаты – оқушыларға құстар әлемі туралы қызықты әрі пайдалы мәліметтер беру, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттырып, экологиялық тәрбие беру. Балалар түрлі құстардың ерекшеліктерімен танысып, олардың табиғаттағы маңызы жайлы мағлұмат алды.

Сабақ қызықты сұрақ-жауаптармен, танымдық ойындармен, суреттермен толықтырылып, кішкентай қатысушылардың қызығушылығын оятты.

<https://www.facebook.com/share/p/19tgsXVLh2/>

“БҮГІНГІ СӘН – КІТАП ОҚУ” АТТЫ ОТБАСЫЛЫҚ ОҚУ АПТАЛЫҒЫ

14–18 сәуір аралығында Дүниежүзілік кітап күніне орай Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектепте “Бүгінгі сән – кітап оқу” атты отбасылық кітап оқу апталығы ұйымдастырылды.

Апталық аясында жүзеге асқан ерекше жобалардың бірі – “Ағылшын тілінде оқитын құмарпаз” атты бастама болды. Жобаның мақсаты – оқушылардың ағылшын тіліндегі әдебиетке қызығушылығын арттыру және шет тілінде оқу дағдысын дамыту.

Аталған бағыт бойынша ағылшын тіліндегі оқуға жеңіл әрі қызықты үш кітапты әлеуметтік желі арқылы насихаттаған оқушылар:

Бақытжан Жасмин – 6 “Б” сынып

Ибрагим Раяна – 6 “Ә” сынып

Өмірсерік Жансұлу – 5 “А” сынып

Жас оқырмандар өз таңдауларымен қатарластарына үлгі көрсетіп, шет тіліндегі кітап оқудың маңызын насихаттай білді.

<https://www.facebook.com/share/v/1FNHd6xMLG/>

ҒАРЫШ ӘЛЕМІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ – БАЛА ҚИЯЛЫН ТЕРБЕТКЕН ТАҚЫРЫП

12 сәуір – Ғарышкерлер күніне орай Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектепте «SMART BALA» тобы мен 1–4 сынып оқушыларының қатысуымен макеттер көрмесі ұйымдастырылды.

Көрменің негізгі мақсаты – бастауыш сынып оқушыларына ғарыш әлемі туралы түсінік беру, қиялын дамыту және шығармашылық қабілеттерін жетілдіру. Балалар өз қолдарымен жасап әкелген түрлі макеттері арқылы ғарыш тақырыбына деген қызығушылықтарын көрсетті. Макет жасау барысында қолданылған материалдар, олардың құрылымы мен идеялары да оқушылардың үлкен қызығушылығын тудырды. Көрмеге барлығы 49 оқушы өз туындыларын ұсынды. Шара соңында барлық қатысушылар мектепшілік Алғыс хаттармен марапатталды.

<https://www.facebook.com/share/v/179vPnMpEe/>

АСЫЛ СӨЗДІ ІЗДЕСЕҢ, АБАЙДЫ ОҚЫ, ЖАС ҰЛАН

Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінде «Асыл сөзді издесең, Абайды оқы, Жас Ұлан» атты Жас Ұландар ұйымының жылдық акциясы аясында ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған әдеби шара өткізілді.

Шара барысында оқушылар Абайдың қара сөздері мен өлеңдерін мәнерлеп оқып, ақын мұрасын тереңірек танып, рухани байлыққа кенелді.

Іс-шараның мақсаты — ұлы ойшылдың қара сөздері мен өлеңдерін өскелең ұрпаққа кеңінен таныстырып, жатқа оқу арқылы оларды адамгершілікке, білім мен өнерге баулу, Абай шығармашылығына деген қызығушылықты арттыру.

<https://www.facebook.com/share/p/1GSzCB4fbC/>

«Бүгінгі сән – кітап оқу» атты отбасылық кітап оқу апталығы

Мектеп кітапханасында 14–18 сәуір аралығында Дүниежүзілік кітап күніне орай

«Бүгінгі сән – кітап оқу» тақырыбында отбасылық кітап оқу апталығы өткізілді.

Апталық аясында түрлі танымдық іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушылар мен ата-аналар бірлесе кітап оқып, өз әсерлерімен бөлісті.

Оқу апталығының басты мақсаты — ұмыт болып бара жатқан отбасылық оқуды

жаңғырту, кітап оқуды отбасы ішіндегі дәстүрге айналдыру, сондай-ақ жанұядағы жылулық пен рухани байланысты нығайту болды.

Апталықтың ұраны: «Кітапты сүйіп оқы, көңілге түйіп оқы!».

Бұл бастама балалар мен ата-аналардың кітапқа деген қызығушылығын арттырып, ортақ оқуға деген құлшынысын оятты.

Салауатты өмір — жарқын болашақ кепілі

Мектебімізде «Салауатты өмір — жарқын болашақ кепілі» атты профилактикалық кездесу өтті. Шараға облыстық Жастар денсаулық орталығының мамандары —

Алмурзаева Г., Сұлтан Н. және психолог Смагулова Б. қатысты.

Кездесу барысында 8–11 сынып оқушыларына темекі шегудің, ішімдік пен нашакорлықтың зияны, сондай-ақ олардың алдын алу жолдары жайлы жан-жақты мәлімет берілді. Мамандар жасөспірімдерге өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау, салауатты өмір салтын ұстану туралы кеңестер айтып, пайдалы ақпаратпен бөлісті.

Іс-шараны ұйымдастыруға мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Жукашов Н. және Қаюпова А. белсенді атсалыст

<https://www.facebook.com/share/p/1JFQxEmN8a/>

ҰЛТ ЖАДЫСЫН ЖАҢҒЫРТУ ЖОЛЫНДА – ҰСТАЗДЫҚ ІЗДЕНІС !

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің 6 сынып оқушысы Русланбекқызы Айзере тарих пәні мұғалімі Дүйсенова Жанар Мұсаханқызының жетекшілігімен «Құнды құжаттар» өңірлік байқауына «Ұлы Отан соғысынан бүгінгі күнге дейінгі құнды құжаттар – ұлт жадысының айғағы» тақырыбымен қатысып, тың деректерді іздеп, архивтік құжаттармен жұмыс жүргізді.

Ұрпаққа аманат – тарих.

Тарих – шежіре ғана емес, елдің жадында жатталып, болашаққа бағдар болатын асыл қазына.

Ұлы Отан соғысы жылдарында ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмылған қазақ халқының ерлігі – біз үшін сарқылмас рухани мұра. Сол кезеңнің ақиқатын, халықтың жанкешті еңбегін, ерлердің ерлігін бейнелейтін ең басты айғақтар – құнды құжаттар.

Майданнан жеткен әрбір хат – сағыныштың үні, фотосурет – бір сәттің шежіресі, марапат қағаздары – ерліктің мөрі, ал естеліктер – жүректен шыққан шындық.

Осы байқауға қатысу барысында ізденімпаз оқушымыз Айзере деректерді іздеп, зерттеу жүргізіп, соғыс жылдарына қатысты құнды құжаттарды жинақтауға зор ынтамен кірісті. Мұрағаттармен, тарихи дереккөздермен жұмыс істей отырып, Сыр өңіріндегі соғыс жылдарындағы өмірдің айғағы болар бірегей құжаттарды анықтады.

Өзбекстан Кеңестік еңбекшілері мен Қоқан вагон депосының жұмысшыларының тылға көмегі, 50 вагон жеміс - жидек, жылы киімдер жіберілгені жайлы телеграмма, 1942ж Ташкент темір жол басқармасының Қызылорда облыстық партия комитетіне 6, 7 жол қызметі дисстанциясына жұмысшылар тартуды көмек сұраған хаты, №143 , 22.04.1942ж.

Украинаның Каменск - Подольский қаласынан Сұлутөбе станциясына эвакуацияланған Меламедлан жолдас Сырдария ауданы атынан 2 орденді, 8 гвардиялық дивизиясына жіберілгені туралы және әскер отбасына берілген көмек жайлы ақпарат. 1942 ж

Үшбу хаттар және майдан жауынгерлерінің отбасына көмек беру туралы жазған үшбу хатына Қазақстан КП Қызылорда облыстық комитетінің отырыс хаттамасы 6/ 005, 1942 ж

Эвакуациялауды қайта санақ жүргізу туралы қаулы №136, 02.02.1944 ж.

Сырдария өзеніндегі плотина құрылысына Ташкент теміржол жолшыларының қатысуы жайлы Ташкент темір жол бастығының бұйрығы №48, 12.11.1945 ж

100 данадан қазақ тілінде Ұлы Жеңіске арналған өлеңдерді басып шығару жайлы хат , № 21. 10.09.1945ж.

Қазақ КСР —ң 25 жылдығына орай өнеркәсіпті дамыту міндеттемелері: май, шыны зауыты, Қызылорда тері, былғары зауытын іске қосу

Қазақ КСР —ң 25 жылдығына орай социалистік жарысты ұйымдастыру және міндеттемелерді қабылдау жөніндегі қаулысы, №139. 06.03.1945ж.

Қазақ КСР — 25 жылдығына арналған социалистік жарысты ұйымдастыру, аудандарға іс сапарға жіберілген ұйымдастырушылар тобының тізімі.

Жинақталған құжаттар — қағазға түскен естелік қана емес, ұлттың жүрегінде сақталған шындықтың куәсі. Тақырып аясында Дүйсенова Жанар Мұсаханқызы оқушысы Айзеремен бұл бағытта үлкен ізденіс жүргізіп, тарихи құндылықтарды болашақ ұрпаққа жеткізу жолында үлес қосып отыр.

<https://www.facebook.com/share/v/1EKSiUpkJb/>

1 МАМЫР — ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Бұл күн — ынтымақ пен татулықтың, бейбітшілік пен өзара келісімнің нышаны. Жер бетінде бірлік пен келісімнен асқан қымбат құндылық жоқ. Қазақ елі — түрлі ұлттар мен ұлыстарға ортақ шаңырақ, бейбіт өмірдің мекені. Ел ішіндегі ұлттар мен ұлыстар өзара сыйластық пен достықта өмір сүріп, Отанымыздың өркендеуіне үлес қосып келеді.

Осы атаулы мерекеге орай мектебімізде 3-сыныптар арасында «Татулық — бірлік мекені» тақырыбында танымдық, тәрбиелік іс-шара ұйымдастырылды.

Шара барысында оқушылар ел бірлігі мен татулықтың маңызын терең түсініп, достық пен өзара құрметтің жарқын үлгісін көрсетті.

<https://www.facebook.com/share/v/1CvARWaDeS/>

1 мамыр — Қазақстан халқының бірлігі күні!

Бүгін мектебімізде ерекше көңіл-күй мен шуақты сәттерге толы күн өтті.

Мектеп парламенті бұл мерекеге орай ұстаздар мен оқушыларды шын жүректен құттықтап, ел ішіндегі татулық пен достықтың маңызын ерекше атап өтті.

Бұл күн — әртүрлі ұлт пен ұлыс өкілдерін ортақ шаңырақ астына біріктірген еліміздің мызғымас бірлігінің белгісі.

Біз біргеміз! Біз — біртұтас елдің болашағымыз!

Ұлт пен ұрпақтың арасын жалғаған осынау мереке баршамызға тек шаттық пен бейбіт өмір әкелсін!

<https://www.facebook.com/share/v/17AGy8KcXU/>

1 МАМЫР — ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

Қазақстан халқының бірлігі күніне орай мектебімізде 5-сынып оқушыларының қатысуымен

«1 мамыр — Халықаралық ынтымақтастық пен бірлік күні» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараның құрметті қонағы ретінде Казалиева Татьяна Кирилловна келіп, жылы лебізін білдірді. Мерекелік бағдарлама аясында оқушылар түрлі ұлттардың ұлттық киімдерін киіп, әсем ән шырқап, әсерлі билер орындады.

Әр сынып өзге ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерін, ұлттық тағамдарын таныстырып, мәдениеттердің алуан түрлілігін көрсетті. Бұл мерекелік шара — еліміздегі бейбітшілік пен келісімнің, өзара түсіністік пен достықтың айқын дәлелі болды.

<https://www.facebook.com/share/p/1CntRtfgsv/>

Бүгін мектебімізде Мұхаммед Хайдар Дулатидің туғанына 525 жыл толуына орай математика, физика және информатика пәндері бірлестігінің ұйымдастыруымен тағылымды танымдық іс-шара өтті.

Бұл шараның мақсаты — ел тарихында өшпес із қалдырған ғұлама, тарихшы, ойшыл, мемлекет қайраткері Мұхаммед Хайдар Дулатидің өмірі мен шығармашылығы жайында оқушыларға терең мәлімет беру, оның ұрпаққа қалдырған рухани мұрасын ұлықтап, жастарды елжандылыққа тәрбиелеу болды.

Мұхаммед Хайдар Дулати — елінің өткені мен болашағына алаңдап, шындықты арқау еткен тарихи туындыларымен танылған бірегей тұлға.  Оның «Тарих-и Рашиди» атты еңбегі — шежірелі өткеніміздің асыл мұрасы, рухани қазынамыздың алтын қазығы.

Іс-шараға белсенді қатысып, ойлы пікір, әсерлі үн қосқан ұстаздар мен оқушыларға зор алғыс білдіреміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1AwA8Y4MfP/>

ЫНТЫМАҒЫ ЖАРАСҚАН, ТУҒАН ӨЛКЕМ-ҚАЗАҚСТАН!

1 мамыр — Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай Әбу Құдабаев атындағы №197

қазақ орта мектебінде 7-сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен «Ынтымағы жарасқан, туған өлкем – Қазақстан!» тақырыбында тағылымды дөңгелек үстел өткізілді. Бұл кездесудің ерекше қонағы — Казалиева Татьяна Кирилловна болды. Ол оқушылардың қойған сұрақтарына шынайы ықыласпен жауап беріп, өмірлік тәжірибесімен бөлісті.

Татьяна Кирилловна 20 жасында Украинада әскери борышын өтеп жүрген қазақ жігітімен отбасын құрып, Қызылордаға келін болып түскен сәттен бастап қазақ халқының кеңпейілдігіне, қонақжайлылығына, адамгершілігіне тәнті болғанын ерекше ілтипатпен жеткізді.

«Қазақтың салт-дәстүрін, мәдениеті мен діни мерекелерін ерекше құрметтеймін» — деген ол, бір шаңырақ астында сан түрлі ұлт пен ұлысты бірлікпен ұйытып отырған қазақ еліне алғысын білдірді.

«Өз еліңді сүю — рухыңның биіктігі» деген Татьяна Кирилловна оқушыларға патриоттық тәрбие жөнінде жүрекжарды тілектерін айтып, ақ батасын берді.

Бұл кездесу оқушылардың жүрегінде ұлттар достығы мен елге деген сүйіспеншілікті терең ұғындыруға жол ашты.

Бірлік бар жерде — береке бар!

<https://www.facebook.com/share/p/1C3srz6zUj/>

ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ САЙЫС

Мектебімізде жас ұрпақтың отаншылдық рухын көтеру, жауапкершілік пен тәртіпке баулу мақсатында алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Молдағали Мағжанның ұйымдастыруымен әскери-патриоттық сайыс өткізілді.

Сайыс келесі кезеңдер бойынша өтті:

Саптық дайындық

Автоматты бөлшектеу және жинақтау

Пневматикалық винтовкадан нысанаға ату

Жеңімпаздар:

Саптық дайындық бойынша I орын – Ермекұлы Елдос

Автоматты бөлшектеу және жинақтау бойынша I орын – 10 «Б» сынып оқушысы Кеңес Асқар

Пневматикалық винтовкадан нысанаға ату бойынша I орын – 10 «Б» сынып оқушысы Даруш Арсен

Сайыс барысында оқушылар өздерінің шымырлығы мен шапшаңдығын, ептілігі мен ерік-жігерін көрсете білді.

Молдағали Мағжан оқушылардың әскери тәртіп пен дәлдікке, отансүйгіштікке деген ынтасын жоғары бағалап, жас сарбаздарға сәттілік тіледі.

Болашақ ел қорғаны — бүгінгі білімді де тәртіпті жас ұрпақ

<https://www.facebook.com/share/v/1CacAixh7V/>

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай тыл ардагерімен кездесу ұйымдастырылды

Іс-шараның басты мақсаты — соғыс жылдарындағы еңбек адамдарын ұлықтау, олардың ерлікке пара-пар еңбегін кейінгі ұрпаққа үлгі ету, сондай-ақ Отан үшін жанын қиған жауынгерлердің рухына тағзым жасап, есімдерін ел жадында мәңгілікке қалдыру.

Кездесу барысында Сыр өңіріне белгілі қоғам қайраткері, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Жақай Бодықбаев жастарды отансүйгіштікке, елге адал қызмет етуге шақырды. Ол еңбек жолындағы қиындықтар мен жарқын сәттерден сыр шертті.

Ардагер басынан өткерген ауыр кезеңдерді еске алып, елге тыныштық пен бейбіт өмір тілеп, өскелең ұрпақты тәуелсіздіктің мәні мен маңызын терең түсінуге үндеді.

<https://www.facebook.com/share/p/1YzbrPdagG/>

Бүгін мектебімізде 7-сынып оқушыларының қатысуымен Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған «Менің майдангер атам» тақырыбында эссе байқауы өтті.

Эссе байқаудың мақсаты – жас ұрпақтың бойында Отанға деген сүйіспеншілікті қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге тәрбиелеу, туған жерге деген құрмет пен патриоттық рухты нығайту болды.

Байқауға белсене қатысқан оқушылардың шығармалары әділқазылар тарапынан жоғары

бағаланып, үздік жұмыстар жүлделі орындарға ие болды.

<https://www.facebook.com/share/p/17BYxCQ6t4/>

ОТАН-ЖҮРЕГІМНІҢ ЖЫРЫ

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған тағылымы мол іс-шаралар аясында мектебімізде ерекше тәрбиелік мәні бар ән байқауы ұйымдастырылды.

Бұл байқау 3–4 сынып оқушылары арасында өткізіліп, жас жеткіншектерді Отанға деген сүйіспеншілікке, елжандылыққа тәрбиелеуді көздеді.

Жас әншілер патриоттық әндерді үлкен ықыласпен, жүрек тербетер шабытпен орындап, өз өнерлерін, сахна мәдениетін және шығармашылық қабілеттерін жарқырата көрсетті. Әрбір ән Отанға деген махаббаттың, халқымыздың ерлігі мен өр рухының айғағындай естілді.

Бұл шара – балалардың бойына елге деген құрмет пен сүйіспеншілікті ұялатқан, шығармашылық қабілеттерін шыңдап, рухани дамуына жол ашқан маңызды қадам болды.

Осындай байқаулар – өскелең ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, ел болашағын жарқын ететін тәрбиенің қайнар көзі екені сөзсіз.

<https://www.facebook.com/share/v/19fpDMw1Pj/>

«БІЗ ЕСІРТКІГЕ ҚАРСЫМЫЗ!» атты акция аясында түсіндірме жұмыстары өткізілді

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты — жасөспірімдер арасында есірткі заттарының зияны туралы түсінік қалыптастырып, салауатты өмір салтын насихаттау.

Осы акция аясында 8–11 сынып оқушыларына Ақсай ПБ-нің КПБ жедел уәкілі, полиция подполковнигі Ибраев Шокан Хамитович пен Қызылорда ҚПБ ЖПҚБ ЮПБ УПИ полиция лейтенанты А. Қайсариева арнайы келіп, түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Кездесу барысында оқушыларға есірткі заттарының адам денсаулығына, өміріне және болашағына тигізетін қауіпті әсерлері жайлы кеңінен мәлімет берілді. Мамандар нақты мысалдар келтіріп, есірткіге тәуелділіктің қандай қайғылы салдарға алып келетінін жан-жақты түсіндірді.

Оқушылар мамандарға өздерін толғандырған сұрақтарын қойып, пайдалы ақпараттар алды.

«Есірткіге жол жоқ!» деген ұранды ұстанған бұл шара жасөспірімдерді теріс жолдан сақтандыруға бағытталған маңызды қадам болды.

<https://www.facebook.com/share/p/18vKCWNH3K/>

«АДАЛ АЗАМАТ» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында мектебіміздің бастауыш сыныптың жас өркендері «Таза Қазақстан» және «Білімім – Отаныма» тақырыптарында өз жүрек жарды ойларын ақ қағазға түсіріп, қаламмен сыр шертті.

Балғын балалықтың мөлдір әлемінен туған бұл эсселер – олардың туған жерге деген перзенттік махаббатын, білімге деген құштарлығын, табиғатты аялауға деген таза ниетін паш етеді.

Жас ұрпақтың жарқын ойларымен таныс болыңыздар:

Жеңісбек Мерей – 2-сынып

Ерболат Кәусар – 2-сынып

Зейнолла Аруна – 2-сынып

Хамаш Айжұлдыз – 2-сынып

Ғани Инабат – 2-сынып

Ғалымжанова Кәусар – 2-сынып

Мұханбетжан Сұлтан – 2-сынып

Маратқызы Айша – 2-сынып

Рсай Айару – 2-сынып

Тұрарханқызы Баянсұлу – 2-сынып

Болатқызы Сабина – 2-сынып

Мұхамбетжан Айару – 2-сынып

Бақытжан Әли – 2-сынып

Айтбай Назерке – 4-сынып

Амангелді Аяна – 4-сынып

Жас қаламгерлерімізге шығармашылық шабыт, талмай іздену мен жарқын болашақ тілейміз! Олардың әрбір жазған сөзі – ұлттың рухани байлығының бір бөлшегі екенін ұмытпайық.

<https://www.facebook.com/share/p/1ATDcSxyK2/>

ЖҰЛДЫЗДАР ШЕРУІ-2025

Мектебімізде ерекше қуаныш пен шаттыққа толы тағы бір тамаша күн өтті – «Жұлдыздар шеруі – 2025». Бұл – біліммен, өнермен, еңбекпен биіктерді бағындырған оқушылар мен олардың ұстаздарына арналған мерейлі мереке.

Шара барысында 2-11 сынып аралығындағы үздік оқушылар, сондай-ақ қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларда топ жарған дарынды шәкірттер мен олардың шебер жетекшілері марапатталды. Әрбір марапат – маңдай тер мен тынымсыз еңбектің, талпыныс пен табандылықтың белгісі.

2024–2025 оқу жылы мектебіміз үшін табысты да жемісті жыл болды.

Оқушыларымыздың жеңістері мен жетістіктері – мектептің ғана емес, бүкіл ұжымның ортақ қуанышы.

Мерекелік кеште мектеп директоры Ақшалов Еркін Кенжебайұлы құттықтау сөз сөйлеп, жас ұрпаққа сәттілік пен шабыт тіледі. Ол өз сөзінде ұстаз бен шәкірт арасындағы сенім мен еңбектің үлкен жетістіктерге жетелейтінін ерекше атап өтті.

Бұл күн – жас жұлдыздардың жарқырап, жаңа белестерге қанат қаққан күні болды!

<https://www.facebook.com/share/v/1LMV1mTomd/>

«Менің отбасым – менің байлығым»

Балаларды жас кезінен кітап оқуға баулу, отбасылық оқу дәстүрін қалыптастыру және кітапхана мен отбасы арасындағы тығыз қарым-қатынасты нығайту мақсатында мектебімізде отбасылық оқу сағаты ұйымдастырылды.

Шараның басты мақсаты – оқушыларды ата-аналарымен бірге кітап оқуға тарту, отбасы тақырыбына байланысты білімдерін кеңейту, сондай-ақ балаларды кіші жастан бастап рухани тәрбиелеу мен оқуға деген сүйіспеншілікке баулу.

Іс-шара барысында мектебіміздің 6-сынып оқушысы Бақытжан Жасмин отбасымен бірге оқыған кітаптары жайлы әңгімелеп, өз ойларымен, әсерлі пікірлерімен бөлісті.

Отбасы мүшелерінің де кітапқа деген көзқарастары мен қызығушылығы тыңдалды.

Бұл кездесу кітаптың отбасы ішіндегі байланыс пен бірлікті арттыратын құрал екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

<https://www.facebook.com/share/p/173XUKMKYQ/>

БІЛІМІМ-ОТАНЫМА!

Бүгін мектебімізде 1–10 сыныптар арасында «Білімім – Отаныма» тақырыбында тәрбие сағаты өткізілді. Бұл іс-шара – оқушылардың білімге деген ынтасын арттырып, Отанға деген сүйіспеншілігін оятуға бағытталған маңызды тәрбие сағаты болды.

Тәрбие сағаты барысында оқушылар білімнің ел болашағы үшін маңызын түсініп, өз ой-пікірлерін ашық айтып, түрлі тақырыпта баяндамалар оқыды. Патриоттық әндер шырқалып, мәнерлеп оқу шеберліктері де көрсетілді.

Сондай-ақ бұл күн – оқу жылының соңғы күні ретінде есте қалды. Сынып жетекшілері оқу жылы бойы үздік оқып, белсенділік танытқан оқушыларды мақтау қағаздарымен марапаттап, жылы лебіздерін білдірді.

Осындай игі шаралар оқушылардың тұлғалық дамуына, отансүйгіштік қасиеттерінің қалыптасуына үлкен үлес қосады.

<https://www.facebook.com/share/p/1JBFqoVoHG/>

МЕКТЕБІМ, САҒАН МЫҢ АЛҒЫС!

Бүгін мектебімізде толғаныс пен қуаныш қатар өрілген, жүрекке ерекше әсер қалдыратын айтулы күн – мектеп бітіруші түлектерге арналған салтанатты кеш өтілді. Бұл – мектеп қабырғасынан түлеп ұшқалы тұрған түлектер үшін естен кетпес, тарихи күн.

Салтанатты жиын барысында түлектер ұстаздарына және ата-аналарына алғыс білдіріп, мектеппен қоштасудың әсерлі сәттерін бастан өткерді. Шара барысында жылы лебіздер айтылып, жүрекке жол тартқан тілектер мен естеліктер ортаға салынды.

Мектеп – тек білім мен тәрбие беретін оқу орны ғана емес, өмірлік бағыт-бағдар сілтеген қасиетті шаңырақ. Осы қасиетті ордадан түлеп ұшқан әрбір жас – еліміздің ертеңгі үміті, жарқын болашағы.

Түлектерге алда үлкен өмір жолы ашылып отыр. Оларға толағай табыстар, биік белестер мен сәттілік тілейміз!

<https://www.facebook.com/share/v/1B6RJM0G4D/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің «Балдаурен» жазғы тынығу лагерінде «Кітап — асыл қазына» атты танымдық сабақ өтті.

Іс-шара 1–5 сынып оқушыларының қатысуымен ұйымдастырылып, оның барысында балалар қазақ әдебиетінің көрнекті ақын-жазушыларының өмірімен, олардың нақыл сөздерімен және шығармаларымен танысты.

Сабақтың басты мақсаты — оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызын түсіндіру. Ұлы ақын Абай Құнанбайұлының: «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деген дана сөзін басшылыққа ала отырып, кітаптың — үнсіз, бірақ ең сенімді тәрбие құралы екенін ұғындыру.

Сондай-ақ бұл шара арқылы балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, бос уақыттарын тиімді өткізуге бағыт беру көзделді. Кітап оқу – тек білім алу құралы ғана емес, сонымен қатар баланың рухани өсуіне, ой-өрісінің дамуына ықпал ететін маңызды процесс екенін сезіндіру мақсат етілді.

<https://www.facebook.com/share/p/14F3PHfMDR9/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде оқушылардың өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында «Қауіпсіз аула» және «Қауіпсіз маршрут» акциялары ұйымдастырылды.

Бұл іс-шаралар балалардың мектеп аумағында және мектепке келу-кету жолдарында қауіпсіз жүріп-тұруын қамтамасыз етуге бағытталды. Акция барысында оқушыларға жол жүру ережелері түсіндіріліп, қауіпсіздік ережелерін сақтау маңыздылығы жайлы әңгімелер өткізілді. Сонымен қатар, мектеп ауласындағы қауіпсіздік шаралары қатаң тексеріліп, тиісті белгілер мен ескертпелер орнатылды.

Мақсат – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ете отырып, оларды сақтыққа, жауапкершілікке, тәртіпке баулу. Бұл акциялар оқушылардың күнделікті өмірінде қауіпсіз жүріс-тұрысты әдетке айналдыруына ықпал етеді.

<https://www.facebook.com/share/p/14KRNsK8aG7/>

1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күніне орай №12 кітапхана «Жазғы кітапхана» бағдарламасы аясында мерекелік кеш өткізді.

Шараға мектебіміздің бастауыш сынып мұғалімі Нұрманова Л. жетекшілігімен құрылған “Кітапқұмарлар” тобының мүшелері Үмбетай Нұрислам, Талғатұлы Заңғар, Дәйрабай Айша, Икрамша Үміт, Төлеміс Айзере, Бахуадин Алиби қатысып, өз өнерлерін көрсетті.

Шара барысында оқушылар «Балалар бұрышында» өздеріне арнайы ұйымдастырылған кітап көрмесіне қойылған балаларға арналған классик жазушылардың туындылары, халық ауыз әдебиетінің озық үлгілері, балалар энциклопедиясы және бүлдіршіндерге арналған ертегі кітаптармен танысты.

Жас оқырмандарды мерекемен құттықтауға «Respublica» партиясының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Сейтжанов Дәурен Мұзарапұлы келіп, балаларға өз тарапынан тәттілер мен балмұздақ таратты.

Өнер көрсеткен жас оқырмандар Қалалық орталықтандырылған кітапханалар жүйесі директорының Алғыс хатымен марапатталды. Мерекеде шаттыққа бөленген балалар ризашылықтары мен алғыстарын білдіріп, көңіл-күйлері көтеріңкі болып қайтты.

<https://www.facebook.com/share/v/1aPTiUmxti/>

«Балдәурен» тынығу лагерінің ашылу салтанаты

26 мамыр күні Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебі жанынан құрылған «Балдәурен» жазғы тынығу лагерінің салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың жазғы демалысын мазмұнды әрі тиімді өткізу, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасау және балаларға қызықты,

пайдалы уақыт сыйлау болды.

Салтанатты шарада лагерь директрры Н.Жұқашов құттықтау сөз сөйлеп, барлық қатысушыларға жарқын көңіл күй мен жемісті демалыс тіледі.

Ашылу барысында оқушылар ән салып, би билеп, шағын театрландырылған көріністер қойып, өз өнерлерін ортаға салды. Жас өнерпаздардың әсерлі өнері көрермендердің ыстық ықыласына бөленді.

Сонымен қатар, лагерьдің тәрбиешілері мен жетекшілері таныстырылып, лагерьдің күн тәртібі мен жоспарланған іс-шаралар жайлы толық ақпарат берілді.

Салтанатты жиынға оқушылар, ата-аналар, мектеп мұғалімдері мен арнайы шақырылған қонақтар қатысты. Шара жоғары деңгейде ұйымдастырылып, шаттыққа толы көңіл күймен есте қалды.

Балалар жазғы маусымды көтеріңкі көңілмен бастап, алдағы күндерге ерекше ықыласпен қадам басты.

<https://www.facebook.com/share/p/17aVpxWpyS/>

Бүгін мектебіміздің жанынан ашылған "Балдаурен" тынығу лагерінде "Дарын" және "Жалын" топтарына "Me in 10 years" тақырыбында ағылшын тілі пәні үйірме жетекшісі Нұрлан Сағыныш сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты – оқушылардың болашақтағы өз бейнелерін нақтырақ елестетуге, оларды ағылшын тілінде толық сөйлемдермен жеткізуге және өз ойларын шығармашылық жолмен таныстыруға мүмкіндік беру.

Сабақ барысында оқушылар алдымен жеке жұмыс істеп, болашақтағы армандары мен жоспарларын қағаз бетіне түсірді. Содан кейін жұптық және топтық жұмыстарда өз ойларымен бөлісіп, бір-біріне сұрақ қойып, жауап берді. Сабақтың ең қызықты бөлігі ретінде оқушылар плакатқа түрлі суреттерді жабыстырып, астына өз атын және болғысы келетін мамандық түрін ағылшын тілінде жазып, сыныптастарға оқып берді. Сабақ соңында оқушылар өз ойларын сыныптастарымен бөлісіп, бір-бірін тыңдады.

Сабақ қызықты өтті және оқушылардың сөздік қоры мен сөйлеу дағдыларын дамытуға ықпал етілді.

<https://www.facebook.com/share/v/1D76jka8cU/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінің «Балдаурен» жазғы тынығу лагерінің оқушылары кітап көрмесіне саяхат жасады

Жазғы демалыс лагері аясында 1–5 сынып оқушылары №18 қалалық кітапханаға барып, «Кітап көрмесімен танысу» атты танымдық шараға қатысты.

Іс-шараның мақсаты – оқушыларды кітап оқуға баулу, олардың оқуға деген қызығушылығын арттыру, әдебиетке деген сүйіспеншілігін ояту. Көрмеге қазақтың көрнекті зиялыларының еңбектері, ұлттық салт-дәстүрлер жайлы тарихи әдебиеттер және әлемдік классиктердің шығармалары қойылды.

Оқушылар кітапхана ішін аралап, өздеріне ұнаған кітаптармен танысып, оларды қызыға оқыды. Бұл саяхат балалардың кітапқа деген ынтасын арттырып, рухани дамуына оң әсер етті.

<https://www.facebook.com/share/p/1CR3Cb5EsC/>

«Балдаурен» жазғы лагерінде эмоцияларды тануға арналған танымдық шара өтті. «Балдаурен» жазғы тынығу лагерінде демалып жатқан балаларға арнап танымдық-тәрбиелік бағыттағы қызықты шара ұйымдастырылды. Іс-шараның басты мақсаты – оқушылардың эмоцияларды тану мен басқару дағдыларын дамыту, өзін-өзі тануға және ішкі әлемін түсінуге бағыттау болды.

Аталмыш шара аясында лагерьдің акт залында балаларға «Головоломка 2» (Inside Out 2) атты тәрбиелік мәні зор анимациялық мультфильм көрсетілді. Мультфильмде адамның ішкі сезімдері, түрлі психологиялық күй кешулері мен достық, сенім, өз-өзін қабылдау секілді маңызды ұғымдар көркем түрде бейнеленген. Бұл туынды балалардың эмоцияларды дұрыс танып, оларды түсінуге және басқаруға мүмкіндік берді.

Шараға барлық топтар белсенді қатысып, мультфильмнен ерекше әсер алды.

Көрсетілімнен кейін тәрбиешілер мен лагерь қызметкерлері түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, балалар өз ой-пікірлерімен бөлісті. Шара тәрбиелік мәні жоғары, мазмұнды әрі

қызықты форматта өтті.

<https://www.facebook.com/share/p/17JZF2Bre8/>

Мектеп жанындағы тынығу лагеріндегі оқушыларға құқықтық түсіндірме сұқбаттары және балалардың қауіпсіздігі бойынша іс-шара өткізілді

Мектеп жанындағы тынығу лагері аясында оқушыларға арнап құқықтық түсіндірме сұқбаттары және қауіпсіздік шаралары бойынша арнайы іс-шара өткізілді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамда орын алуы мүмкін келеңсіз жағдайлардың алдын алу болды.

Балалармен ашық форматта әңгімелесу, сұрақ-жауап, ситуациялық жағдаяттарды талдау, бейнероликтер көру арқылы құқықтық тақырыптар түсіндірілді. Сонымен қатар, «Балалар құқығы туралы конвенция», ҚР Конституциясындағы бала құқықтары мен міндеттері жөнінде мәлімет берілді.

Балаларға интернеттегі қауіпсіздік, бөгде адамдармен сөйлесу кезіндегі сақтық шаралары, буллингтің алдын алу, төтенше жағдайдағы іс-әрекеттер туралы нақты мысалдар келтіріліп, өмірмен байланысты практикалық кеңестер ұсынылды.

Бұл іс-шара балалардың құқықтық білімін тереңдетіп қана қоймай, олардың күнделікті өмірде қауіпсіз жүріп-тұруына жол ашты.

<https://www.facebook.com/share/p/1Ga5xvMBUp/>

Бала еңбегін қорғауға арналған 12 күн

2025 жылдың 1–12 маусым аралығында мектебімізде «Бала еңбегін қорғауға арналған 12 күн» Ұлттық ақпараттық науқаны «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!» ұранымен өтті.

Науқанның негізгі мақсаты – балалардың еңбектік құқықтарын қорғау, оларды заңсыз еңбекке тартудың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтан сақтандыру, сондай-ақ ата-аналар мен жұмыс берушілер арасында бала құқықтары туралы құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

<https://www.facebook.com/share/p/14FNtSrJ5VY/>

2025 жылдың 1–12 маусым аралығында мектебімізде «Бала еңбегін қорғауға арналған 12 күн» ұлттық ақпараттық науқаны «Бала еңбегін пайдалануға жол жоқ!» ұранымен өткізілді.

Науқанның басты мақсаты – балалардың еңбектік құқықтарын қорғау, олардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіретін заңсыз еңбек түрлеріне тартылуына жол бермеу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, сонымен қатар ата-аналар мен жұмыс берушілер арасында бала еңбегі мен құқықтары жөнінде құқықтық сауаттылықты арттыру.

Мұндай ақпараттық науқан балалардың қауіпсіз әрі заңды ортада өсіп-жетілуіне жағдай жасауға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/p/1KBKp4E4yV/>

Балалардың қауіпсіздігі – басты назарда!

Жаз мезгілінде су аймақтарында орын алатын қайғылы жағдайлардың алдын алу мақсатында мектеп әкімшілігі мен жауапты мамандар бірлесе отырып, Сталин каналы, КБИ мөлтек ауданы және Байтерек аумағындағы көпір тұсында кезекшілік ұйымдастырды.

Бұл іс-шараның мақсаты – балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және суға түсу кезінде орын алуы мүмкін қауіптер туралы ескерту.

Құрметті ата-аналар!

Өз балаңыздың өмірі мен амандығы – сіздің тікелей жауапкершілігіңізде.

Балаларыңызды қараусыз қалдырмаңыздар және су аймақтарына өз бетімен жібермеңіздер!

Алдын алу – қауіпсіздіктің негізі!

Бұл шаралар Қалалық білім бөлімінің әдіскері Мурзалиева Арай, мектеп әкімшілігі және жауапты мамандардың бірлескен ұйымдастыруымен жүзеге асырылды.

<https://www.facebook.com/share/p/1FcPPvXn57/>

Әбу Құдабаев атындағы №197 қазақ орта мектебінде оқушыларға білім берумен қатар, олардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту бағытында үйірме жұмыстарына ерекше мән беріледі.

Үйірмелер – оқушылардың қызығушылықтарын арттырып, өнер мен еңбекке баулудың маңызды құралы. Жыл бойы үйірме сабақтарымен қатар тақырыптық іс-шаралар, танымдық кештер мен шығармашылық кездесулер өткізіліп, оқушылардың тұлғалық дамуына жағдай жасалады.

Бұл жұмыстар балалардың өнерге деген ынтасын оятып, алғашқы қадамдарын батыл жасауға, өз қабілеттерін сеніммен көрсетуге ықпал етеді. Заманауи талаптарға сай жан-жақты дамыған тұлға тәрбиелеу жолында мектеп педагогтері бос уақытты тиімді әрі мазмұнды ұйымдастыруға күш салып келеді. Үйірме сабақтарында оқушылар спорттық ойындар ережелерін меңгеріп, тоқыма бұйымдарын жасау, сурет салу, қолданбалы өнермен айналысу сияқты бағыттар бойынша шеберліктерін шыңдауда. Үйірме жұмыстары — балалардың танымдық қабілеттерін дамытуға, еңбекқорлыққа тәрбиелеуге, шығармашылық ой-өрісін кеңейтуге жол ашатын маңызды тәрбиелік орта болып табылады.

<https://www.facebook.com/share/v/19fnSH3zqU/>

БАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНА - 180 ЖЫЛ! Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына орай өткізіліп жатқан “Абай ілімі-Адал азамат айнасы” “Толық адам” іліміне негізделген республикалық челленджіне мектебіміздің мұғалімдері белсенді түрде қатысып, ұлы ойшылдың даналық сөздерін насихаттауда. Абай мұрасы – әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталатын асыл қазына. Бұл челлендж арқылы ұстаздарымыз жас ұрпаққа адалдық, білім, рухани байлық жолын үлгі етуде.

<https://www.facebook.com/share/v/1WdAXqCfWt/>

2025-2026 оқу жылы Мектепке жол» – балаларға қуаныш сыйлайтын игі шара

Жыл сайын 1 тамыздан бастау алатын дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясы – жаңа оқу жылы қарсаңында оқушыларға қуаныш сыйлап, олардың сапалы білім алуына қолдау көрсететін маңызды бастама.

Бүгін Әбу Құдабаев атындағы №197 орта мектебінде аталған акция аясында игі іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шара барысында ТОО “Сәт сервис” ұжымы мектеп оқушыларына қажетті оқу құралдарын сыйға тартты. Мектеп ұжымы атынан «Мектепке жол» акциясына атсалысып, балаларға қуаныш сыйлаған демеушілерге – ТОО “Сәт сервис” ұжымына үлкен алғысымызды білдіреміз!

<https://www.facebook.com/share/p/1DQZrsJq4G/>

"Жолда жүру ережелері" міндетті оқу курсына іске асыру бойынша 2022-2023 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 2-қосымша негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2- тарау §1 25 тармақ басшылыққа алынып, 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 35- тармақ бойынша "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2023-2024 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы негізінде "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 2- тарау §1 25 тармақ басшылыққа алынып

1-4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 35- тармақ бойынша "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8 сыныптарда 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

2024-2025 оқу жылында «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 2-қосымша негізінде 2-тарау §1 26 -тармақ бойынша "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамыздағы № 348 бұйрығы 3-қосымша негізінде 2-тарау §1 38 -тармақ бойынша «Жол қозғалыс ережелері» 5-8 сыныптарда 10 сағаттан берілді. Сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылды.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымындағы оқушылар жайлы мәлімет
«Жас Ұлан» ұйымына қабылданған білім алушылар

2022-2023 оқу жылы – 50, 2023-2024 оқу жылы – 50, 2024-2025 оқу жылы – 50;

«Жас қыран»

2022-2023 оқу жылы – 30, 2023-2024 оқу жылы – 30, 2024-2025 оқу жылы – 35

Талдауға мынадай өлшемдер алынды:

1. Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі.
2. Өткен оқу жылдарындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп.

3. Тәрбие жұмыстарының бағыттары бойынша орындалу көрсеткіші.

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің педагогикалық мүмкіндігі

әрбие жұмыстарының бағыттары

Тәрбие беру субъектілері

Р / с	Оқу жылы	Сын ып жете кшісі	Ая жа нда р	АӘТ Д мұға лімі	Кіта пхан а	Пед аго г	П си хо ло г	Әлеу метті к педа гог	Тә лі мг ер
1	2022-2023	40	2	1	2	0	2	1	1
2	2023-2024	40	2	1	2	1	2	1	1
3	2024-2025	40	2	1	2		2	1	1

Тәрбие беру бағыттарының атауы мен реті Орындалу көрсеткіші %

- 1) Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие 100%
- 2) Рухани-адамгершілік тәрбие 100%
- 3) Ұлттық тәрбие 100%
- 4) Отбасы тәрбиесі 100%
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие 100%
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие 100%
- 7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі 100%
- 8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты 100%

9) Жеке оқушылармен жұмыс 80%

10) Ата-аналармен жұмыс 90%

11) Каникул уақытында оқушылардың бос уақытын тиімді 80% ұйымдастыруға бағытталған іс – шаралар 82%

2022-2023, 2023-2024, 2024-2025 оқу жылдарындағы атқарылған тәрбиелік шаралардың мазмұнына талдау-есеп.

2022-2023 оқу жылы-80%, 2023-2024 оқу жылы-85% 2024-2025 оқу жылы- 50%.

Тәрбие бағыттары бойынша жүргізілген құндылықтарға бағытталған жобалардың үлесі жайлы мәлімет:2022-2023 оқу жылы- 42%,2023-2024 оқу жылы-55%,2024-2025 оқу жылы-67 % .

Тәрбие сағаттары сапасының орта көрсеткіші (5 балдық бағалау):

2022-2023 оқу жылы- 4,2%, 2023-2024 оқу жылы-4,4%,2024-2025оқу жылы - 4,8 %.

Мектепте жүзеге асырылып жатқан тәрбие жобалары

2022-2023 оқу жылы, 2023-2024 оқу жылы, 2024-2025 оқу жылы

«Орданың озат оқушылары» дебат жобасы

«Балалар және театр» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару орталығы

«Орданың озат оқушылары» дебат жобасы

«Балалар және театр» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару орталығы

«Орданың озат оқушылары» дебат жобасы

«Балалар және театр» жобасы

«Оқуға құштар мектеп» жобасы

«Мектеп парламенті» өзін-өзі басқару орталығы

Қосымша білім беру жайлы мәлімет

Мектеп оқушыларының үйірме, секцияларға тартылу көрсеткіші (%-бен)

Оқу жылдары	Мектепшілік үйірмелер	Мектептен тыс үйірмелер
2022-2023 оқу жылы	412-30%	355-22%
2023-2024 оқу жылы	436-31%	389-28%
2024-2025 оқу жылы	518-36%	628-44%

Психологиялық қызмет жұмысы. 2024-2025 жыл

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігінің 25.08.2022 ж. «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» №377 бұйрығына (29.06.2023 ж. №186 өзг) және Облыстық білім басқармасының «Қызылорда қаласы бойынша білім бөлімі» КММ-нің «Орта білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» 12.09.2022 ж. №104-нқ бұйрығы негізінде көрсетілген педагог-психологтардың лауазымдық міндеттерін басшылыққа ала отырып, мектептегі психологиялық қызмет жұмысы бойынша 2024-2025 оқу жылдарына арналған жоспары жасалып, мектеп психологиялық қызмет психологиялық кеңес беру, психологиялық диагностика, ағартушылық –профилактикалық , түзету -дамытушылық және әлеуметтік деспечерлік бағытта жүзеге асыратын психологиялық қызмет бағыттары бойынша жұмыстар атқарылды.

2024-2025 оқу жылында психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар рұқсатын алу жұмыстары жүргізілді.

2024-2025 оқу жылына арналған педагог-психолог қызметі бойынша жылдық жоспар жасалынып тамыз айында ҚББ келісіліп және мектеп директоры бекітті.

Қыркүйек айында 7 сынып оқушыларынан темперамент — жүйке саласының тума қасиеттерін туындайтын адамның жеке-дара өзгешелігін зерттеу, темперамент типінің көрсеткішін анықтау мақсатында «Темперамент формуласы» тесті (А.Белов бойынша) әдістемесі алынып, қорытындысы жасалынды



Алынған сауалнама тақырыбы: «Социометрия» әдісі (Дж.Мороно)

Мақсаты: Сынып оқушыларының арасында лидер, шеттеп қалған оқушы және шағын топтарды анықтау.



ҰБТ-ке немесе мемлекеттік емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?»

тақырыбында 11 сынып оқушыларына өткізілген түзету- дамытушылық жұмыс жүргізілді.

Сабақтың өткізілу мерзімі: 17 қазан 2024 жыл

9 сынып оқушыларына 2024 жылдың 2 желтоқсан күні "Қауіпті орта: мен қалай сақтана аламын?" тақырыбында психологиялық сағат өткізілді.



Буллинг әлеуметтік желі арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау, ақша талап ету жайлы мағлұматтар беру, оқушылардың қарым-қатынасын білу, буллингтің алдын алу мақсатында 2024 жылдың 24 қазан күні 8-11 сынып оқушыларымен "Зорлық- зомбылықтың , буллингтің, кибербуллингтің және балаларға қатыгездікпен қараудың алдын-алу" тақырыбында кездесуге, кеңес беру мақсатында мамандармен кездесу ұйымдастырылды. Кездесуге Облыстық жастар денсаулық Орталығымен, №6 емхана мекеме басшылығына қатынас хат жолданып, маман келіп, оқушыларға түсіндірме жұмыстары мен кеңестер беріп, бейнебаян көрсетілді.



Буллинг әлеуметтік желі арқылы қорқыту, зорлық көрсету, психологиялық шабуыл жасау, түрлі суреттер сұрау, ақша талап ету жайлы мағлұматтар беру, оқушылардың қарым-қатынасын білу, буллингтің алдын алу мақсатында 9, 10 сынып оқушыларына «Буллинг дегеніміз не?» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.



Оқушылардың өмірдегі жағымды сәттерін еске алып, өз өмірлерін позитивті бағалауға үйрету. Оқушылардың өзара қарым-қатынасын жақсарту және өз-өздерін дұрыс бағалауға, өмірге деген оң көзқарасты қалыптастыруға көмек көрсету мақсатында "Менің өмірімдегі қызықты сәттер" тақырыбында 8, 10 сынып оқушыларына психологиялық сағат өткізілді.



Оқушыларға жеке және цифрлық қауіпсіздік ұғымдарын түсіндіру, қауіпсіздікке қатысты өз құқықтары мен міндеттерін білу қауіпсіздікпен байланысты мәселелерді шешудің тиімді стратегияларын үйрету мақсатында 10 сынып оқушылары арасында "Мен және менің қауіпсіздігім!" психологиялық сабақ өткізілді.



«Мен үшін ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.



17 қазан күні «ҰБТ-ке немесе мемлекеттік емтиханға қалай жақсы дайындалуға болады?» тақырыбында 11 сынып оқушыларына түзету- дамытушылық жұмыс жүргізілді.



Өз-өзіне деген жағымды (позитивті) қарым-қатынастың дамуы, рефлексия дамуы, оқушылардың сенімділік сезімінің көтерілуін қалыптастыру, дамыту мақсатында 11 «А» сынып оқушыларына «Мен өзімді мақтан етемін» тақырыбында 12 желтоқсан күні түзету- дамытушылық жұмыс жүргізілді. Тренинг барысында оқушылардың көңіл күйі жақсы болды. «Мен кімін», мен өткен, осы және келер шақтардамын, шеңбер бойындағы қошемет, «Сенен маған ұнайтыны...» тақырыптарында жаттығулар жасалынып, талдаулар жүргізілді.

2024- 2025 оқу жылының 19 желтоқсан күні 11 сынып оқушыларының арасында оқушылардың ҰБТ-ге дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, стрестен арылу жолдарын үйрету мақсатында «ҰБТ-те немесе мемлекеттік емтихандағы мінез-құлық» («іс-әрекет») тақырыбында шағын сабақ өткізілді..



2024 жылдың 28 қараша күні 11 сынып оқушылары арасында өзара жағымды қарым-қатынас орнату, басқаның қайғысы мен қуанышына орақтаса білуге, ҰБТ тапсыру кезінде эмоциясы мен мінез-құлқын меңгере білуге үйрету мақсатында «Эмоция және мінез-құлық» тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді.




«Буллинг және кибербуллингтің алдын алу» "Stop Bullying" 8-11 сынып оқушылары арасында.



8 сынып оқушылары арасында «Зиянды және жаман әдеттерсіз салауатты өмір сүру жолдары» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді.

Мақсаты: Оқушыларға зиянды әдеттердің (темекі шегу, алкоголь, нашақорлық, т.б.) денсаулыққа тигізетін зияны туралы түсіндіру және салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығын үйрету



«Жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алудағы психологиялық кеңес» тақырыбында 10 сынып оқушыларына 18.02. 2025 жылы ағартушылық жұмыс жүргізілді.



«Зиянды және жаман әдеттерсіз салауатты өмір сүруге болады?», «Ерте жүктіліктің алдын алу», ««Зорлық зомбылықтың, буллинг және кибербуллингтің және балаларға қатыгездікпен қараудың алдын алу» тақырыптары бойынша 8-11 сынып оқушыларына психологиялық сағат және Облыстық жастар денсаулық орталығымен бірлесіп, наурыз, сәуір айларынды саламамандарымен кездесу ұйымдастырылды.



2025 жылдың 18 наурыз күні 11 сынып оқушылары арасында мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау мақсатында «Мамандық таңдау – ең маңызды» тақырыбында тренинг өткізілді.



Оқушылардың ҰБТ – ге дайындық кезіндегі сенімділігін, мінез-құлық эмоциялық ерік сфера дағдысын психологиялық тұрғыда қалыптастыру, оқу-танымдық қабілеттерін арттыру, стрессмен арылу жолдарын үйрету мақсатында мамыр айында «Стресспен қалай күресуге болады?» тақырыбында 2025 жылдың 10 ақпан күні тренинг өткізілді.



18 ақпан күні 2025 жылы 10 сынып оқушылары арасында білім алушыларға зорлық - зомбылық туралы қысқаша ақпарат беру, адамның ең жаман қасиеттерінің бірі екенін айту және адамның құқықтарымен бас бостандықтарын қорғауы туралы қысқаша мағлұмат беру, пікір алмасу. Жаман әдеттерден бойларын аулақ ұстап, ондай әрекеттерге бармауға, адамгершілігі мол саналы азамат болып өсуіне ықпал жасау мақсатында «Жасөспірімдердің арасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуғағы психологиялық кеңес» тақырыбында ағартушылық жұмыс жүргізілді



Күйзеліске қарсы тұра алуға қалыптастыру, өзін-өзі реттеуін, өзін-өзі бақылау дағдысын, сенімділігін арттыру. Өзара қарым-қатынас дағдыларын, топтық өзара әрекеттесу әдістерін дамыту.

мақсатында «Агрессиясыз өмір сүру» тақырыбында 10,11 сынып оқушыларына 11 сәуір, 2025 жылы түзету-дамытушылық жұмыс жүргізілді..



Оқушылардың көңіл күйін көтеру, бір-бірімен қарым –қатынасын жақсарту тепе теңдікті сақтай білу, логикалық ойлауы, жылдамдық, қызығушылық, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында 9 сәуір күні 11 сынып оқушылары арасында «Көңілді үзіліс» психологиялық жаттығулар, ойындар ұйымдастырылды.



Оқушылардың көңіл күйін көтеру, бір-бірімен қарым –қатынасын жақсарту тепе теңдікті сақтай білу, логикалық ойлауы, жылдамдық, қызығушылық, есте сақтау қабілеттерін дамыту мақсатында 15.04.2025 жылы 11 сынып оқушыларына «Көңілді үзіліс» психологиялық жаттығулар, ойындар өткізілді.




2025 жылдың 20 мамыр күні 7 сынып оқушылары арасында қарым-қатынасты нығайту, жағымсыз көңіл-күйден арылу, күш-қуат жинау, өзін-өзі тану, құрметтеу, өзін еркін сезінуге көмектесу, жаңа ортаға бейімделуіне, қоғам арасында қарым-қатынасты қалыптастыруға, өз-өзін реттеу көмектесу мақсатында «Менде бәрі жақсы» тақырыбында тренинг өткізілді.

Тренинг барысында «Бір-біріңе», «Оның есесіне мен...», «Поезд», «Мен саған сенемін» жаттығулары жасалды.





2025 жылдың 21 мамыр күні 9 сынып оқушылары арасында мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушының кәсіби бағдарының табандылығын анықтау, психологиялық дайындығы мен қиындықтан шығу шеберлігін шыңдау мақсатында «Мен таңдаған мамандық» тақырыбында тренинг өткізілді.





ҰБТ тапсыратын оқушыларға қолдау көрсету үшін ата-аналары эмоциялық хат жазу арқылы ұл, қыздарына мотивация беру, көңіл күйлерін көтеру, артында сенімді тірегі ата-анасы бар екендігін ұғындыру. Балалардың білім алу жолында ата-ананың рөлі аса маңыздылығын ата-аналарға сезіндіру. «ҰБТ-ға дайындық барысында ата-ананың рөлі қандай?» сұрағына ата-ананың жауап іздеуіне ықпал ету мақсатында 2025 жылдың 5 мамыр күні 11 сынып оқушыларына «Саған хат келді!» тақырыбында жұмыс жүргізілді.



Кеңес беру, сауалнама алу барысынан көрініс:



Білім алушыларға медициналық қызмет көрсету туралы мәліметтер

Мектепте білім алушыларға алғашқы медициналық көмек және дәрігерге дейінгі көмек көрсетіледі. Екі бөлмеден (процедурлық кабинет, құжаттама жүргізу) тұратын медициналық пункт. Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «№6 қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнынан лицензия №17021862 берілген, қосымшаның берілген күні 28.12.2017 берілген.



Медбикелер мектеп ғимаратының және оқушылардың тазалығын тоқсанына 1 рет бақылайды. Бақылау нәтижесі анықтама түрінде мектеп әкімшілігіне беріледі. Оқушылардың профилактикалық тексеруден өтуі жоспарланып, зерделеніп, қорытындыланды. Қорытынды мектеп әкімшілігіне берілді. Анықталған аурулар диспансерлік есепке алынып, оқушылармен сауықтыру шаралары жүргізілді. Арнайы топ балалары бақылауда болды. Бақылау арнайы журналға тіркелді. 1-сынып оқушыларына профилактикалық егу жұмысын ұйымдастырды.

№	Медициналық сараптама қорытындысы бойынша анықталған ауру атаулары	2024ж
1	Проофилактикалық тексеруге жоспарланған бала саны	922
2	Тексеру барысында анықталған аурулар	692
3	Анықталған аурулар түрлері	
	3.1 Анемия	248
	3.2 Миопия	110
	3.3 Кариес	584
	3.4 РОП ЦНС	2
	3.5 Варикоцеле	-
	3.6 Отит	1
	3.7 Тонзиллит	
	3.8 Зоб	-
	3.9 ЗППР	4
	3.10 Сколиоз	-
	3.11 ДЖВП (өт ауруы)	114
	3.12 Бронх демікпесі	-
	3.13 Семіздік	-

3.14	ВПС	-
3.15	Пиелонефрит	-
3.16	Салмақ жетіспеушілік	-
3.17	Гастрит	-
3.18	Диф.гр.клетки	-
3.19	Аллерг.дерматит	-
3.20	Геникомастия	-
Барлығы		692

2024-2025 оқу жылы

Мектеп- кітапханасымен жүргізілген жұмыс.

Мектеп- кітапханасының көлемі -100 м² құрайды. Кітапхана заман талабына сай жиһаздармен жабдықталған.

№	Жұмыс түрі	2024-2025
1	Кітап қоры	40371
2	Әдеби кітаптар	6037
3	Оқулық	33744
4	Әдістемелік	355
4	Электронды кітаптар	235
№	Кітапханада жүргізілген жұмыстар	2024-2025
1	Оқырмандар конференциясы	1
2	Әдеби тақырыптық кештер	8
3	Ертеңгіліктер	3
4	Саяхат сабақ	3
5	Тақырыптық кітап көрмесі	7
6	Буктрейлер	1
7	Кездесу кештері	1

ҚОРЫТЫНДЫ:

«Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқаулық хатына сәйкес, мектепті тәрбие жүйесінде білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін қамтитын 12 жоба арқылы сабақтан тыс іс-әрекеттері түрлі нысанда ұйымдастырылған.

4. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі)

Бағалау нәтижесі::

2022-2023 оқу жылында бейіндік оқытуды іске асыру кезінде оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейлерін оқыту мектеп сыныптарына арналған (төмендетілген оқу жүктемесімен) төмендегі кестелер бойынша жүзеге асырылды:

	10А сыныбы	11А сыныбы	10Ә сыныбы	11Ә сыныбы
2022-2023 оқу жылы				
Элективті курс	Жаһандық	Жаһандық	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
Таңдау компоненті	Информатика	Информатика	Ағылшын Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Орыс тілі	Ағылшын Қазақ тілі Қазақ әдебиеті Орыс тілі

2023-2024 оқу жылында

10А сыныбы	11 А сыныбы	10Ә сыныбы	10Б сыныбы	11Ә сыныбы
Вариативті компонент				
Қазақ тілі	География	Биология	Қазақ әдебиеті	Қазақ әдебиеті
Физика	Биология	География	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	География
Химия	Қазақ тілі	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	Химия	Химия

2023-2024 оқу жылында вариативті компоненттен 1 сағаттан 3 пән оқытылды

2024-2025 оқу жылында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән, стандартты деңгейде 1 сағаттан 2 пән оқытылды

10 А	10Ә	11А	10Б	11Ә	11Б
Тереңдетілген деңгей					
Физика	Химия	Биология	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы	Дүниежүзі тарихы
География	Биология	География	География	Құқық негіздері	География
Стандартты деңгей					
Дүниежүзі тарихы	Графика және жобалау	Дүниежүзі тарихы	Физика	Физика	Физика
Графика және жобалау	Құқық негіздері	Құқық негіздері	Биология	Химия	Биология
Таңдау (вариативті компоненті)					
Биология	Физика	Физика	Химия	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері	Химия
Биология	Физика	География	Құқық негіздері	Биология	Кәсіпкерлік және бизнес негіздері
Химия	География	Қазақ тілі	Қазақ тілі	География	Қазақ әдебиеті
Элективті курстар					

2024-2025 оқу жылында тереңдетілген деңгейде 3 сағаттан 2 пән, стандартты деңгейде 1 сағаттан 2 пән оқытылды, вариативті компонент бойынша 1 немесе 2 сағаттан 3 сағат, элективті курс ЖМБ-на 1 сағаттан берілген.

ҚОРЫТЫНДЫ: Талаптарға сәйкес келеді.

5. Білім алушылардың ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, оқу процесін ұйымдастыру

Бағалау нәтижесі:

Білім салалары және оқу пәндері, апталық оқу жүктемесі немесе сыныптар бойынша аптадағы сағат саны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген білім беру деңгейлері бойынша Үлгілік оқу жоспарымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Үйде оқытылатын балаларды жалпы білім беру мектебінің оқу бағдарламасымен оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» қолданылады

2022-2023 оқу жылында

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылды. Үйде жеке тегін оқытуға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қызметі туралы ережені бекіту туралы» ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі №ҚРДСМ-34 бұйрығына сәйкес үйде оқыту мерзімі көрсетілген баланың денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы негіз және ата-ана өтініші болып табылады. Үйде оқыту мерзімі баланың сырқатына байланысты дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысында көрсетілді. Сондықтан әр оқушыны оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары қарастырылды.

2022-2023 оқу жылы бойынша ерекше білімді қажет ететін 8+1 уақытша оқушы 2ай оқыды.

- 9 «В» сынып оқушысы Алдоңғар Жібек 12.04.2008 ж туылған. Тірек қимыл аппаратының бұзылысы интелектісінің бұзылысы (жеңіл түрі). Көру қабілетінің бұзылысы. Жалпы сөйлеу тілі дамуының III деңгейі. Дизартрия. (10 сағат) *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 9 «Б» сынып оқушысы Серікбай Қуандық 02.10.2007 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (19 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 9 «Б» сынып оқушысы Дастанбекқызы Аружан 09.10.2007 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (19 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 6 «А» сынып оқушысы Амангелдиев Нұрдәулет 24.08.2010 ж туылған. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы. (15 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 2 «Ә» сынып оқушысы Қанжарбек Қасиет 29.04.2015ж туылған. Тірек қимыл аппаратының бұзылысы. Психикалық дамуының тежелуі. I деңгейдегі жалпы сөйлеу тілі дамымауы. Дизартрия. (8 сағат)*арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 2 «В» сынып оқушысы ИсаханАйсара16.09.2015 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (14 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 2 «В» сынып оқушысы Марат Перизат03.11.2014 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. Психикалық дамуының тежелуі. Жалпысөйлеу тілі дамымауының II деңгейі. (14 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 1 «А» сынып оқушысы Жұмаберген Тайжан 14.07.2016 ж туылған. Соматикалық

бұзылыстар.Психикалық дамуының тежелуі.Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының II-III деңгейі). Оқу қызметінің қалыптасу қиындығы. (12,5 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*

- 1 «Б» сынып оқушысы Сламхан Дінмұхаммед 03.07.2015 ж туылған. Психикалық дамуының тежелуі. Сөйлеу тілінің бұзылысыбұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі).Соматикалық бұзылыстар. (12,5 сағат) *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 6 «Ә» сынып оқушысы Мадетай Нұрислам 13.04.2011 ж туылған. (уақытша 1 ай) S90 Ушиб голеностопного сустава. Ушиб коленного сустава слева. Перелом надколенника слева. (15 сағат) *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 5 «Ә» сынып оқушысы Базарбаева Бегімай 29.12.2011ж туылған. (уақытша 2 а) Тірек қимыл аппаратының бұзылысы. (15 сағат) *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 10 «Ә» сынып оқушысы Қоңырбай Мұхамедәли 09.04.2007 ж туылған. (уақытша 2 ай) Тірек қимыл аппаратының бұзылысы. Жалпы мектеп бағдарламасы. (19 сағат) *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*

2023-2024 оқу жылында

Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылды, әр оқушыны оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары қарастырылды.

- 3 «Ә» сынып оқушысы Қанжарбек Қасиет 29.04.2015 ж туылған. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы. Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. (8 сағат) *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды. №686 18.08.2023 ж.*
- 3 «В» сынып оқушысы ИсаханАйсара16.09.2015 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (14 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 3 «В» сынып оқушысы Марат Перизат03.11.2014 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. Психикалық дамуының тежелуі. Оқу қызметінің бұзылуы. (14 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 2 «А» сынып оқушысы Жұмаберген Тайжан 14.07.2016 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар.Психикалық дамуының тежелуі.Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының II-III деңгейі). Оқу қызметінің қалыптасу қиындығы. (14 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 8 «А» сынып оқушысы Ғаниұлы Ерзат 19.07.2010ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (18 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары*

дайындалды

- 8 «А» сынып оқушысы Амангелдиев Нұрдәулет 24.08.2010 ж туылған. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы. (18 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 10 «Ә» сынып оқушысы Серікбай Қуандық Маратұлы 02.10.2007 ж туылған. Соматикалықбұзылыстар. (19 сағат), *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 1 «Ә» сынып оқушысы Сламхан Айбар 19.08.2016ж туылған. Мінез-құлықтың бұзылысымен қатар жүретін зерде бұзылысының жеңіл түрі. Сөйлеу тілінің бұзылысы (сөйлеу тілінің жалпы дамымауының I деңгейі.). (8 сағат), *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды*

2024-2025 оқу жылында

- 1 «В» сынып оқушысы Сабыржан Альтаир 07.08.2017 ж туылған. Тірек қозғалыс аппаратының бұзылысы. Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеутілінің бұзылысы. Көруқа білетінің бұзылы. 8 сағат *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 1 «В» сынып оқушысы Мешітбай Ерсұлтан06.12.2017 ж туылған. Тірек қозғалыс аппаратының бұзылысы. Орташа түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеутілініңбұзылысы. 8 сағат *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 2 «Ә» сынып оқушысы Сламхан Айбар19.08.2016 ж туылған. Жеңіл түрдегі зиятының бұзылуы. Сөйлеу тілінің бұзылысы. 8 сағат *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 3 «А» сынып оқушысы Жұмаберген Тайжан14.07.2016 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. Психикалық дамуының тежелуі. 14 сағат *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 2 «Ә» сынып оқушысы Қанжарбек Қасиет 29.04.2015 ж туылған. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы. Жеңіл түрдегі зияттың бұзылуы. Сөйлеутілініңбұзылысы. 8 сағат *арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.*
- 8 «А» сынып оқушысы Амангелдиев Нұрдәулет24.08.2010 ж туылған. Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы. 18 сағат *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 11 «Б» сынып оқушысы Серікбай Қуандық Маратұлы02.10.2007 ж туылған. Соматикалықбұзылыстар. 19 сағат *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды*
- 4 «В» сынып оқушысы Марат Перизат 03.11.2014 ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. 14 сағат *жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды.*
- 4 «В» сынып оқушысы Ғалымұлы Нұрислам 13.07.2014 ж туылған. Жеңіл

түрдегі зиятының бұзылуы. Мінез – құлықтың бұзылуы. 8 сағат арнайы бағдарламамен оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары жасалды.

- 4 «В» сынып оқушысы Исахан Айсара 16.09.2015ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. 14 сағат жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды

- 9 «А» сынып оқушысы Ғаниұлы Ерзат 19.07.2010ж туылған. Соматикалық бұзылыстар. (19 сағат), жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды

- 11 «Ә» сынып оқушысы Кәжібек Әділет (уақытша үйден оқыту 1ай) 09.07.2009ж туылған. Перелом костей плечевых. Закрытый перелом У плечевых кости левый стопы без смещения. 18 сағат жалпы білім бағдарламасын жеке оқу жоспарымен жеңілдетіп, қысқартылған түрде оқыту үшін жеке жұмыстық оқу жоспары дайындалды

Үйден оқытылатын оқушылар үшін сабақтың ұзақтығы 40 минут. Қажет болған жағдайда баланың жағдайын есепке ала отырып, сабақтар үзілуі мүмкін. Жеке оқу жұмыс жоспарын орындауда ата – ананың (немесе заңды өкілдердің) және дәрігердің келісімімен мектептегі кейбір сабақтарға тікелей және онлайн қатысуға рұқсат етіледі. Әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру, балалар ұжымында өзін жайлы сезіну, әлеуметтік мәртебесін көтеру мақсатында мектептің іс -шараларына және қосымша білім беруге қатысуы жүзеге асуда

ҚОРЫТЫНДЫ: Денсаулық жағдайына байланысты ұзақ уақыт бойы орта білім беру ұйымдарына бара алмайтын балалар үшін үйде жеке тегін оқыту қарастырылған, әр оқушыны оқыту үшін әрбір білім алушыға бөлек, оның жеке және психофизикалық ерекшеліктерін есепке ала отырып жеке жұмыстық оқу жоспары жасалған.

6. Таңдау курстарын және вариативті компоненттегі факультативтерді ҮОЖ сәйкес жүзеге асыру

Бағалау нәтижесі:

Осы өлшемшарт бойынша талдау үшін ұсынылған құжаттарды зерделеу кезеңінде, 2021-2022, 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдарына арналған білім беру ұйымының басшысының бұйрығымен бекітілген қосымша сабақтар кестелері ұсынылған.

